1985 жылы наурызда М.С.Горбачевтің билік басына келуі елді модернизациялау жөніндегі міндеттерді жүзеге асырудың басы болды. СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір Пленумы барлық салаларды түбірімен қайта құру жолымен кеңес қоғамын жаңғырту бағыттарын белгіледі. Ел басшылығы жүргізген талдау жұмыстары кеңес мемлекетінің қоғамдық-саяси өміріндегі экономикалық, әлеуметтік және рухани проблемаларды шешуде түбірлі жаңа амалдар қажеттігі жөніндегі ойларға жетеледі.

Бұл мәселелер жөнінде «Правда» газеті өз басмақаласында он екінші бесжылдықтың өн бойында және 2000 жылға қарай «осы жылдарға дейін жинақталған көлемде тең өндірістік потенциал жасау қажет, ал ұлттық табыс екі есеге жуық өсуі тиіс» деп жазды [1].

Тоқырау процестерінің одан әрі өсе түсуінің қаншалықты зардаптары болатынын жақсы түсінген идеология қызметкерлерінің отряды, журналистер, халықтың едәуір бөлігі қоғамдық өмірді қайта құруға бағытталған шақыруларды қызу қолдады. Сонымен бірге тоқырау кезеңінің көрінісі ретінде талқылауға ұшыраған келеңсіз процестер осы

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

идеологиялық қызметкерлер отряды жауынгерлерінің бойына бұдан көп ілгері, қоғам дамуының сонау жеке басқа табынудың алғашқы қадамдарынан бастап, бюрократизм, волюнтаризм, субъективизм кең жайылған кезеңдер аралығында сіңіп кеткен болатын.

Қайта құрудың алғашқы кезеңінде дімкәс қоғамның кеселдері нақты айқындалып, оны таратушыларды анықтауға әрекет жасалды. Сол тұста айқындалғандай, бұқара санасын коммунистік идеологиямен улап келгендердің алғы шебінде журналистер де жүрген болып шықты. Кейіннен қоғам дамуына кедергі келтіріп отырған осы кеселді құбылыстарды ой елегінен өткізіп, таразылау арқылы «жаңаша ойлау» деген тіркес пайда болды. Қайта құрудың бастапқы кезеңінде саяси-әлеуметтік ортадағы алғашқы өзгерістер ескі тәсілдермен жүргізілді: газет беттерінде тағы да сол жаттанды догматизмге негізделген ұрандар мен шақырулар атойлады. Мысалы, сондай жаттанды әдістің бірі ретінде идеологиялық практикада баяғы 20-жылдары-ақ берік орын алған «ішкі жау» жөніндегі ұғым-түсініктің қайтадан бас көтергенін алуға болады. Осылайша, «қайта құру қарсыластары» аталған топтар бас көтеріп, бітіспес идеологиялық майдан басталды. Газет-журналдар беттері бір-бірімен кереғар идеялар сайысы алаңына айналды. Жетпіс жылға жуық уақыт бойы өңін әртүрлі формада өзгертіп, дамып келген кеңестік жүйенің бір-бірімен сабақтасып жатқан сталиндік, хрущевтік, брежневтік догматизмдері жан тәсілім алдындағы соңғы тыныстарын алып жатты. Осы тұста идеялар қақтығысы күшіне міне бастады да, олардың арасында бітіспес күрес жүріп жатты.

Республикалық ұлттық газеттердің тігінділерін ақтарып отырсаңыз, олардың бағыт-бағдарының түбірлі өзгерістерге ұшырағанын аңғару қиын емес. Материалдарда тоқырау жылдарындағы керенаулық, бірсарындылық жоқ, өзекті мәселелер кесек-кесегімен көрініс тапты. Қалай дегенмен де журналист сөзі бұрынғы қай кездегіден асқақ естілді, баспасөз беттері талас-тартыстың алаңына айналды. Осы ретте кейбір жанрлар мазмұнының өзгерістерге ұшырағанын да айта кеткен жөн. Айталық, республикалық ұлттық газеттер енді схематизм, формализмге тән бас мақалаларды бермейтін болды. Нақты проблемалық немесе сын мақала қазақ публицистикасының негізгі формасына айналды, ол қордаланып қалған келеңсіздіктермен қарсы күресте баспасөздің маңызды функциясын атқарды. Консерватизм, бюрократизм негізгі сын объектісіне айналды. Жариялылық, қоғамдағы терең өзгерістер мерзімді басылымдар беттеріндегі ескі шаңды тазарта бастады. Азаматтық үн аңғарылатын хаттар тасқыны оқырмандар белсенділігінің айқын куәсі болды. Газеттер беттеріндегі жаңа айдарлармен жарық көріп жатқан сын материалдар демократия мен жариялылықтың өріс алып келе жатқанын дәлелдеді. (Мысалы, қараңыз: «Социалистік Қазақстан» газетінде 1986, 1987, 1988, 1989 жылдарда «Партия тұрмысы: қайта құру қадамдары», «Ашық әңгіме: қайта құру қалай жүруде?», «Қайта құру – уақыт талабы», «Партия тұрмысы: қайта құру барысы», «Партия тұрмысы: адам факторы», «Қоғамдық пікір» атты айдарлармен берілген материалдар легі – С.С.).

Уақыт өте келе М.С.Горбачев сөздерінің бірінде қайта құрудың бастапқы кезінде ел басшылығының экономикада, саясатта, әлеуметтік салада, ұлт мәселесінде қаншалықты қиындықтардың бар екенін, олардың түбінде қандай зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін екенін жете түсінбей-ақ қойғанын айтты. Дегенмен де ол XIX партия конференциясында жасаған баяндамасында ұлт саясатына қатысты тоқтала келе, бұл бағытта проблеманың жоқтығына кәміл сенетінін жария етті [2]. Демек, тәжірибелі партиялық функционер ретінде оның санасында жылдар бойы айтылып келген «елде ұлттық мәселе түбірімен толық шешілген, бұл социалистік қоғамдық құрылыстың ұлы жеңістерінің бірі» дегендей қорытынды ойлар мызғымастай орын тепкен [3].

Алып елде ұлтаралық қатынастардың шиеленісіп тұрғаны байқалғанмен, бұл салада ұзақ жылдар бойы шынайы шындық проблемаларды әсіре қызыл сөздермен бүркемелеп отыру белең алған болатын. Терең ойластырылған іс-қимыл орнына бұрқ-сарқ қайнаған

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қоғамдық өмірдегі тыныс-тіршілік, ұлттық бұлқыныстар схематизмге негізделген фразалармен ауыздықталып келді.

КСРО-да ұлтаралық қатынастар саласы мен ұлттық саясатта орын алып отырған жағдайдың мәз емес екендігі тұрғысындағы қоңыраулар үні қайта құрудың алғашқы жылдарында-ақ естіле бастады. Егер 1985 жылғы Якутиядағы студенттер толқуларына байланысты оқиғалар баспасөзде ескерусіз қалса, ал 1986 жылғы 16-18 желтоқсандағы Алматыдағы оқиға кең түрде жария етілді. Егер якутиялық оқиға әлеуметтік проблемаларға ғана байланысты болса, Алматыдағы тек оқиға ғана емес, ұлттық сипат алған көтеріліске ұласты.

Орталықтың ұлттық өзіндік ерекшеліктерге селкеу көзқарасы, ұлттық дамудың көптеген проблемаларының шешімін таппауы ұлттық санаға салқынын тигізіп, халықтың болашағына алаңдаушылық сезімін туғызумен болды. Бұл қордаланған қарама-қайшылықтардың ушыға түсуіне әкеліп, қауіпті жарылыстық сипат алды. Орталық тұтас халықтың ой-пікірімен санаспай-ақ Қазақстан басшылығына бұрын есітіп-білмеген мүлдем бейтаныс Н.В.Колбинді алып келгенде сол жарылыс болды да. Мұндай жағдайда, жергілікті халықтың ар-намысын аяқ асты еткенде эмоцияның буырқанған күшінің қаншалықты тегеурінді болатынын тәкаппар да момын қазақ халқы сол күндері айқын дәлелдеді.

Бұл оқиға-көтеріліс жөнінде шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары жаппай жазып жатты. Қазақстандық зерттеуші Н.Кенжеғұлова шетелдік баспасөздің Алматыдағы оқиғалар туралы жеделдікпен жазғанын айтады. Бастапқыда реакцияның тез болғаны соншалықты, фактілер ешқандай түсіндірмесіз-ақ жарияланып жатты. Бұл суыт хабарды әлемдегі барлық ірі ақпарат агенттіктері мен көптеген баспасөз және аудиовизуалды бұқаралық ақпарат құралдары жарыса берумен болды [4].

Бұл кеңес баспасөзін оқиғаға байыппен қарауға мәжбүрледі. Алматы оқиға-көтерілісі қазақ халқының ұлттық сана-сезім дәрежесінің қаншалықты көтерілгенін, өзін дербес те нағыз ұлт ретінде идентификацияландырғанын, кеңестік Конституция шеңберінде болса да тұтас халық ретінде республика басшылығына жергілікті кадрдың кандидатурасын ұсынуға құқылы екенін жете түсінгендіктерін көрсетіп берді.

Жасанды саясат жүргізу арқылы халықтардың сана-сезімін улап, көздеген мақсаттарына жетіп келген империялық өктем күштерді Кеңес Одағын ғана емес, бүкіл әлемді дүр сілкіндірген Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қатты сескендіріп, тіксіндірді. Бұл тек жастар ғана емес, тұтас қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің орталықтың жылдар бойы қалыптасып келген әділетсіздігіне, империялық өктемдікке негізделген орыс шовинизміне қарсы бағытталған бұлқынысы еді. Ұлттық ар-намыстың оянуы, кемерінен асып, шиыршық атуы заңды құбылыс болатын. Халқымыздың тарихында өшпес із қалдырған Желтоқсанның қасірет-қайғысы жөнінде аз жазылған жоқ, сол қанды оқиғалардың әлі де талай-талай томдарға жүк болары да ақиқат. Мұны тарихшылардың үлесіне қалдырайық. Осылай десек, біз үшін қазақ халқының тарихында үлкен орын алатын Желтоқсан ақиқаты турасында орталық басылымдар тегершігінің қалай айналғаны жөнінде шама-шарқымызша талдау жасау арқылы империялық өктемдіктің кезекті құйтырқы әрекеттерін паш ету маңызды болмақ.

Желтоқсан оқиғасы былай басталды. Орталық және республикалық газеттердің 1986 жылғы 17 желтоқсан күнгі нөмірінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің кезекті Пленумы туралы хабар беріліп, онда «16 желтоқсанда Қазақстан КП Орталық Комитетінің ұйымдық мәселе қарастырған V пленумы болып өтті. Пленум Д.А.Қонаевты зейнеткерлікке кетуіне байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатты. Оның орнына СОКП Орталық Комитетінің мүшесі, Ульяновск обкомының бірінші хатшысы Г.В.Колбин сайланды» деп көрсетілген [5]. Бұл

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

хабар республика жұртшылығын дүр сілкіндіріп, наразылық толқынын туғызды. Ол Алматыдағы алаңда басталды.

Ал, 1986 жылғы 19 желтоқсанда Кеңестер Одағы телеграф агенттігінің таратуымен барлық газеттерде Алматыдағы оқиға туралы «Сообщение из Алма-Аты» деген тақырыппен төмендегідей хабар жарияланды: «Алматы. 18 желтоқсан. Кеше кешке және бүгін күндіз Алматы қаласында ұлттық шиеленіс туғызатын элементтері бар жастар тобы көшелерге шығып, Қазақстан Колмпартиясының Орталық Комитетінде болып өткен V пленумның шешімдерімен келіспейтіндіктерін айтты. Олар құқық қорғау өкілдеріне қарсылық көрсетіп, бұзақылық, антиқоғамдық, паразиттік әрекеттер жасады. Және дүкендер мен жеке автомобильдерді өртеді. Алайда, барлық кәсіпорындар, қалалық транспорт, оқу орындары қалпында» [6].

Орталықтың нұсқауымен бұл суыт хабар тек орыс газеттерінде ғана емес, жергілікті қазақ газеттерінде жедел түрде жарық көрді. Елде демократиялық бұлқыныс ширығып, арнасынан тасып жатты. Орталық бұл бас көтеруге себепшілерді ең алдымен жастар емес, ірі зиялы топтардың арасынан іздестіріп, соларды кінәлайтындай кейіп танытты.

Бұл оқиға-көтеріліс жөнінде СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Д.А.Қонаев өз мемуарында толық сипаттап жазды. Оның жазбалары желтоқсан толқуының шынайы шындықтарын толыққанды күйде алға тартады [7].

Уақыт өте келе КОКП Орталық Комитетінің атышулы: «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы» қаулысы қазақ халқының ашу-ызасын туғызды [8]. Қаулыда «қазақ ұлтшылдығы» деген сөз бар еді.

Орталық газеттердің республикадағы меншікті тілшілерінің желтоқсан көтерілісін жан-жақты беруге тырысқан, орталықтың өктемдігі айқын аңғарылып тұрған сыңаржақ материалдары беріле бастады. «Уақыты келгенде Алматыдағы оқиғаны ұйымдастырушылардың кім екенін білетін сәттің туатынына мен сенемін, шүбәсіз сенемін... Республикада тұратын қазақтар мен басқа да халықтардың арасына баспалап келіп, сенімсіздік ұрығын сепкісі келгендердің түрін де, аты-жөнін де білуге тиіс. Біздің балаларымызды кімдердің алдағанын білетін күн де келеді. Өтірікпен, өсекпен оларды студенттік жатақханалардан алып шығып, қолдарына дұшпандық, сауатсыз транспоранттар ұстатып, өздері бас сауғалап қалғандарды әлі білетін боламыз», - деп жазды «Литературная газетада» жарияланған мақалада. Материал авторы, газеттің Қазақстандағы меншікті тілшісі А.Самойленко «Көп жастар жазасын алды, комсомолдан шығарылды, правоға қарсы әрекеттері үшін оқу орындарынан қуылды, біразының бұзақылығы, жаппай тәртіпсіздік жасағаны үшін істері сотта қаралатын болды. Әрине, тәртіпсіздіктердің басшыларын, ұйымдастырушыларды іздестіруді табанды түрде жедел жүргізу керек», - деп орталықтың өктемдік пиғылын ашық білдірді [9]. Ал, одан одақтық жастар газеті «Комсомольская правда» да қалысқан жоқ. Басылымдағы «Ащы сабақ» атты материалдың мына жолдары ерекше назар аудартады: «Біршама уақыт өтіп, ұлтшылдық пиғылдағы желтоқсан оқиғаларындағы іс-әрекеттердің себебі айқындала түскен шақта бұған не деп жауап беруге болады?.. Жастардың бір бөлігінің ұлтшылдық көзқарастары кеше ғана қалыптасқан жоқ. Олар баршаның көз алдында, уақытымен оталмаса қаулап өсетін арамшөп сияқты өскен болатын.

Республикада жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұратынына қарамастан қазақ астанасында, қаланың жоғары оқу орындары мен техникумдарында оқитындардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдері екендігіне назар аудармады. Жатақханада студенттердің ұлттық белгісіне қарай орналасуы ұсақ-түйек деп қарады» [10].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Осылайша, журналист бар мәселені сайып келгенде өріс алған ұлтшылдыққа әкеліп тірейді. Шындығында солай ма еді? Бұл сыңаржақ ұшқары пікір болатын. «Өйткені сол тұста партияның сенімді идеологиялық қарауына айналған бұқаралық ақпарат құралдарында «ұлтшыл» жастардың оқу орындарында өз ана тілінде оқи алмайтыны, астана зауыттары мен фабрикаларында ең аз ақылы жұмысқа қолдары әрең жететінін, мүмкіндіктері толық жоқтығы, пәтер зардабын шеккендер тек қазақтар екендігін, қазақ тіліндегі мектептердің, балабақшалардың жыл санап жоғалып бара жатқандығын, ұлт тағдырына, тіл тағдырына қатысты көкейкесті, күрделі мәселелердің, проблемалардың шешімін таппай келе жатқандығы жөнінде, жергілікті ұлт өкілдерінің көп жерде кемсітушілікке ұшырап, өзінің азаматтық құқын тіпті қорғай да алмай қалатыны жайында бір ауыз сөз айтылған жоқ» [11].

Кеңестер Одағының бас басылымы «Правда» газеті Желтоқсан оқиғасына оралып соғып отырды. Демократиялық бұлқыныстың себеп-салдарына талдау жасалып жатты. Осылайша отқа май құюмен болды. Материалдарда тұтас ұлтты және ұлтшылдықты кінәлау, ешбір негізсіз қара күйе жағу пиғылы негізгі өзек болып, өріліп жатты. Кезінде газетте жарияланған «Мардамсудың салдары» деген мақала халықтың орынды ашу-ызасын туғызды [12]. Автор ешбір ғылыми негізсіз қазақ ұлтшылдығын дәлелдеуге тырысып, өз ұлтына өз қолымен қара күйені баттастыра жақты.

Енді осыған аз-кем тоқтала кетейік.

Одақтық бас басылымның Қазақстандағы меншікті тілшісі Т.Есілбаев «Вечерняя Алма-Ата» газетінің Алматыда ашылған оқушыларға арналған тәрбие мекемесінен жариялаған репортажына түсініктеме бере келе газеттің «бұл жерде тәрбие мен оқу қазақ тілінде жүргізілетін болады, мұның өзі балалардың қалауы» деген сөздеріне назар аударады да «газет таза ұлттық мәселені насихаттап отыр» деген айып тағады (өктемдіктің шегі болмағандығының бір көрінісі осы еді. Әйтпесе, бір миллион халқы бар республика астанасы – Алматы қаласында мұның ұлттық екінші балалар бақшасы екенін еске салар болсақ, істің қаншалықты насырға шауып тұрғаны айқындала түседі. – С.С.)

Бұдан әрі мақала авторы Т.Есілбаев «Социалистік Қазақстан» газетінің бұл фактіні тарихи құбылыс ретінде бағалап отырғанын айтады. «Правданың» қазақ тілшісі «Ленинші жас» газетінің Алматы мен тың облыстарындағы қалаларда қазақ тілінде оқытатын мектептер мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін көбірек ашу керек деген ұсынысын келтіре отырып, «республикада қазақ тілінде тәрбие беріп, оқытатын мектептер мен балалар бақшалары аз емес» дей келе «Адамдарды біртұтас социалистік Отанға шексіз берілгендік рухта тәрбиелеуден артық мәртебелі міндет болуы мүмкін емес» деген тұжырым жасайды.

Сонда қалай, автордың қазақ тілінде біртұтас Отанға берілгендік рухында тәрбиелеуге болмағаны ма?! Демек, тілшінің жазған сөздерінің астарына үңілер болсақ, маңызы жөнінен орыс тілі интернационалдық, ал қазақ тілі ұлтшылдыққа апарады екен!

Бертін келе орталықтың тағы бір басылымы – «Молодая гвардия» журналының тілшісі Ж.Г.Головоткин өз мақаласында желтоқсан оқиғасының әлеуметтік-саяси тамырларын өзінше «қазбалады» [13]. Журнал тілшісі «Бұл орталық мемлекеттік органдар бақылауының әлсіздігінің нәтижесінде болған, содан келіп, біріншіден, белгілі бір ру не жүзге жататын қандық туысқандық принциптері бойынша бірлестіктер пайда болған; екіншіден, жергілікті ұлт өкілдері бірқатар артықшылықтарға ие болған; үшіншіден, жоғары оқу орындарында қазақ жастарының саны күрт өсіп кеткен» дей келе, «мұның бәрі ұлттар теңдігі принципінің жергілікті этностың пайдасына қарай бұзылуына (!!! – автор ескертпесі) әкеп соқты» деген пікір айтады.

Орталықтың тағы бір басты басылымдарының бірі – «Известия» газетінде жарияланған «Шырмауық» атты мақала негізінен республика оқу орындарының

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

басшылықтарына тиісті, Желтоқсан оқиғасына тікелей соларды кінәлі етіп көрсетуге тырысып-ақ бақты [14]. Материалда аттары аталған бірқатар қазақ зиялылары Желтоқсанның «құрбаны» болды.

Сол жылдары Желтоқсан оқиғасы орталық газет-журналдардың негізгі тақырыптарының біріне айналды. Оларда жарияланған материалдар ізінше-ақ қазақ тіліне аударылып, жергілікті басылымдарда жарық көріп жатты. Ал, жергілікті қазақ баспасөзінің Желтоқсан ақиқатын шынайы талдауға, тіпті бұл жөнінде нақты кесімді ой айтуға құқығы болмады. Тек «Қызыл империя» құлап, коммунистік партия аренадан кеткеннен соң ғана тәуелсіз еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары Желтоқсан оқиғасы жөніндегі шындықты бар дауыспен айту мүмкіндігіне ие болды. Бұған жету жолында, яғни бес жылға жуық уақыт ішінде ғана Желтоқсан ақиқатын айтуға бел байлаған талай-талай азаматтарымыз жазықсыз жапа шекті. Қалай десек те, Желтоқсан шындығы құнының тым қымбатқа түскені ақиқат. Дегенмен де халқымыздың Мұхтар Шаханов, Хасен Қожахметов сияқты ұлдары Желтоқсан шындығын іздеп шарқ ұрды, бастарын қауіп-қатерге байлады.

Үлкен өкінішке қарай, сол тұста «Литературная газетадағы» мақаласында белгілі қазақ жазушысы Ә.Әлімжанов та біржақтылық танытты [15]. Ол насихаттық әдістің ауқымынан шыға алмай, бәрін де патриоттық және интернационалдық тәрбиедегі кемшіліктерге, экономика мен кадр саясатындағы, т.б. келеңсіздіктерге әкеліп тірейді.

«Правда» газеті бастаған орталықтағы газет-журналдарда жарияланған материалдар республика бұқаралық ақпарат құралдары үшін басты ұстанымға айналды. Олар өзіндік пікір айтуға, айтыс-тартысқа бара қойған жоқ. Оның үстіне Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбин 1987 жылы 15 қаңтарда республика бұқаралық ақпарат құралдары мен насихат басшыларымен, орталық басылымдар журналистерімен кездесуінде қазақстандық баспасөз алдына қатаң міндет қойды. «Бұқаралық ақпарат құралдары мен насихат, - деді ол, - тәрбие жұмысын бұрынғыдан да күшейте түсіп, кеңестік патриотизм мен социалистік интернационализм идеяларын барынша ашып көрсетуі, ұлтаралық қатынастардың өзекті мәселелерін батыл көтеруі тиіс» [16].

Осыдан кейін республикалық баспасөз беттерінде желтоқсан толқуларына авторлар «өзіндік баға берген» материалдар көріне бастады. Бұлар партия органдары белгілеп берген шеңберде бірізді шаблонмен жазылды. Бәрі де «өз ұясына» қайта оралғандай болды. Мақалалардағы штамптардан, клишелерден көз сүрінді: «жастардың рухани дүниесіне интернационализмді мақсаткерлікпен қалыптастыру», «жіберілген қателіктер мен келеңсіздіктер жөнінде ашық әңгіме болды», «қоғамдық тәрбиенің резервтері туралы», «интернационализм рухы жоғары оқу орындарының өмір салтына айналуда», «ұлттық пен интернационализмнің диалектикасы», «ұлттық әлеуметтік құрылымды сауықтыруға білім деңгейінің ықпалы», «Бірлескен еңбек, мызғымас достық ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге мүдде ортақтығын туғызады, ұлтаралық байланыстарды күшейтуге мүмкіндік береді», т.б.с.с.

Қазақстан партия ұйымының бірінші хатшысы Г.В.Колбин басшылығының бастапқы кезінде басты назарды кадр саясатының барлық тұстарын демократияландыруға аудара келе, республикада кадр мәселесін шешуде жеке басқа берілгендік, тамыр-таныстық, жерлестік, т.б. принциптерінің кең пайдаланылғанын мәлімдеді. (Кейін айқындалғандай, республика партия ұйымы жаңа басшысының сол кездегі шақырулары тұтастай алғанда өз ісінен тым алшақ жатты. – С.С.).

Әдебиеттер мен партиялық құжаттарда жылдар бойы мемлекеттік аппараттың кадрларын іріктеумен және орналастырумен партияның айналысатыны айтылып келді. Іс жүзінде бұл міндетті орындаумен көп жағдайда қатардағы коммунистер мен қалың

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

бұқарадан қол үзген партиялық аппарат айналысты. Шын мәнінде, партиялық аппарат мемлекеттік аппаратты құрды. Аппаратқа таңдау ресми түрде адамдардың іскерлік, саяси және моральдық сапалық белгілерімен түсті. Ал іс жүзінде, бұл принциптер есепке алынбады [17].

Партия қызметкерлерінің практикалық қызметінде кадрларды үміткердің іскерлік сапасына емес, анкеталық мәліметке, мінездеменің қай тұрғыда жазылуына қарай орналастыру әдісі кеңінен қолданылатын болды. Адамның кейбір кері сапасы міндеті түрде көрсетілетін жартыжылдық немесе жылдық аттестациялар кеңінен таратылып жатты. Осы жерде берілетін мінездеменің объективсіздігі аңғарылады. Егер адамның бойында жағымсыз қасиет болмаса, онда оны ойдан құрастыра салатын.

1988 жылғы жаз айында өткен XIX Бүкілодақтық партия конференциясынан кейін жағдай өзгере бастады. Онда қайта құру бағытымен алға басу қажеттігі жария етілді [18]. Ал бұл үшін социалистік қоғамға кесел болып жабысқан жеке басқа табыну мен тоқырау жылдарындағы кедергілерді жою қажеттігі туындады. Бұлар қоғам дамуын ондаған жылдарға шегеріп, адамдық, адамгершілік және идеялық селкеуліктерді туындатты. Форумға қатысушылар елді жаңғыртуды екі бағытта жүргізу қажеттігіне баса назар аударды. Біріншісі – экономикалық сауықтыру, екіншісі – кең көлемде демократияландыру. Соңғысы кеңес адамының құқығын қамтамасыз ету, биліктің қоғам алдындағы әлеуметтік және адамгершілік жауапкершілігін арттыру және шынайы халықтық билікке көшу арқылы ғана мүмкін екендігін білдірді.

Өткен кезеңдерде артта қалып келген республикалардың жедел қарқынмен дамуына мүмкіндік беретін кең көлемді шаралар жүйесінде жеңілдетілген бюджет және салық саясаты ерекше рөл атқарды. Мысалы, отызыншы жылдары мынадай жалпы көрініс қалыптасты: орталықтандырылған көздерден алынатын дотация есебінен көптеген одақтас республикалардың бюджеттен шыққан шығынының 60 пайыздан астамы жабылып отырды. Осылайша, мемлекет бюджет каналдары арқылы көптеген халықтардың мүддесіне сай ұлттық табысты қайта бөлуді жүргізді. Мұндай саясаттың нәтижесінде еліміз 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында көптеген мәселелерде ұлттардың шын мәнінде теңдігіне қол жеткізді. Осындай өзекті міндеттердің шешілуімен бірге көптеген жеңілдіктер мен артықшылықтарға мұқтаждық қажет болмай қалды. Өзге де әртүрлі себептерге байланысты мұндай тәжірибе 90-жылдарға дейін сақталып келді. Мысалы, 1989 жылы Орта Азия республикаларына одақтық бюджеттен бірнеше миллиард сом көлемінде дотация бөлінді [19]. Кеңестер Одағының ыдырау қарсаңына дейін құпия сақталып, айтылмай келген осындай жағдай, бір жағынан, жергілікті басшылық арасында масылдық пиғылдың кең өріс алуына жол ашты. Екінші жағынан, бұл жергілікті халық арасында өз республикасының жалпы одақтық саясаттағы өлшеусіз үлкен үлесі жөніндегі сенімнің кең етек жаюымен түсіндіріледі. Басшылықтың емеурінін ұққан ұлттық интеллигенцияның бір бөлігі бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен республиканың одақтағы «ерекше» рөлі жөнінде аңыз-хабарлар таратып жатты.

Бұған Қазақстан мысал бола алады. 1987 жылы 17 наурызда өткен VIII Пленумда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының баяндамасында өздерінің жеке жұмыстарындағы олқылықтар жөнінде ауыз ашпаған басшылық «Қазақстан өз нанымен Ресейді де, Украинаны да және бірқатар әскери округтерді де, т.б. асырап отыр» деп сендірді. «Шын мәнінде», деп аталып өтті баяндамада «экономика жөнінде тұтастай айтатын болсақ, біз бұл кезеңде жалпыодақтық қорға өзіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуымызға алғандағымыздан едәуір аз мөлшерде үлес қостық.

Халық шаруашылығының тиімділігін арттыруға, демократия принциптерін дамытуға, тиімділікті нығайтуға бағытталған қайта құру сонымен қатар халықтар мен әртүрлі ұлттар арасындағы әлеуметтік әділеттілікті де қамтамасыз етуге жұмылған еді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Осыған байланысты әлеуметтік әділеттілік принциптері негізінде жекелеген республикалар мен елді тұтас алғанда ортақ мүдделердің тығыз астасуына кең мүмкіндіктер ашатын түбірлі экономикалық реформалар шешуші маңызға ие болатын. Осы тұрғыдан келгенде бүкілодақтық байланыстар мен еңбек кооперациясы артықшылықтарын толық жүзеге асыру, экономикалық өзара байланыс, шаруашылық есеп негізінде республикалардың экономикалық потенциалын пайдалануды жақсарту, республикааралық әртүрлі кедергілерді жою бағыттарында қыруар істер күтіп тұр еді [20].

Кеңестік жүйенің тәжірибесі экономикалық өмірдің объективті талаптары ретіндегі шоғырландыру мен оны жүзеге асырудың орталықтандырылған бюрократтық формалары арасындағы қайшылықтардың бар екенін көрсетіп берді. Сондықтан, жалпыодақтық орталықтандырылған басшылықтың интернационалдық, жалпыхалықтық маңызға ие мәселелерінде және сонымен қатар жалпыодақтық, сондай-ақ арнайы міндеттерді, жедел тапсырмаларды жүзеге асыруда республикалардың құқықтары мен міндеттерін орындау, дербестікті кеңейту жөніндегі екіжақты процесс кең перспективалы болып есептелді. Тәжірибе құқықтар мен міндеттердің, дербестіктің ғылыми негізделген ауқымын кеңейту, бір жағынан, республикалар мен жергілікті органдардың инициативасы мен белсенділігін арттыратынын, екінші жағынан, өкіметтің жоғары эшелондағылардың республикалық немесе жергілікті жерлердің өзінде-ақ ойдағыдай жүзеге асырылатын, өздеріне тән емес міндеттер мен функцияларды орындаудан басталатынын көрсетіп берді. Бұл стратегиялық жалпыодақтық маңызға ие мәселелер орталықтандырылған басшылықты тереңдетіп, жетілдіруге мүмкіндік туғызады деген сенім пайда болды. Бүкілхалықтық XIX партия конференциясының «Ұлтаралық қатынастар туралы» қарарында атап көрсетілгендей, «Әңгіме СССР одағы мен Совет республикаларының компетенциясын шектеу, жергілікті жерлерге бірқатар басқару функцияларын беру, экономика, әлеуметтік және мәдени даму, табиғатты қорғау салаларында дербестік пен жауапкершілікті күшейту жолымен одақтас республикалар мен автономиялық құрылымдардың құқығын кеңейту жөнінде болып отыр».

Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық дамудағы айырмашылықтарды жою мақсатымен жалпы мемлекеттік сипаттағы шаралар қабылданды. Бұл, ең алдымен, республика экономикасына инвестиция тартуды одан әрі жетілдіруде көрініс тапты. Елдің 1986-1990 жылдарға және 2000 жылғы кезеңге дейінгі экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарында Қазақстанда жалпыодақтық дамумен салыстырғанда материалдық-техникалық базаны сапалық жаңарту қарқынын едәуір арттыру және өндірістік күштердің қазіргі талаптарына сәйкес жаңа құрылымын құру қарастырылды.

Бүкілодақтық XIX партия конференциясында ұсынылған реформаларды жүзеге асыру жолындағы басты міндеттердің бірі «Аймақтар дербестігін кеңейтуге, әрбір республика өзінің шаруашылық қызметінің ақтық нәтижелерінде қызығушылық танытатын ынтымақтастықтың осындай формаларын жүзеге асыруға жағдай туғызу» болып табылатындығы атап көрсетілді.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуде олардың рөлін елеулі түрде арттыра түсетін республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастырудың жаңа механизмі жасалып жатты. Бұл ретте негізіне аймақтық-әкімшілік өлшемдер статусы емес елдің халық шаруашылығына республиканың қосар нақты үлесі жатқанына назар аударылды. Шындығында да, егер ұлттық құбылыстардың этно-мәдени астары негізінен адамдармен, яғни тұрғындардың ұлттық құрамымен байланысты болса, экономикалық жағынан аймаққа, бірінші кезекте, оның ресурстарына тәуелді.

Сонымен қатар, ведомстволық, әкімшілік-аймақтық салаларда ең алдымен ұлттық қатынастардағы бірліктер арасындағы байланыстарды орнату маңызды болатын. Бұл орайда салалардың ресурстарды пайдаланғаны үшін әкімшілік-аймақтық өлшемдер

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

пайдасына арендалық төлем төлеп отыратыны есепке алынды. Сөйтіп, бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалды.

Өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыру ауыл шаруашылығы өнімдерінің маңызды түрлерін сатып алу бағасының түрлі табиғи жағдайларда оларды өндіруге жұмсалатын еңбек шығынының нақты есебі жағдайындағы негізділігін жан-жақты қарастыру қажеттілігін айқындап берген еді. Әлеуметтік-экономикалық салалардағы жинақталып қалған мәселелер көп ретте ұлттық қатынастарға сайып жатқанда ғана тиімділікке жол ашатыны айқын бола бастады.

Барлық ұлттардың мүддесін айқындауға ықпал ететін саяси жүйе институттарының белсенділігін арттыру міндеті елеулі практикалық маңызға ие еді.

80-жылдардың аяғында, яғни ел тәуелсіздігінің қарсаңында республикада жүріп жатқан терең өзгерістер, қалыптасып отырған жағдайлар «Одақтық және автономиялық республикалар, автономиялық облыстар мен округтер туралы заңдарды олардың құқықтары мен міндеттерін, өзін-өзі басқару принциптері мен орталық пен жергілікті жерлердегі билік органдарындағы барлық ұлттар өкілдіктерін жаңғырту мен дамыту негізінде» жүзеге асырудың қажеттілігін айқын көрсетті. (Бүкілодақтық XIX партия конференциясы...) Бұл заңдарды жаңарту мен дамыту саяси жүйені реформалаудың, құқықтық мемлекет құрудың аса маңызды құрамдас бөлігіне айналуы тиіс еді.

Экономикалық қайта құрулар жоғарыда айтып өткен бағыттар мен проблемаларға негізделуі тиіс болатын. Осы ретте республиканың ауыл шаруашылығында 90-жылдардың басына дейін тұтынушы мен өндірушінің өндірістің өндіргіш күш көлемін сақтау және кеңейту үшін қаншалықты қажеттігіне байланысты жағдайда ғана өзара бірлікте іс-қимыл танытатынымен сипатталып жүрді. Әміршілдік-әкімшілдік жүйе, мысалы, астық дақылдарын жинау науқанына қанша комбайн, автотранспорт, т.б. құрал-жабдықтар қажет екенін өздері белгілеп отыратын жағдай қалыптасты. Жоспарлау органдары нақты баланстар көмегімен (мысалы, автотранспорт кәсіпорындары министрлігіне астық жинау науқанына қажетті машиналардың саны көрсетілген нақты жоспар беріледі) автомобилшілер мен дикандардың өзара бірліктегі іс-қимылын ұйымдастырумен айналысты. Басқалай айтсақ, жоспарлы тапсырмаларда дерективалық бөлу, яғни әміршілдік күшіне енеді: оның астарында не, қашан, кімге, қанша өндіру керек, қайда апару керек, ресурстарды қайдан іздестіру керек... т.б. жатады. Тапсырмалардың негізінде тонна, дана, гектар, өнімділік, т.б. көрсеткіштермен көмкерілген әміршілдік атой салып тұрады.

Әкімшілдікпен орталықтандырылған мұндай жүйенің тіптен тиімсіз екені экономикалық дамудың кеңестік кезеңінде айқын дәлелденді. Бұл жағдайда экономикалық буындар өзара ықпал етуден қалды. Әр буын жоғарыдан келген жоспарды орындады. Оның үстіне өндірісті осылай ұйымдастыру орталыққа маңдай термен тапқан табыстың негізгі бөлігін беріп отыруға мәжбүр етті.

Кеңестік қоғамтанушылар – бұл жерде олардың партия мен елдің жоғары басшылығының кеңшілік жасауы арқасында нақты іске көшкенін айту керек – марксткелиндік теорияның сенімділігіне, ары кеткенде қазіргі қоғамға жарамдылығына күмән келтірді. Олар адамзат дамуының тәжірибесі көрсетіп отырғандай, кезінде коммунизм классиктерінің адамзат болашағын алдын ала болжағандай болмай шыққанын мойындай отырып, түсіндіруге тырысты.

Нақтылап айтқанда, жұмысшы табы мен буржуазияның антагонистік қарама-қайшылығы жөніндегі идея іс жүзінде дәлелденбеді, ал империализм капитализмнің жоғары стадиясы ретінде елдер арасындағы шиеленісті қарама-қайшылықтарға бармады. Бәсекелестік ұлттық монополиялар мен әртүрлі мемлекеттердің ұлттық мүдделері арасындағы қайшылықтарға қарай ойысты.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Объективті түрде қоғамның авангарды болуы тиіс саналатын социалистік елдердің жұмысшы табы жоғары саналылық, темірдей тәртіп, жоғары ұйымшылдық көрсетпейді, ал ең бастысы – өздерін қоғамның шынайы төңкерілісшілері ретінде сезінбейді. Бұл тақырып жұмысшы табының өзін де ойландырды, шынтуайтына келгенде олардың жеке мүдделері не сонда? Осы тақілеттес сауал төңірегінде кеңестік қоғамның шаруалары мен интеллигенциясы да ойлана бастады.

Осындай сауалдар партиялық басылымдарда талқыға салына бастады. Айталық, партияның басты теориялық органы «Қазақстан коммунисі» журналында өткір пікірталас жүрді. А.Қалшабековтің «Ленинизмнен бас тартайық» және А.Айдосовтың «Ленинизмді қорғайық» атты бір-бірімен кереғар мақалаларда [21] авторлар ашық пікір сайысына шығып, өз позициялары тұрғысында бірқатар мәселелерді қозғайды, ұлттар мәселелері бойынша бағдарламалық жайларға да тоқталады. Егер бірінші автор «қуырылған фактілерге» иек артса, екіншісі лениндік ілімнің өткені мен бүгінін ой елегінен өткізе отырып, әртүрлі келеңсіздіктерден қорғауға үндейді. Бұл пікірталас идеялардың күресі сипатында болып, қоғамды радикалдар мен консерваторларға бөлді. Біз бұл жерде шындықтың қай жақта екеніне тоқталып жатпай-ақ қоялық, дегенмен осы фактінің өзі-ақ қайта құру кезеңінің тынысын айқындай түседі.

«Қайта құру идеяларын дамытуда, - деп жазды профессор Я.Н.Засурский, - жариялылық концепциясының таратушылары болған бұқаралық ақпарат құралдары теңдессіз рөл атқарды... Жариялылық, саясаттағы, экономикадағы, мәдениеттегі демократияландыру қоғамымыздың барлық қабаттарына сіңді және журналистиканың халық өміріндегі маңызын жаңаша ой елегінен өткізуге алып келді» [22].

«Жариялылық – бұл түпсіз қорлыққа қарсы жарияланған соғыс, - деп жазды Е.Евтушенко. – Жариялылық – бұл адамның әлеуметтік адамгершілігі үшін соғыс. Жариялылық, құдды бір «найзағай дауылпазындай» халықтың азаматтық ар-намысын оятады» [23]. Ал, Шыңғыс Айтматов «жариялылық – бұл баршамыз үшін жариялылық, шынайы демократияны, халықтық өмір салтын асқақтататын уақыт жетті» деп тұжырымдады [24].

Жариялылық бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің алдыңғы орнына қоғамда орын алған қат-қабат кедлеңсіздіктерді ашып көрсетуге негіз болатын қоғамдық пікірді кең өрістетуді шығарды [25].

Алда тұрған міндеттер баспасөз қызметін түбірімен жаңартуды талап етті. Әңгіме жариялылық, сын мен өзара сын, журналистердің жұмыс сапасын, олардың кәсіптік деңгейін көтеру жөнінде еді. Бұл орайда жаңаша ойлау концепциясы маңызды рөл атқаруы тиіс болды.

Сексенінші жылдардың соңына қарай кеңестік журналистика алдында өзекті проблемалар бой көтерді. Олардың негізі, біріншіден, коммунистік партократия мен бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы шиеленістің күшейе түсуіне, екіншіден, журналистиканың мемлекетпен, қоғамдық ұйымдармен және оқырмандармен арақатынасындағы өзгерістерге және үшіншіден, баспасөздің ішкі мазмұнынан, яғни көзге айқын шалына бастаған белсенді позициясына келіп саяр еді.

Сонымен, қоғам өмірінің жаңару кезеңінде журналистикаға партиялық басшылық проблемасын талқылау – тартыстың ең өткір тақырыбына айналды. Бірқатар принципті мәселелерде партия органдары мен бұқаралық ақпарат құралдары арасында шиеленісті жағдай қалыптасты. Ол, ең алдымен, баспасөз беттерінде жиі-жиі бой көтере бастаған өткір сын материалдарға жергілікті партия органдарының қарсылығынан туындады. Олардың көпшілігі-ақ журналистерді партиялық темір тәртіппен бұрынғысынша ауыздықтауға барынша тырысып бақты. Мұны партиялық функционерлердің жантәсілім алдындағы жанталасы ретінде бағалауға болар еді. Дегенмен, қалың бұқараның бір

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

партиялық басшылық формасынан бас тартуға, әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесі машинасын қиратуға, өзін-өзі басқаруға ұмтылысы жаңа қоғамды, қоғамдық институттарды ұйымдастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы мен алатын орнын түбірімен өзгертіп жіберді. Еркіндікке ұмтылған кеңестік журналистика партиялық-мемлекеттік аппараттың қатаң қарсылығына тап болды: бұқаралық ақпарат құралдарының жылдар бойы қалыптасып келген үстемдіктен оңайлықпен құтыла алмайтыны мәлім еді. Баспасөз еркіндігі жолындағы күрес өрши түсті. Бір жайт айқын болды: баспасөз қызметкерлері партиялық аппараттан қайрымдылық күтуге бомайтынын айқын түсіне бастады. Себебі, іс жүзінде партияның ең алдымен өзінің жағдайын жасауға ұмтылатыны ешбір құпия болмай шықты: ол журналист-публицистердің интелектуалдық меншігін, маңдай терін, жан толғанысын пайдаланып келді. Қоғамдағы бар артықшылықтар – жоғары еңбекақы, жайлы пәтер, жақсы тұрмыс соларда болды. Қоғам өзгерісі, демократия қарапайым журналистің бейнесі, беделі, мәдениеті, қам-қарекеті мәселесінде оңды көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік туғыза бастады. Бұл тұрғыда ащы шындық айтылатын болды [26].

Кеңестік кезеңдегі сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басында экономикада жүрген түбірлі өзгерістердің халықтың басым көпшілігіне түсініспестік туғызғанын айту керек. Бұған сол кезде бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларына ағылып келген хаттар легі айқын дәлел бола алады. Бұрынғы қалыптасып келген шаруашылықты жүргізу әдісін күл-талқан етудің неге қажет болғаны түсініксіз болды. Экономикалық дамудың перспективаларын байсалдылықпен ой елегінен өткізе отырып, шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын енгізу процесінің неліктен осыншалықты қарама-қайшылықты жағдайда өтіп жатқанын терең ұғына білу қажет еді.

Егер сол тұстағы өзгерістердің мән-маңызына қысқаша сипаттама беруге тырысып көрер болсақ, онда алдымен бұл қайта құрулардағы ең басты шарттың қоғам тыныс-тіршілігінің барлық салаларында қатаң объективтілік пен ғылыми негізге, реализм сабақтастығына қарай қозғалыс болғанын айтуға тиіспіз. Бұл қозғалыс еліміздегі бірқатар қоғамтанушылардың экономикаға, әсіресе, аграрлық секторға ойлы қатынасқа жетуге деген ұмтылыстарымен айқындалды. Бұған дейін республика ауыл шаруашылығын дамыту проблемаларындағы жағдай осыншалықты қарама-қайшылықты болмаған еді. Бір жағынан, ауыл шаруашылығы өнімділігін арттырудың барлық мүмкін резервтерін пайдалану сұранымы өзекті бола түсті, алайда, екіншіден, осы резервтерді идеологиялық тоқырауға ұшырату әрекеттері де жүріп жатты. Бұл күрделі жағдайдан шығу үшін дүкендердің бос сөрелерін толтырып қана қоймай, адамдарға олардың өз еңбектерінің адалдығына деген сенімін қайтару керек еді. Елімізде ауыл өмірінің барлық қырын жаңғырту адамдардың ойлау жүйесін түбірімен өзгертуді талап етті. Сонымен бір мезгілде осы процесті ойдағыдай жүзеге асыру жолында оның механизмін жасау керек болды.

Сол өтпелі кезең республикада күрделі де сан қырлы процестермен сипатталады. Мысалы, осы кезде дүкендерде, қоймаларда, ет комбинаттарында, дайындау орындарында қылмысқа қарсы күрес органдарының қызметкерлері қаптап кетті. Республикада бірқатар сот процестері жариялы түрде жүріп жатты (Бұл сталиндік кезең тарихын еске түсіреді. Айырмашылығы, бұл процестердің қайта құру ұранымен жүруінде. – С.С.). Рас, жалпы алғанда, кінәлі адамдар сотталды. Бірақ, негізгілері емес. Нысанаға алынып, қолға түскендер, баспасөз арқылы жария етілгендер, негізінен, әлдекімдердің тапсырмасын орындағандар немесе ұсақ ұрлық жасаушылар, т.б. еді. Ал, нағыз қылмыскерлер, тапсырма берушілер, әдеттегідей, көзден таса қалумен болды.

Сол жылдары баспасөз кезекті қоғамдық науқаншылдық ауанына берілгенін танытып жатты. Әрине, кінәлілер жазасын алуы тиіс болатын, дегенмен, басты мәселе назардан тыс қалды. Ұсақ-түйек қылмысқа қарсы күреске қоғамдық айыптаушылар

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

тартылуы тиіс болатын. Ал, құқық қорғау органдары мен ұрлыққа қарсы күрес бөлімінің қызметкерлері дүкендерді, қоймаларды, дайындау орындары мен ет комбинаттарын, т.б. тексеріп, жұмыс кезінде моншаларда, мейрамханалар мен сыраханаларда, т.б. адамдарды аулағаннан гөрі ұйымдасқан қылмыстың кең жайылған жүйесін айқындау бағытында мақсаткерлікпен іс жасау керек еді.

Жоғарыда құқық қорғау органдары мен сауда саласында орын алған мысалдардың бірін ғана тілге тиек еттік. Ал, қайта құрудың қайшылықтары жеке адамның адамгершілік негізін қалыптастыруда, ауыл шаруашылығы өндірісінде және бұқаралық ақпарат құралдарының өмір шындығын бейнелеуінде, т.б. да көрініс тауып жатты ғой.

Жоғары эшелонда баяу басталған әлеуметтік қайта құрулар өз құқығын сеніммен мәлімдей бастады. Осы орайда мына жайтқа ерекше назар аударуға тура келеді: «Жоғарыдағы қайта құру» теориялық әдістерге маңыз беруге ынта білдірген еді. Бұл орталық және республикалық мерзімді басылымдар материалдарында айқын көрінді. Алайда, осы ынтаның қайта құру концепциясына кіріге қоймағаны тұрғысында күдік болды.

Сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың басында республикамыздың жоғары эшелондағылары, сондай-ақ жергілікті жердегі партия, совет және шаруашылық басшылары негізінен өз адрестеріне айтылған сынға оң қабақ танытты. Редакцияға берген жауаптарында сынның әділдігін мойындап қана қойған жоқ, жіберілген кемшіліктерді жою бағытында белгіленген шаралар жөнінде де нақты хабарлап отырды. Осылайша екі жақтың ортақ игілікке бағытталған бейбіт те іскер байланысы болды. Уақыт өте келе басшылардың сынға деген көзқарасы өзгере бастағаны аңғарылды.

Қайта құрудың алғашқы кезеңінде бір жағынан нақты бағыттар белгіленді, екінші жағынан өзіне елеулі түрде қарсы шығатын, бірақ мұнсыз қайта құруды жүзеге асыру мүмкін емес шараларға баруға тура келді. Бұл жерде әңгіме жариялылық, демократия, көзқарастар еркіндігі, өткенге салыстырмалы баға беру жөнінде болып отыр.

Жазушы Сафуан Шаймерденовтың жазушылық даңқын шығарған шығармалары ғана емес, оның қайта құру жылдарында намысқа, тегеуріндікке толы, уытты публицистік мақалалары мен жұртшылық алдында сөйлеген сөздері де аса мәнділігімен есте сақталады [27]. Әсіресе жазушының публицистік дарыны сексенінші жылдардың соңында жарқырап көрінгенін айтуымыз керек.

Қандай жағдайда болмасын консерваторлармен және арандатушылармен бітіспес күрес жүргізбейінше сталиндік өктемдік пен брежневтік көзбояушылықтан арылу, қоғамның оңды өзгерістеріне жету мүмкін емес екендігін өмірдің өзі көрсетті. Қайта құру шектеусіз билікке негізделген жүйені жойып, құқықтық мемлекет құруға ғана бастап қоймады, сонымен бір мезгілде қарсы күштердің еркін тыныстауына да жол ашты. Демократиялық процестерге терең демократиялық дәстүрлердің тән болмауы, көпшіліктің мәдениет деңгейінің төмендігі, қоғамның адамгершілік потенциалының ұзақ уақыт бойы бұзылып келуі кері ықпалын тигізді.

Жоғарыдағы айтылғандардан демократия мен өзімшілдіктің арасындағы кеңістіктің тұтасып кетуінің, митингілердегі көзсіз өлермендіктің жанығуының, ұлтаралық шиеленістердің өрши түсуінің, қылмыстың етек жаюының қайнар көздерінің қайда екенін аңғаруға болады. Осыдан келіп мұндай күрделі жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының позициясы туралы мәселе тағы да алға тартылады.

Идеологиялық тұрғыдан келгенде, құрғақ уәделердің ескі механизмі мен ойға алған істі шындық түрінде көрсетушілік келеңсіз рөл атқарды. Осылайша болжамдар мен қайта құрудың нақты нәтижелері арасындағы сәйкессіздік жүріп жатты. Бастапқыда экономикадағы өсіп бар жатқан тұрақсыздық процестері мен әлеуметтік-саяси тоқырау

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

құбылыстары жөнінде ашып айтылмады. Журналистер алдына қайта құру процестері алдағы үш-бес жылдың ішінде жүзеге асатын жай ғана бір мерзімді акт ретінде қойылды.

Қоғамның белсенді қолдауына ие болған демократия мен жариялылықтың арқасында ұзақ уақыт өтпей-ақ еліміздің экономикасында, оның ішінде аграрлық салада да таяу жылдар арасында оңды өзгерістер бола қоймайтынына халықтың көзі жетті.

80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында қазақ баспасөзі материалдарының үні отан соғысына дейінгі және соғыстан кейінгі жылдардағымен, тіпті 80-жылдардың ортасына дейінгі қалыптасып келген бірізділікпен салыстырғанда ерекше естіле бастағаны ақиқат.

Кеңестік қайта құру дүрмегімен демократия дәуірлеп, жариялылық салтанат құрған сексенінші жылдардың соңына қарай нақты өмір шындығы сол қалпында айтыла бастады. Ұлттық намысы жоғары, ар-ожданы биік жазушы-публицистеріміз ақиқатты айту үшін ештеңеден де тайынбайтындықтарын танытып, күрестің алғы шебіне шықты. Кеңестік дәуірде үш рет аяусыз қудалауға ұшыраған ұлттық интеллигенциямыздың талайлы тағдырлары әңгіме өзегіне айналды. “Совет өкіметінің алғашқы жылдарында айқын бағыт алған таптық күрес, - деп жазды талантты публицист, қоғам қайраткері М.Есенәлиев, - ат төбеліндей қазақ интеллигенциясын екіге бөлді. Бірсыпыра зиялыларымыз “Алаш” ұйымына бірікті. Бұлардың ішінде аса талантты, дарынды оқығандарымыз аз емес еді… 20-жылдардағы таптық күрестің қатал логикасы мынаған алып келді: социализмнің мән-маңызын түсіне алмаған интеллигенция қатты қудаланды, қоғамдық-саяси өмірден шеттетілді, қателіктері, адасқаны үшін оларға кешірім жасалмады…

Таптық күресте шыңдалған, коллективтендіру мен индустрияландыру кезеңдерін бастан өткерген, халықтың мұң-мұқтажын терең түсінетін ардагер ұлдарымыздың басым көпшілігін 37-38 жылғы репрессия жалмады.

…Ұлттық интеллигенциямыздың үлкен бір тобына 50-жылдары тағы да “Ұлтшыл” деген айып тағыла бастады. Республикамызда “Қазақ ұлтшылдығының” бір көрінісі ретінде бағаланған “бекмахановшылдыққа” қарсы науқан “өрістетілді”.

Иә, осы оқиғадан соң 30 жыл бойы республика халқы “Ұлтшылдық” деген айыптауды естіген жоқ. Осы орайда еріксіз “Ұлы Октябрь революциясының 70 жылдығы” аталып өткен жылы КОКП Орталық Комитетінің ұлтшылдық сипаттағы ашық бой көрсетулерге байланысты «Қазақ республикалық партия ұйымының интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы арнайы шешім қабылдауы қалай?» деген сауал көкейге оралады. Бұл қаулыда республикамыздағы шовинизм көріністері, қазақ ұлтшылдығы, ұлтшылдық пиғылдар туралы айтылады. Және қаулыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1979 жылғы Целиноградта орын алған ұлтшылдық бой көрсетулер мен қазақ ұлтшылдығының көрінісі болған Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсандағы тәртіпсіздіктерге өткір саяси баға – тек республикалық партия ұйымына ғана емес, қазақ ұлтының да атына айтылған сын еді. Мұндай саяси қатқыл тұжырым Қазақстан туралы партиялық документтерде отыз жылдан бері, яғни тың игеру жылдарынан бастап бой көрсетпеген-ді…

1960 жылы Қазақстандағы тың өлкесін РСФСР-дың құрамына береді екен деген сыбыс шыққан кезде студенттердің наразылық білдіргені рас. Сондай-ақ Оңтүстіктегі үш ауданымызды Өзбекстанға беріп, оны қайтып алғанға дейін біраз жұртшылықтың наразы болғаны тағы да шындық. 1979 жылы неміс автономиясы туралы сөз шыққанда да наразылыққа жолықтық.

Мұндай шешімдер өз-өзінен халықтың наразылығын тудырмақ. Ал бірақ осындай наразылықтың қазақ ұлтшылдығының көрінісі ретінде бағалануы орынды ма?” [28].

Публицист бұдан әрі қазақстандықтардың әр кезеңде сыналған шынайы, адал интернационализмін тілге тиек ете отырып, республикамыздағы тың игеру жылдарына

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

тоқталады. Тыңның тұсына қазақ халқы өзге республикалардан келген тың игерушілерді түріне, ұлтына, тіліне қарамай құшақ жая қарсы алды. Бауырмалдық көрсетті. Тың және тыңайған жерлерді игеру Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуын өркендетумен қатар, қазақтардың ұлттық санасын да өсіргенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Ұлттық сананың өсуіне орай жастар арасында интернационалдық тәрбие белсенді жүргізілуі керек еді. Бірақ бұл олай болмады. Жергілікті ерекшеліктер ескерілмеді. Құрғақ уағыз, даңғазашылдық етек алды.

Кадр мәселесін шешу ісі партия комитеттерінің бірінші хатшыларының жеке шаруасына айналды, кадрларды іріктеу мен жоғарылату кезінде партиялық принцип бұзылды, басшы қызметкерлерді тағайындауда көбінесе олардың саяси, іскерлік, адамгершілік қасиеттері емес, жерлестік, рулық, тамыр-таныстық белгілері ескерілді.

Күннен күнге сөз бен істің арасы алшақтай берді. Әлеуметтік-экономикалық және кадр мәселелерінде ұлттық саясат өрескел бұрмаланды. Халықтың сенімі азайды…

Тек қана кінәратты моральдық-саяси ахуал ғана емес, сонымен бірге республиканың экономикалық дамуындағы елеулі кемшіліктер де халықтың наразылығын туғызды. Кеңестер Одағының басшылығы қайта құру жүріп жатқан кезде Қазақстанның экономикасы “Ұсқынсыз түрде дамып келе жатқанын” айта бастады.

Ұзақ уақыт бойы әміршілдік-әкімшілдік аппараттың ықпалында болып келген баспасөз қайта құру қарсыластарына шындық көріністерін өз пайдаларына қарай бұруға мүмкіндік берді. Қазақстанда, мысалы, басшылықтың әміршілдік-әкімшілдік әдістеріне қарсы шыққан халық еркі ұлтшылдық деп жарияланды. (КСРО халық депутаты, ақын Мұхтар Шаханов басқарған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі комиссиясының жұмыс қорытындылары бойынша Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары, ақыр соңында, объективті бағасын алды. Халықтан ұлтшылдық қамыты алынып тасталды. – С.С.) [29].

Тәуелсіздік қарсаңында қабылданған Тіл туралы Заң мен Ата Заңда айқын жазылып, қазақ тіліне жеке-дара мемлекеттік мәртебе берілуі орыс тілінің өктемдігін сақтап қалуды мұрат тұтқандардың шамына қатты тигені жасырын емес. Қазақ тілінің құлдырауына негізінен сыртқы күштердің ықпалы ерекше болды. Шовинистік пиғылдағы топтар орыс тіліне мемлекеттік мәртебе әперу үшін жанталаса күрес жүргізумен болды, оларды Ресей саясатшыларының ашық та жасырын да қолдап отырғанын жасырмауымыз керек. Сол тұста Қазақстандағы ақпарат құралдарының көпшілігін қолына ұстап отырған орыс тілділер өз мақсаттарына жету үшін өз тілінің өктемдігін қорғап дауыс көтеріп жатқанда оларды Парламентте де, билік басында отырғандар арасында да жақтаушылар аз болғандықтан жалпақ жұртқа тигізген психологиялық әсері соншама, жаңа-жаңа бауырын көтере бастаған қазақ тілі қайтадан қорғансыз, қолдаусыз қалды. Әртүрлі сатыдағы билік тұтқасын ұстап отырған көптеген басшылар ежелгі әдеттерінше әсіре сақтықпен жалт етіп, сөз жүзінде қолдағансығанымен іс жүзінде тіл Заңын жүзеге асыру үшін іс- қимыл танытқан жоқ. Дес бергенде, Президенттің табанды саясатының нәтижесінде ғана Конституциямызда бір ғана мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесі сақталып қалды. Осыған дейін-ақ республикалық “Қазақ тілі” қоғамы құрылып, оның жергілікті аудандарда бөлімшелері пайда болды. Жоғары, арнаулы оқу орындарында қазақ бөлімдері дүниеге келіп, орыс бөлімдерінде де қазақ тілі оқытыла бастады. Республикалық “Ана тілі” газеті, облыс орталықтарындағы “Қазақ тілі” қоғамы бөлімшелерінің, жүйелі болмаса да, өз газеттері жарық көріп жатты. Алайда республиканың барлық жерінде қазақ деген халықтың елінде жүргенін әр адам сезінетіндей жағдай бола қойған жоқ. Ең алдымен жергілікті ұлттың басым көпшілігінің буын-буынына сіңіп қалған “орыс тілін білмеген адам адам болмайды” деген жылдар бойғы қағидадай қалыптасқан пікір жойылмай тұрғанда, “қазақ тілін оқы, үйрен” деген жалаң үгіттен ештеңе шықпайтыны ақиқат еді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Публицистерге қайта құру ең бірінші кезекте әркім өзінің кім екенін және қандай жолмен жүру қажет екенін белгілеп алуына мүмкіндік туғызды. Бұған дейін тоқырауға ұшырап, өткір де ұшқыр сөзді аңсап келген журналистиканың жариялылық пен пікірлер әралуандығы туған қолайлы шақта көңілдегіні ашық айтуға ашқарақтана ұмтылуына таң қалуға болмайтын еді. Осы жерде журналист-публицистердің дүниетанымы, көзқарасы көп жайды айқындап берді. Қайта құрудың алғашқы қадамдарынан-ақ журналистика екі лагерьге бөлініп кетті: алғашқылары өз сөздерін айтуға, қармап қалуға асықты. Бұл "қуырылған фактілер" жақтастарының ағымы болатын. Екінші топтағылар өткенді объективті түрде ой елегінен өткізуге тырысты. Газеттер мен журналдар беттерінде айтыс-тартыс, идеялар мен ақыл-ой қақтығысы жүріп жатты. Радикалдар мен консерваторлар айқындалды, басылымдар талас-тартыстың, жанжалдың алаңына айналып кете барды. Кезінде республика журналистика әлемін дүр сілкіндіріп, талайларды терең ойға қалдырған мына факт осының айқын айғағы: Алматы облыстық "Жетісу", "Огни Алатау" газеттері мен республикааралық "Коммунизм туғи" газетінің 1987 жылғы 19 мамырдағы нөмірлерінде Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың сот залынан түсірілген суреті жарияланды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Алматы облыстық партия комитеті мен Фрунзе аудандық партия комитетінің осы оқиғаға байланысты жедел түрде өткен бюроларында бұған қатаң баға берілді. Аталмыш басылымдардың редакторларына кәсіптік деңгейі төмен, идеялық ұстамсыз, жауапсыз деген ауыр кінә таңылды, барлығы СОКП мүшелігінен шығарылды, қызметтерінен шеттетілді. Қайта құрудың инициаторы, жолбасшысы болған партияның өзі күтпеген жерден публицист-журналистер тарапынан сын объектісіне айналды [30].

Журналистердің адамгершілік көзқарастарының мәселелері де шиеленісе түсті. Қайта құру кезеңінде журналистің жеке басының әлеуметтік, психологиялық, саяси және тағы басқа қырлары ерекше маңызға ие бола бастады.

Қайта құру қоғамды қайта жаңғырту жолындағы күресте саяси бағыттардың айқындалуымен және идеялардың таралуымен сипаталады. Сан түрлі басылымдар – бюллетеньдер, газеттер, апталықтар, журналдар, т.б. бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда шектеусіз шығып жатты. Тағы бір проблема – белгілі бір саяси концепция қатынастарында нақты және принциптік позицияны ұстана отырып, өзге пікірлерге зер салу проблемасы көлденеңдеді.

Сондықтан кез-келген газет материалы, егер ол мазмұны жөнінен демократиялық сипатқа ие болса және қоғамда демократияның күшейе түсуіне бағытталса, бұл тек автордың ғана жеке пікірі емес, сонымен бір мезгілде баспасөз органының теориялық және идеялық позициясы болып табылады.

Қайта құру ең соңғы кезеңіне қадам басқанда, яғни 80-жылдардың аяғында алып держава – Кеңес Одағы тұншыға тыныстап, соңғы демін алып жатқанда кеселді қоғам батыл ізденістер мен өзгерістерді талап етті. Республикада демократиялық заң шығарушылық кең құлаш жая бастады. Мұны қалайда тығырықтан шығуға бағытталған жанталас ретінде сипаттауға болар еді. Осындай жағдайда адам мүдделері бірінші кезекке қойылды. Тоқырау жағдайынан шығуға, халықтың өмір сүру дәрежесін көтеруге бағытталған қоғамның барлық салаларын жаңарту процесі жүріп жатты. Билік шын мәнінде кеңестердің қолына көшті, бұл билік құрылымдарындағы қатынастардың өзгеруіне бастады.

Жариялылықтың кең қанат жаюына байланысты партия мен өкіметтің әміршілдік-әкімшілдік күшіне сүйеніп келген кеңестік баспасөздің үгітшілік, насихатшылық және ұйымдастырушылық рөлінің төмендеуінің нәтижесінде оның ескі механизмі істен шықты. Осы тұста еліміздің түкпір-түкпірінде партиялық өктемдіктен арылған, түрлі саяси қозғалыстардың туын көтерген тәуелсіз басылымдар шыға бастады. Олардың бірқатары

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қалың бұқара арасында лайықты қолдауға ие болды. Айталық, сексенінші жылдардың соңында латвиялық “Атмода”, литвалық “Согласие”, тағы да басқа газеттер одаққа кеңінен тарады. Кеңес журналистикасындағы бұл өзгерістер қазақ баспасөзіне де ықпалын тигізбей қалған жоқ. Республикада осы тұста Қазақстан азаматтық қозғалысының “Азат”, “Алаш” ұлт-азаттық партиясының “Алаш”, Қазақстан жастары “Азамат” ұйымының “Қазақ” сияқты бірқатар тәуелсіз басылымдары дүниеге келді. Аталмыш басылымдардың ұстанған саяси бағыттары өз алдына үлкен әңгіме етуге тұрады. Осылайша, республикамызда тәуелсіз басылымдар пайда болды.

Қоғам бір-бірімен кереғар идеялар мен пікірлер тайталасының аренасына айналды. Өкімет билігін бөлісуге ұмтылған күштердің бой көтеруі даму заңдылығынан туындаған көрініс ретінде мойындалды. Осы орайда, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктері құрылымдарының ара қатынасы мен шекарасы бұрынғыдан да айқындала түсті.

...Сол кездегі дағдарыстың бар себебін қоғамдық жүйеге сүйей салуға болмайды. Дағдарыстың басты себебі үкімет жіберген қателіктерде еді.

...Демократияның дамытылу қарқынында да асығыстық орын алғаны анық... Горбачевтың қайта құру саясатының сәтсіздігі саясатты экономиканың алдына шығарудың қандайлық зардаптарға соқтыратындығының айқын айғағы.

Осы орайда әбден күшіне мініп алған әміршілдік-әкімшілдік жүйенің ауыр зардаптары жөнінде ашық айтыла бастаған болатын.

«Горбачев Кеңес Одағының бұрынғы қалпында тұра алмайтынын ақыры толық түсінбей-ақ қойған сияқты, - дейді Қазақстан Президенті Н.Назарбаев журналист С.Абдрахмановқа берген сұхбатында. – Басқасын былай қойғанда, КСРО-дай алып елді бір орталықтан басқару ендігі жерде мүмкін еместігі анық болатын. Мен жаңарған Одақтың ендігі жерде федерация күйінде қала алмайтынын әу бастан-ақ ескерткенмін... «Қазақстан ешқашан да бірде-бір аймақтың айыл-тартпасы болмайды, ешқашан да оның «кіші інісі» болмайды», деп те басын ашып айтқанмын... Кеңес Одағы ең әрі барғанда конфедерация түрінде ғана сақтала алатын еді. Горбачев конфедерация идеясын да қолдамай, ақыр аяғында федерациядан да айырылды. Біз ел бірлігін одақты қалайтындармен болса да, сақтап қалғымыз келген еді. Оның бел ортасында Ресей бар... Михаил Сергеевич тіпті көнбей қойды...».

Саяси дағдарыс күшейген үстіне күшейе берді. Горбачев билігіне Ресей басшылығы тарапынан орасан мықты соққы жасалды. Одан кейін Ресейде президент сайлауы өтті. Ельцин жеңіске жетті. Сайлау алдында елді аралау кезінде Ельцин Ресейдің одақтық құрылымдардың бәрінен, одақтық министрліктердің бәрінен бас тартатынын мәлімдеді... Ресейдің халықаралық қатынастар субъектісі ретіндегі тәуелсіздігін жақтады...

Көктем, жаз бойы жаңа Одақтық Шарттың төңірегінде дау-дамай қызып жатты. Сәуірде Ново-Огаревода тоғыз республика басшыларының КСРО президентімен кездесуі болды. Республикалар нақты құқықтар мен өкілеттіктер талап етті, орталық болса биліктің бар тетіктерін өз қолында қалдыруға жанталасты. Ақыр аяғында солар елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси ахуалды тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы ортақ хаттамаға қол қоюмен тарасады...

ГКЧП бүлігіне қозғау салған негізгі жай – Горбачевтың 20 тамыз күні жаңа Одақтық шартқа қол қойылатынын жариялауы. Оны ұйымдастырушылар ең алдымен республикалардың жаңа мәртебеге ие болуына қарсы шығуға тырысты. Сондықтан бұл бүлікті ең алдымен одақтас республикалардың егемендік жолындағы күресіне қарсылық деп бағалаған орынды.

Мәскеудегі 1991 жылдың 19-21 тамыз аралығында болған тамыз оқиғалары партиялық өктемдікке біржолата нүкте қойды. Мұндай оқиғалар кез келген публицист-журналистің ұстанымын, саяси ойлау машығын айындауда маңызды рөл атқаратындықтан

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

бұған кеңінен тоқтала кеткен жөн секілді. Тамыздың 19 күні таңертең радио елімізді дағдарыс күйден шығару, елде қатаң тәртіп орнату мақсатын «көздейтін» төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет деген құрылып, Президент М.С.Горбачев денсаулығының нашарлауынан өз міндетін атқара алмайтынына байланысты президент билігі вице-президентке ауысады деп хабарлады.

Әдеттегідей, барлық газеттер сол төтенше комитеттің алғашқы құжаттарының бәрін жариялады. Соның ішінде Кеңес басшылығының (үш адам Г.Янаев, О.Бакланов, В.Павлов қол қойған) Кеңес халқына үндеуі дегенді, оның №1 қаулысын, шетелдерге арнаған мәлімдемесін (кәдімгі үкімет өзгерісі болғанда айтатындай – бұл біздің ішкі ісіміз, ешкім бұған араласпасын, ал біз басқа мемлекеттер алдындағы борыш-міндеттемелерімізді қалтқысыз орындаймыз дегендерді айтты) жариялады. Олардың №2 қаулысы (небары үш қаулы қабылдап үлгерді, оның үшіншісі радиомен берілді де баспасөзде жарияланып үлгермеді) бойынша орталықта тоғыз газеттен басқа газеттердің барлығы тоқтатылып, қайтадан тіркеуден өтуге тиіс болды.

Қазақстанда жағдай қалыпты болды.

Әрине, 20 тамыз күні барлық газеттер бұрыннан орнап қатып қалған тәртіпті сақтап, ресми құжаттардың барлығын да жариялады. Қарсы жақтың құжаттары бізге жетпеді.

21 тамызда газеттер өздерінің көзқарас-қимылын айқындай бастады. «Егеменді Қазақстан» төтенше комитеттің көп құжаттарын жарияламай қойды. «Лениншіл жас» пен «Ленинская смена» да ресми материалдарға орын берген жоқ. «Казахстаская правда» сол құжаттың кейбіреуін беріп отырып, онымен қатар өздерінің түсініктемесін (ол төңкерістің түсініксіз, заңсыз екенін ашық айтқан) жариялады. Қарағандының «Орталық Қазақстан» газеті сол алғашқы күннің өзінде төңкеріске қарсы, әшкерелеген, ашынған мақалалар берді. Сөйтіп, газет редакторы Нұрмахан Оразбеков теңдессіз ерлік жасады [31].

Көпшілік облыстық газеттер, республикалық радио мен телевизия сол ресми хабарлардың аумағынан шыға алмай, өздерінің көзқарас-пікірлерін батыл айта алмады.

Тамыз оқиғасы Кеңес Одағындағы саяси үдерістерді жеделдетіп жіберді. Енді Одақтың ыдырауын тоқтату мүмкін болмай қалды...

Кеңестік жүйенің соңғы кезеңінде Қазақстанда экономикалық дағдарыс жайлады. Экономикалық қуаты, өнеркәсіп потенциалы одақта үшінші орын ала отырып, республика халыққа қажет игіліктер, әлеуметтік тұрмысты қамтамасыз ету жөнінен 8-12 орындарда болды. Елде 250 елді мекен суды тасып ішті, 1648 мекенде аурухана, 2090 жерде мектеп, 3800-інде балалар мекемелері болмаған. Республика жерінен өтетін газ құбырларының бойында отырған 2000 елді мекеннің 78-і ғана сол құбырдағы газды пайдаланды. 210 селолық ауданның 71-інде жағдай қанағаттанғысыз, ал 30 алыс аудандарда (оларда 1 миллионнан астам қазақ тұрды) адам төзгісіз еді...

Тәуелсіздік қарсаңында Қазақстанның өзіндік конституциялық заңнамасын қалыптастырудың басы уақыт жағынан Кеңестер Одағының ыдырауына сәйкес келді. Тәуелсіздікке қарай барар жолдағы алғашқы қадам 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы болды.

Ал, 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық акт Заңы қабылданып, Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялады.

Ұзақ жылдар бойы адамзат көшінен көз жазып, азаттық, еркіндік дегеннің, иелік, қожалық, егемендік дегеннің байыбына барып көрмеген ұрпақ ойламаған жерден империяның казармалық бұғауынан босап, бостандық әлеміне шыққанда, қайда бет аларын білмей абыржып қалған-ды. Жуық арада іргесі ыдырамастай көрінетін қызыл империяның күрт күйрегені сонша, жұртшылық түсінбестей беймаза күйге ұшырады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сонау, 1909 жылы халқымыздың ұлы перзенті Міржақып Дулатов: «Оян, қазақ!» деп ұрандап еді. Арадан сексен жылдан астам уақыт өткенде Қазақ елі тәуелсіздігінің нұрлы таңы енді-енді атып келе жатқанда қазақ қалың ұйқысынан оянып қана қойған жоқ, жан-жағына қарап, көпті көріп, көп нәрсені көңілге түйіп, ұлт мүддесі жолындағы ұлан асу, ұлы жорыққа аттануға тас-түйін болып, дайын отыр еді. Дәл осындай тарихи тұста публицист-жазушы С.Досанов мынадай ұран тастады: «Ойлан, қазақ! Халқымның көсегесі көгерсін десең, ойлан! Ойланып қана қоймай, беліңді бекем буып, әрекет істе, уақытты босқа өткізбей, ұлтың үшін ұлы іс тындыр! Адамзат көшінің соңында қашанғы қала бермекпіз?! Басыңды біріктірер күн туды. Ерлігіңді танытар, елдігіңді сақтап қалар сын сағаты жетті. Қазақтың дауылдардан ықпаған, ерлік туын жықпаған ер-азаматы, сен болмасаң; халықтың ақылгөй қарты, қайсар жігіті, намысты ұланы, қиянға жұмсар қыраны, сен болмасаң; ер-азамат серігі – қазақтың сүйкімді аруы, сен болмасаң; аяулы абзал ана, сен болмасаң... қазақтың қамын кім ойлар? Қазақтың қамы әр қазақтың жүрегінде жүрер, көкейін тесер, кеудесін қарыр күн бүгін.

Ұлтым тарих тасасында ұмыт қалмасын, ұрпағым өссін, халқым өркендесін деген кеудесінде намыс оты бар әр қазақ өз ортасында халыққа пайдалы әйтеуір бір іс тындыруға міндетті. Біз ... жол айрығында тұрмыз...» [32].

Ұлт ретінде жұтылып кетудің қасіретті қаупі қара бұлттай торлаған ауыр саяси-экономикалық жағдайда еліміз өз тәуелсіздігін жариялап, егемендікке қадам басты. Осылайша, әлем картасында дербес елге айналдық, кең байтақ жеріміздің қазба байлығы, потенциалы еншімізге берілді. Қазақ елінің алдында ұлы тарихи міндеттер бой көтерді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Стратегия партии. Передовая статья // Правда. 1985. 10 ноября.
2. Горбачев М.С. О национальной политике партии в современных условиях. – М.: Политиздат, 1989. – С. 14.
3. Брежнев Л.И. О пятидесятилетии Союза Советских Социалистических Республик. Доклад на совместном торжественном заседании Центрального Комитета КПСС и Верховного Совета СССР и Верховного Совета РСФСР в Кремлевском Дворце съездов. 21 декабря 1972 г. Ленинским курсом. Речи и статьи. Т. 4. – М.: Политиздат, 1974. – С. 50.
4. // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. 1999. №7. – 12-13-беттер.
5. // Правда. 1986. 17 декабря; Социалистік Қазақстан. 1986. 17 желтоқсан.
6. Сообщение из Алма-Аты // Правда. 1986. 19 декабря; Алматыдан хабар // Социалистік Қазақстан. 1986. 19 желтоқсан.
7. Қонаев Д.А. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе) / Ауд. С.Әбдірайымұлы. – Алматы: Санат, 1994. – 427-433-беттер.
8. Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жұмысы туралы КОКП Орталық Комитетінің 1987 жылғы шілдедегі қаулысы // Қазақ әдебиеті. 1987. 17 шілде.
9. Самойленко А. Уроки правды // Лит. газета. 1987. 10 января.
10. Лапин А. Горькие уроки // Комсомольская правда. 1987. 10 января.
11. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 217-бет.
12. Есильбаев Т. Цена самолюбования // Правда. 1987. 11 февраля.
13. Головоткин Ж. Что стояло за событиями в Алма-Ате? // Молодая гвардия. 1989. №6. – С. 58.
14. // Известия. 1987. 26 марта.
15. Алимжанов А. Что же произошло в Алма-Ате? // Лит. газета. 1987. 7 января.
16. // Социалистік Қазақстан. 1987. 16 қаңтар.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

17. Журавлев В., Кодин М. Аппарат – для политики // Правда. 1989. 22 сентября.

18. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының материалдары. – Алматы, 1989. – 133 бет.

19. // Правда. 1988. 29 октября.

20. Жастармен ашық әңгіме. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаевтың республика астанасы жастарының өкілдерімен кездесуі // Социалистік Қазақстан. 1990. 17 қаңтар.

21. Қалшабеков Ә. «Ленинизмнен бой тартайық» және Айдосов А. «Ленинизмді қорғай білейік». Кереғар екі хат, екі түрлі сын-сипат // Қазақстан коммунисі. 1991. №4. – 54-59-б.

22. Засурский Я.Н. Научное исследование журналистики – важный фактор развития гласности // Вестник Московского университета. Серия 10. Журналистика. 1989. №5. – С. 3.

23. // Литературная газета. 1988. 11 мая.

24. Айтматов Ч. Не подрываются ли основы? // Известия. 1988. 24 мая.

25. Қараңыз: Қозыбаев М. Тарих және әдебиет // Қазақ әдебиеті. 1988. 15 қаңтар; Нұржекеев Б. Ашық айту – арға сын // Қазақ әдебиеті. 1988. 29 қаңтар; Елубаев С. Нәубет. Мезгіл мінбесінен // Қазақ әдебиеті. 1988. 18 наурыз; Нұршайықов Ә. Қайта құру туралы ойлар // Жұлдыз. 1988. №6; Сең бұзылса, сел жүрер. Т.Қаупынбаевтың Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы С.Мұратбековпен сұхбаты // Жұлдыз. 1988. №7; Мәуленов С. Жазушы толғанысы // Жұлдыз. 1988. №8; Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер түзетілсе (пікір алысу ретінде) // Жұлдыз. 1988. №11; Ақиқатын айтар болсақ... Журнал тілшісі С.Тұрғынбековтің ақын-публицист Қ.Мырзалиевпен сұхбаты // Жұлдыз. 1988. №6; Жүнісов С. Шындықтың шырайы кірсін // Жұлдыз. 1988. №6; Әділет салтанат құруда. Жазушы-публицист Б.Қойшыбаевтың Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төрағасы Т.Аймағамбетовпен сұхбаты // Қазақ әдебиеті.. 1988. 9 желтоқсан; Кәкішев Т. Қазақ зиялыларының тағдыр-талайы // Қазақ әдебиеті. 1989. 19, 26 мамыр; Демократия тағылымдары. КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі, КСРО Халық депутаты Мұхтар Шахановпен әңгіме. Әңгімелескен К.Тәбеев // Қазақ әдебиеті. 1989. 14 шілде; т.б.

26. Бөкеев О. Партия дегеніміз... Мезгіл мінбесінен // Қазақ әдебиеті. 1990. 2 наурыз; Ахметов Қ. Партократия мен демократия // Қазақ әдебиеті. 1991. 5 наурыз.

27. Қараңыз: Бердібаев Р. Имандылық // Қазақ әдебиеті. 1991. 15 наурыз; Өзіңнен бастау оңай ма? Журнал тілшісі Т.Қаупынбаевтың публицист-жазушы С.Шаймерденовпен сұхбаты // Жұлдыз. 1988. №2; Нұрмұхамбет Д. Адалдықтан айнымаған адам. Көрнекті жазушы С.Шаймерденовтың азаматтық бейнесінің бір қыры туралы толғау // Қазақстан-Zaman. 2003. 12 желтоқсан; т.б.

28. Есенәлиев М. Қалыпқа салма, халыққа сал. КОКП Орталық Комитетінің Пленумы қарсаңында // Қазақ әдебиеті. 1989. 14 шілде.

29. Қараңыз: Шаханов М. Бес ғасырлық арман немесе Желтоқсан тағылымы (Желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан» атты ғылыми-теориялық конференцияда жасалған баяндама) // Қазақ әдебиеті. 1996. 17 желтоқсан; Мәселе – әділеттілікте. Публицист Ж.Қорғасбектің «Қазақ әдебиеті» газеті жанынан құрылған ақылдастар алқасының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеология бөлімінің меңгерушісі Қ.Сұлтановпен сұхбаты // Қазақ әдебиеті. 1990. 20 шілде; т.б.

30. Садықұлы С. Қоғам және журналист. – Астана: Елорда, 2000. – 83-88-беттер.

31. Смайылов К. Дүниені дүрліктірген үш күн (1991 жылдың 19-21 тамыз аралығында не болды?) // Қазақстан коммунисі. 1991. №10.

32. Досанов С. Қазақтың қамын кім ойлар? Мезгіл мінбесінен // Қазақ әдебиеті. 1991. 21 маусым.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК: 371.32

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Бондаренко Наталья Юрьевна
Актюбинский колледж транспорта, связи и новых технологий,
преподаватель специальный дисциплин, педагог-мастер
Актобе, Казахстан

Аннотация: Искусственный интеллект (ИИ) активно внедряется в различные сферы образования, включая работу преподавателя колледжа. Эта статья рассматривает использование ИИ для подготовки учебных материалов, создания поурочных планов, конспектов, а также проведения опросов студентов. Анализируется влияние ИИ на повышение эффективности преподавательской деятельности и индивидуализацию образовательного процесса.

Ключевые слова: ИИ-инструменты, ChatGPT, образовательные технологии, генерация, планы уроков, методические аспекты обучения, методические рекомендации, виртуальная реальность, вовлеченность студентов, планирование урока

Введение

Современное образование сталкивается с новыми вызовами, связанными с цифровизацией и необходимостью адаптации к изменяющимся потребностям общества. Искусственный интеллект, как один из инструментов цифровой трансформации, предоставляет преподавателям возможность автоматизировать рутинные задачи, сосредотачиваясь на творческом и методическом аспектах обучения.

Основные направления применения ИИ

1. Подготовка к урокам и разработка учебных материалов

Современные ИИ-инструменты, такие как ChatGPT, позволяют преподавателям быстро создавать лекционные материалы, структурированные тексты и даже задания для студентов. Например, преподаватель может задать конкретную тему, а система предложит готовый материал, который можно адаптировать.

Автоматизированный поиск и адаптация контента

ИИ может помочь преподавателю искать актуальную информацию по теме урока в открытых источниках, фильтровать и адаптировать её для студентов. Например: генерация списков литературы, поиск мультимедийных материалов (видео, изображения, инфографика)[1].

Преимущества использования ИИ:

- Значительная экономия времени на подготовку.
- Доступ к разнообразным источникам информации.
- Возможность интеграции современных образовательных технологий, таких как интерактивные модули.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Кейсы:

1. Преподаватель иностранного языка может использовать ИИ для создания текстов с упражнениями, автоматически генерируя задания для изучения грамматики или лексики.
2. Для инженерных дисциплин возможно быстрое создание расчетных задач с решениями.

2. Разработка поурочных планов и конспектов

Генерация структурированных планов уроков

ИИ может создавать поурочные планы с учетом целей обучения, временных рамок и методических рекомендаций.

Например, система предлагает:

1. цели урока (образовательные, развивающие, воспитательные),
2. структуру занятия (введение, основная часть, закрепление материала, домашнее задание),

3 рекомендации по использованию активных методов обучения.

Индивидуализация уроков

ИИ способен адаптировать планы уроков под различный уровень подготовки студентов. Для сильных групп предлагаются более сложные задания, для слабых — упрощенные версии материала.

Использование специализированных инструментов

Образовательные платформы, такие как Edmodo или Microsoft Teams, интегрируют ИИ для создания учебных планов, отправки материалов и автоматизации напоминаний [2].

Пример:

При планировании урока истории преподаватель задает тему «Великая Отечественная война». ИИ предлагает структурированный план:

1. Введение: ключевые даты и причины войны.
2. Основная часть: крупные сражения, социально-экономическое влияние.
3. Итоги: дискуссия о значении войны в истории.

3. Проведение опросов студентов и анализ их ответов

Автоматизация опросов и тестов

ИИ упрощает процесс создания и анализа опросов. Преподаватель вводит параметры (тема, тип вопросов), а система генерирует тесты: от простого выбора ответов до сложных заданий с открытым ответом.

Анализ результатов и прогнозирование

ИИ позволяет не только проверять тесты, но и анализировать общие результаты группы. Например:

- Определение тем, где у большинства студентов есть пробелы.
- Прогнозирование вероятности успешного усвоения следующего материала.

Инструменты для интерактивного обучения

Использование таких платформ, как Kahoot! или Quizizz, которые поддерживают ИИ-алгоритмы, позволяет проводить игровые опросы. Эти платформы повышают вовлеченность студентов и дают преподавателю моментальный анализ ответов [2].

Пример:

Преподаватель охраны труда использует ИИ для анализа результатов тестов. Система выявляет, что большинству студентов трудно выполнять задания по оказанию

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

первой помощи при поражении электрическим током, и предлагает дополнительные материалы и упражнения для закрепления.

4. Индивидуализация обучения

Рекомендации по улучшению образовательного процесса

ИИ анализирует успеваемость каждого студента и формирует индивидуальные рекомендации. Например, студенту с низким уровнем понимания предлагаются дополнительные упражнения, а тем, кто усвоил материал, — углубленные задания [3].

Поддержка преподавателя в работе с разноуровневыми группами

ИИ помогает адаптировать учебные материалы для различных категорий студентов:

- Студентов с особыми образовательными потребностями.
- Иностранных студентов, нуждающихся в дополнительных разъяснениях.

Пример:

При изучении английского языка ИИ генерирует для слабых студентов упражнения по основам грамматики, а для сильных — задания на развитие навыков письменной речи.

5. Визуализация и создание интерактивного контента

Автоматизация создания презентаций

ИИ-инструменты, такие как Canva или PowerPoint Designer, Gamma помогают быстро создавать визуальные материалы, включая инфографику, презентацию, схемы и диаграммы [4, стр 47].

Использование дополненной реальности (AR) и виртуальной реальности (VR)

Интеграция ИИ с AR/VR позволяет создавать уникальные образовательные сценарии. Например, изучение конструкции тепловоза может быть дополнено виртуальными моделями конструкционных блоков [4, стр 76].

Пример:

Преподаватель геодезии использует ИИ для создания интерактивной карты, где студенты могут исследовать топологических особенностей различных регионов.

Заключение

Использование ИИ в образовании открывает перед преподавателями новые возможности, значительно упрощая выполнение рутинных задач и повышая качество образовательного процесса. Искусственный интеллект становится важным инструментом для преподавателей. Его внедрение помогает персонализировать обучение и оптимизировать подготовку к урокам. Однако важно помнить, что ИИ — это инструмент, который должен дополнять, а не заменять творческую работу педагога.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Гребенщикова, О.А. "Цифровизация образования: проблемы и перспективы". Вестник образования, 2021.
2. Беляев, А.Н. "Искусственный интеллект в образовании". Научный журнал "Современные образовательные технологии", 2022.
3. Кудрин, А.И., Сафронова, Н.П. "Методические аспекты внедрения ИИ в преподавание". Издательство МГТУ, 2023.
4. Лебедев, П. И. (2021). Инновационные подходы к преподаванию с использованием ИИ. *Доклады Российской Академии образования*, 82(4), 101-109.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

37.016:811.111:5

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСІ (CLIL) АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ЖӘНЕ ПӘНДІК ДАҒДЫЛАРЫН БІРУАҚЫТТА ДАМЫТУ ӘДІСІНЕ АНАЛИЗ ЖАСАУ»

Битебай Аружан Қанатқызы
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
Филология факультетінің «Шет тілі: екі шет тілі» ббб 2-курс студенті, бакалавриат
Орал, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада тілдік білім беру саласындағы заманауи әдістемелер мен тәсілдер қарастырылады. Шет тілдерін үйретуде қолданылатын CLIL әдісінің тиімділігі мен олардың білім алушылардың тілдік және пәндік құзыреттілігін арттыруға ықпалы зерттелген. Сонымен қатар, тіл үйретудің бұл әдіспен келетін жаңа мүмкіндіктер талданып, оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартуға бағытталған әдістер ұсынылады. Мақалада білім беру процесін жақсарту мақсатында белсенді оқыту әдістерін қолданудың практикалық мысалдары келтірілген. CLIL әдісінің Қазақстандағы қолданысы, тигізер пайдасы талданып, осындай әдістер мен бағдарламаларды білім беру саласына кері қосу керектігін түсіндіреді, енгізу барысындағы қиындықтар мен мүмкіндіктер талданады. Болашақ педагог маман ретінде өз ойын қалдырған.

Кілт сөздер: шет тілін оқыту, интеграция, тілдік құзыреттілік, CLIL әдісі, оқулық, жаратылыстану пәндері, бағдарлама, пәндік құзыреттілік, дағды.

Бүгінгі әлемде білім беру жүйесінің тиімділігі мен сапасы мемлекеттер арасындағы бәсекелестіктің басты факторы болып табылады. Әсіресе, жаратылыстану пәндерін оқытуда ағылшын тілінің ролі барған сайын артып келеді. Қазақстан білім беру жүйесінде үш тілде оқыту саясатын жүзеге асыру аясында жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдісі – Content and Language Integrated Learning (CLIL) – ерекше маңызға ие. CLIL – мазмұнды және тілдік білімді бір уақытта дамытуға бағытталған тәсіл. Қазақстандағы білім беру жүйесі үш тілде оқыту саясатын қабылдай отырып, халықаралық стандарттарға сай білім беру мақсатында CLIL әдісін енгізуде. Оқушылардың тілдік және пәндік білімдерін қатар дамыту, оларды глобализацияланған әлемде бәсекеге қабілетті ету үшін жаңа әдістемелер мен инновациялық технологияларды қолдану маңызды. Осылайша, жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдісі (CLIL) Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудағы және халықаралық деңгейде білім алудағы негізгі құралдардың бірі болып табылады.[1]

CLIL (Content and Language Integrated Learning) – бұл мазмұнды және тілді кіріктіріп оқыту әдісі, яғни белгілі бір пәннің мазмұнын оқу барысында сол пәнді шет тілінде меңгеруге мүмкіндік беретін тәсіл. Берілген терминді алғаш рет 1994 жылы Дэвид Марш енгізді. Бұл әдіс білім беру саласында, әсіресе, жаратылыстану, техника, экономика және басқа да пәндерді оқытуда кеңінен қолданылуда. Оқушылар пән мазмұнын шет тілінде (көбінесе ағылшын тілінде) оқи отырып, бір мезгілде пәнге қатысты терминология мен сол тілдегі сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. CLIL-технологияны пайдалану білім беру проблемаларының айтарлықтай ауқымын шешуге мүмкіндік береді. Ана тілі емес (шетел) тілді және тілдік емес пәндерді бір мезгілде оқыту күтілетін оқыту мақсаттарына жетудің және кең ауқымды дағдылард қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

CLIL концепциясы 1990-шы жылдары пайда болды, оны Еуропалық білім беру жүйесіне енгізу үшін дамытқан. Оған Еуропалық Комиссия мен түрлі білім беру ұйымдары қолдау көрсетті. Бельгия мен Италияда алғашқы эксперименттер жүргізілді. Содан бері әдіс Еуропаның көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да кеңінен қолданыла бастады.

CLIL әдісін қолданудағы артықшылықтар:

1. Интеграция. CLIL әдісі арқылы оқушылар тек тіл үйреніп қана қоймай, сонымен қатар пәндік білімдермен де танысады, екі саланы біріктіреді.

2. Тілдік дағдыларды дамыту. CLIL оқыту кезінде тілдік дағдылар (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) пәндік мазмұн арқылы дамиды. Оқушылар терминологияны, грамматика мен сөздік қорды нақты контексте қолдана отырып меңгереді.

3. Критикалық ойлау. CLIL оқыту әдісі оқушыларды ақпаратты талдауға, сыни пікір қалыптастыруға және проблемаларды шешуге ынталандырады, өйткені олар жаңа білімді алу үшін белсенді түрде қатысады.

4. Әлемдік тәжірибе. CLIL әдісі халықаралық деңгейде кеңінен қолданылып, білім беру жүйелерінде тиімділігін дәлелдеді, сонымен қатар тілдік және мәдени алмасуға септігін тигізеді.CLIL — тілдік білімді пәндік біліммен біріктіру арқылы оқушыларды жан-жақты дамытуға бағытталған тиімді әдіс.

CLIL әдісін қолданудағы кемшіліктер:

1. Мұғалімдердің Дайындығының Жеткіліксіздігі: CLIL әдісін жүзеге асыру үшін мұғалімдер пәндік және тілдік құзыреттілікті бірдей меңгеруі керек. Бұл талап көптеген мұғалімдер үшін қиындық туғызады, әсіресе егер олардың тілдік білімі жеткіліксіз болса.

2. Оқу Материалдарының Шектеулігі: Үш тілде оқытылатын пәндерге арналған арнайы оқу құралдары мен ресурстардың тапшылығы байқалады. Сапалы оқу материалдары мен құралдар болмаса, сабақтардың тиімділігі төмендеуі мүмкін.

3. Оқушылардың Тілдік Деңгейінің Әртүрлілігі: Оқушылардың тіл деңгейлері әртүрлі болғандықтан, кейбіреулері пәнді түсінуге қиналады. Бұл олардың оқу үлгеріміне кері әсер етуі мүмкін.

4. Уақыт Және Ресурс Талаптары: CLIL сабағын дайындау және өткізу қосымша уақытты, күш-жігерді және ресурстарды қажет етеді. Мұғалімдерге жоспарлау, қосымша оқу құралдарын іздеу және тілдік мазмұнды бейімдеу үшін көбірек уақыт қажет болады.

5. Бағалау Қиыншылықтары: CLIL әдісінде оқушылардың жетістіктерін бағалау қиындайды, себебі олардың тілдік дағдылары мен пәндік білімдері қатар бағалануы керек. Мұны объективті бағалау үшін арнайы тәсілдер қажет. CLIL әдісі оқушылардың тілдік және пәндік білімдерін қатар дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әдіс болғанымен, оны сәтті жүзеге асыру үшін кешенді дайындық пен қолдау қажет.[2]

До Койл, Филип Худ, Дэвид Марш – бұл зерттеушілер CLIL (пән мен тілді кіріктіріп оқыту) әдісінің негізін қалаушылар болып саналады. Олар CLIL әдісінің теориялық және практикалық тұстарын зерттеп, тілдік және пәндік білімді бір уақытта дамыту тәсілдерін ұсынды. 2010 жылы жарыққа шыққан «CLIL (Content and Language Integrated Learning)» атты кітап авторлары. Кітап сегіз бөлімнен тұрады:

1. A window on CLIL. Бұл бөлімде CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдісінің негізгі аспектілері мен оның маңызы талқыланады. CLIL тілді және пәндік білімді қатар меңгертуді көздейтін әдіс ретінде дамыған. Оған деген қызығушылық халықаралық білім беру саласында арта түсті, себебі CLIL әртүрлі елдерде көптілділік пен мәдениетті біріктіруді жеңілдетеді CLIL оқу жоспарларының әртүрлілігі.

2. Curricular variation in CLIL. CLIL бағдарламаларын әртүрлі оқу контекстіне бейімдеудің үлгілерін қарастырады. Бұл бөлімде әр елдегі оқу жүйесінің ерекшеліктеріне сай CLIL бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктері талданады. CLIL бағдарламасының масштабы мұғалімдер мен оқушылардың тілдік деңгейлеріне, уақыт мөлшеріне және оқыту формасына байланысты анықталады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

3. CLIL as a theoretical concept. CLIL теориялық негіздері ретінде «Төрт С» моделі» (Content-Мазмұн, Communication-Коммуникация, Cognition-Ойлау, Culture-Мәдениет) ұсынылған. Бұл модель оқыту үдерісінде тіл мен мазмұнды үйлестіре отырып, оқушылардың тек пәндік білімдерін ғана емес, сонымен бірге тілдік және мәдени дағдыларды да дамытуға бағытталған.

4. Transforming theory into practice. Теорияны іске асыру тәсілі ретінде CLIL Toolkit арқылы мұғалімдер мазмұнды оқыту кезінде тілді үйренуге бағытталған тапсырмаларды қалай қолдану керектігін, мәдениетаралық байланыстарды қалай орнату қажеттігін жоспарлайды. Бұл құрал мұғалімдерге сабақ жоспарларын жасау кезінде мазмұн мен тілдік мақсаттарды біріктіруге, оқу үдерісін когнитивті тұрғыдан тереңдетуге көмектеседі.

5. Evaluating and creating materials and tasks for CLIL classrooms. Осы теорияны материалдар арқылы жүзеге асыру мысалдары беріледі, мысалы, пәнге сәйкес мәтіндер мен тілдік жаттығуларды біріктіру. Бұл әдіс арқылы оқушылар пәндік материалды меңгере отырып, сол тақырыпқа байланысты тілдік дағдыларын да дамытады.

6. Assessment issues in CLIL. CLIL бағдарламаларындағы бағалау мәселелеріне арналған. Бұл бөлімде мұғалімдерге бағалау процесін жақсартуға бағытталған бірнеше маңызды әдістер қарастырылады: Формативті бағалау (оқыту кезінде үздіксіз бағалау) оқушылардың оқу процесін қолдау үшін қолданылады және суммативті бағалауға қарағанда жиі қолданылуы керек деп ұсынылады. Суммативті бағалау (оқу аяқталғаннан кейінгі қорытынды бағалау) сирек қолданылуы тиіс, бірақ жүйелі түрде орындалуы керек

7. Evaluating the impact of CLIL programmes. CLIL бағдарламаларының оқушыларға әсерін қалай бағалау керектігі түсіндіріледі. Бағдарламаның сапасын қамтамасыз ету және оны жақсарту үшін жүйелі түрде бағалау қажеттігі айтылады.

8. Future directions. CLIL-дің болашағы мен оның даму бағыттарын талқылайды, әсіресе жаһандану, өзгерістер, тұрақтылық және көптілділікті оқу жоспарына интеграциялау тақырыптарына ерекше назар аударады.

2017 жылғы «Көптілді білім беру» бағдарламасы. Бұл бағдарлама негізінен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде білім беруді қолдайды және оның мақсаты – оқушыларды көптілді, бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу. Көптілді білім беру бағдарламасы әсіресе орта мектептерде жаратылыстану және техникалық пәндерді ағылшын тілінде оқытуға бағытталған. Бұл жоба аясында математика, физика, химия, биология сияқты пәндер жоғары сыныптарда ағылшын тілінде оқытыла бастады. Мұнда, қазақ тілі – ұлттық мәдениет пен тарихты оқыту құралы, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі – жаһандық ақпаратқа қол жеткізу және халықаралық коммуникация құралы ретінде қызмет атқарады.[3]


Бағдарлама аясында жүргізілген шаралар:


Мұғалімдерді арнайы даярлау: Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытатын мұғалімдерді арнайы оқыту бағдарламалары жүргізілді. Қазақстанда және шетелде педагогтар курстарға қатысып, ағылшын тілін меңгеру деңгейін жақсартты және CLIL (Content and Language Integrated Learning) әдістемесін қолдану бойынша дайындықтан өтті. Назарбаев Университеті, Назарбаев Зияткерлік мектептері және Білім және ғылым министрлігі шетелдік серіктестерімен бірге мұғалімдерді дайындау және қайта даярлау бағдарламаларын ұйымдастырды.

2. Оқулықтарды және оқу материалдарын бейімдеу: Жаратылыстану пәндеріне арналған ағылшын тіліндегі оқулықтар мен материалдар әзірленді және оқыту бағдарламасына енгізілді. Бұл оқулықтарда ғылыми терминология және тілдік қолдау материалдары қамтылып, оқушыларға шет тілінде білім алуды жеңілдетуге арналған қосымша ресурстар ұсынылды.

Авторлары: Б.Эрметов, А.Сагинтаев, К.Байрам, А.Ахметова,Л.Нуралиева, А.Джилкайдарова, Н.Карімова. Жылы: 2017

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737





Авторлар: А.Карабатыров, А.Байешов, Е. Дуйсеев, Н.Шокобалинов, Н.Ташев
Жылы: 2017

3. Пилоттық мектептерді таңдау: Көптілді оқыту бағдарламасы алғашында Назарбаев Зияткерлік мектептері, арнайы лицейлер және гимназиялар сияқты таңдаулы оқу орындарында іске қосылды. Бұл мектептер бағдарламаның алғашқы кезеңін іске асыру үшін таңдалып, жаңа әдістер мен оқыту тәсілдерін сынақтан өткізу алаңы ретінде қызмет атқарды.[4]

Қорытындылай келе, «Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» Н.Ә.Назарбаев үш тілде білім беру арқылы жастарды жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті ету міндетін алға қойды: «Үш тілде білім беру – болашақтың талабы». Бұл балаларымыздың жан-жақты дамуына, шет елдердің тәжірибесін үйренуге мүмкіндік береді. Қазақстандағы үш тілде білім беру саясаты – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін қатар пайдалану арқылы оқушыларды көптілділікке дайындауға арналған. Бұл жүйенің басты мақсаты – халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті мамандарды тәрбиелеу. Оқушылардың ғылыми терминологияны, тілдік құрылымдарды, және коммуникациялық дағдыларды игеруі арқылы білім алу процесі сапалы түрде жүзеге асады.

Болашақта CLIL әдісі мен үш тілде білім берудің рөлі арта түсетіні сөзсіз. Глобализация және халықаралық стандарттардың талаптары білім беру жүйесінің интеграцияланған тәсілдерін қажет етеді. Оқыту барысында заманауи технологияларды пайдалану, педагогикалық инновацияларды енгізу, және мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқушылардың білімін сапалы деңгейде дамытуға ықпал етеді. CLIL және үш тілде білім беру концепциялары оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Оқушылар ғылыми білімдерімен қатар, тілдік дағдыларын меңгере отырып, болашақта табысты маман болып қалыптасады. Интеграцияланған тәсілдерді тиімді жүзеге асыру үшін білім беру жүйесінде жүйелі өзгерістер мен жаңалықтар енгізу маңызды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Р.А. Садыкова, «CLIL технологиясын қолдану арқылы оқытудың ерекшелігі», Международный научный журнал АКАДЕМИК, 34
2. https://www.linkedin.com/pulse/content-language-integrated-learning-clil-methodology;
3. До Койл, Филип Худ, Дэвид Марш, «CLIL: Content and Language Integrated Learning», 2010 жыл;
4. Смирнова З. Г., «Трехъязычное образование в Казахстане: Проблемы и перспективы», 2017 жыл;

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ: 373,31

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКА ПӘНІ АРҚЫЛЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

САЛГАРАЕВА ГУЛАЙЫМ ИБРАГИМОВНА
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
педагогика және психология магистрі,
АЛДАБЕРГЕН ҰЛЖАЛҒАС,
АБДИСАЛИЕВА НАЗЕРКЕ,
АБДІРАҚ АРУЖАН
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 6В01301-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3-курс студенттері,
Алматы, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада математика пәні арқылы бастауыш мектеп жасындағы балалардың қаржылық сауаттылығын дамытудың маңыздылығы қарастырылады. Қазіргі жағдайда қаржылық сауаттылық экономикалық жағдайларға сәтті бейімделу үшін қажетті негізгі құзыреттердің бірі болып табылады.

Мақалада сауаттылық пен ақшаны басқару дағдыларын дамыту үшін математикалық есептерді қолдану мысалдары келтірілген. Сондай-ақ балалардың қаржылық сауаттылығын тиімді дамыту үшін оңтайлы әдіс-тәсілдер ұсынылып және ата-аналармен жұмыстың маңыздылығы атап өтіледі.

Кілт сөздер: қаржылық сауаттылық, бастауыш сынып, математика, дамыту, логикалық ойлау.

Қазіргі күні әлемдегі қаржы нарығы мен қаржылық қызметтердің тез дамуы қаржылық құралдардың алуан түрлілігі мен олардың қолдану әдістерінің күрделенуіне әкелді. Бұл өзгерістер жаһандық экономиканың цифрлануы, жаңа технологиялардың пайда болуы және нарық қатысушыларының қаржылық сауаттылық деңгейіне қойылатын талаптардың артуымен тығыз байланысты. Сондықтан қаржылық сауаттылықты дамыту – қазіргі заманның негізгі қажеттіліктерінің бірі. Бұл үдеріс тек жеке тұлғалардың ғана емес, қоғамның экономикалық тұрақтылығын арттыруға да ықпал етеді.

Ковалеваның пікірі бойынша, «Жеке қаржылық сауаттылық – оқу, талдау және басқару нәтижесінде жеке қаржылық міндеттемелерді орындап, материалдық тұрғыдан табысты болу». Бұл түсінік қаржылық сауаттылықтың үш маңызды қадамын анықтайды:

- Қаржылық білім алу (оқу) – ақшаны дұрыс басқару туралы білімдерді алу, яғни қаржы әлемін түсіну;
- Ақпаратты талдау (талдау) – қаржылық деректерді дұрыс бағалап, оларды дұрыс шешімдер қабылдауға пайдалану;
- Қаржыны басқару (басқару) – ақшаны ұқыпты әрі тиімді жұмсау арқылы қаржылық мақсаттарға жету. Қаржылық сауаттылық - бұл жеке тұлғаның тұрақты қаржылық міндеттемелерін дұрыс орындап, өз қаржысын тиімді басқаруға мүмкіндік беретін маңызды дағды [1].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысымен бекітілген «Қаржылық сауаттылықты арттырудың 2020 - 2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы» еліміздегі халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында қабылданған құжатта әрбір азаматқа өзінің қаржылық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дұрыс шешімдер қабылдау қабілетін дамыту, қаржы құралдарын тиімді пайдалану және тәуекелдерді бағалау қабілеттерін қалыптастыру міндеті қойылған. Сонымен қатар, қаржылық білім беру саласында кешенді шараларды енгізуді көздейді.

Білім беру жүйесінде қаржылық сауаттылықты дамытуға байланысты мектептер мен жоғары оқу орындарында қаржылық сауаттылықты оқытуға арналған арнайы курстар мен әдістемелік құралдарды енгізу жоспарланған. Тұжырымдамаға сәйкес, бастауыш сыныптарда қарапайым қаржылық ұғымдар, ал жоғары сыныптарда күрделі тақырыптар енгізілуі қажет екендігі көрсетілген [2].

Тұжырымдама әртүрлі жастағы оқушыларға қаржылық білім берудің ерекше тәсілдерін ұсынады, бұл оларға қаржылық сауаттылық негіздерін жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді. Қаржылық сауаттылықты дамыту пәнін немесе факультативтік сабақтарды енгізу оқушыларға өз қаржылық жағдайларын басқару, жауапты қаржылық шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Бұл тәсіл әрбір оқушыны өмірде кездесетін қаржылық міндеттерді сауатты шешуге дайындайды және олардың болашақта қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қазақстандағы қаржылық сауаттылықты дамыту бойынша отандық ғалым С.Б.Мақыш қаржылық білімді мектеп бағдарламаларына енгізудің маңыздылығын атап өтіп, қаржылық білімді мектеп бағдарламасына енгізу қажеттігін алға тартты. Оның айтуынша, бұл бастауыш сынып оқушыларынан бастап берілсе, ақшаны басқаруды, қаражатты үнемдеуді және оны тиімді пайдалануды үйренуге мүмкіндік береді. Бұл қадам балалардың болашақта жіберуі мүмкін қаржылық қателіктерден сақтап, жеке және қоғамдық экономиканың тұрақты дамуына ықпал ететіндігін атап өтті [3].

Қаржылық сауаттылықты бастауыш сыныптарда үйрету — бұл балалардың болашақта саналы қаржылық шешімдер қабылдай алу қабілеттерін дамыту үшін маңызды қадам. Осы кезеңде олар ақшаның құнын, бюджет жоспарлау, шығындар мен табыстарды ажырату сияқты қарапайым қаржылық ұғымдармен танысады. Мектеп жасындағы балалар қаржылық сауаттылыққа қатысты алғашқы түсініктерді отбасында, дүкенде немесе қалта ақшасы арқылы қалыптастырады.

Бұл дағдылар балалардың өз ақша басқару қабілетін жақсартуға және қаржылық шешімдерді ұқыптылықпен қабылдауға көмектеседі. Қаржылық сауаттылыққа қатысты алғашқы білімді игеру, сондай-ақ ақшаның күнделікті өмірдегі рөліне деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру, балалардың өздерінің қаржылық сауаттылығын басқаруға көмектеседі.

Қаржыға қатысты қарапайым, бірақ маңызды білімдер, әсіресе бюджетті жоспарлау мен жинақтау сияқты дағдылар, балаларға сыни ойлау мен жауапкершілігін қалыптастыруға көмектеседі.

Бастауыш сынып оқушыларына қаржылық сауаттылықты математика пәні арқылы дамытудың мүмкіндігі жоғары. Мысалы, балаларға ақшаның құндылығын түсінуді, шығындар мен кірістерді есептеу арқылы бюджет құруды, саналы түрде жұмсауға және жоспарлауға дағдыландыруға мүмкіндік береді. Мұндай дағдылар балаларға тек жеке өмірінде ғана емес, қоғамда да қаржылық мәселелерді дұрыс шешуге көмектеседі. Сондықтан, бастауыш сынып кезеңі баланың қаржылық білімін қалыптастыру үшін ең тиімді кезең болып саналады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

О. Гумированың «Теңгегүл және оның достарының бастан кешкен қиял-ғажайып оқиғалары мен көңілді қаржылық сауаттылық сабақтары» атты кітабында балаларға қаржылық білім берудің тиімді әрі қызықты жолын ұсынады. Бұл кітап арқылы балалар ақша үнемдеу, шығындарды басқару, табыс табу сияқты қаржылық дағдыларды қарапайым және түсінікті, қызықты жолмен үйренеді.

Сонымен қатар, қаржылық сауаттылық ұғымдарды түсінумен ғана шектелмей, математикалық дағдыларды меңгеруді де талап етеді. Ертегі кейіпкерлері Теңгегүл мен оның достары қаржылық мәселелерді шешу барысында математикалық есептеулер мен логикалық ойлау қабілеттерін қолданады. Бұл балаларға бюджет жоспарлау, табыс пен шығынды есептеу, пайыздарды анықтау және жинақтау сияқты қаржылық міндеттерді орындауға қажетті математикалық білімдерді нақты мысалдар арқылы түсіндіреді. Мысалы, ертегі оқиғаларында кейіпкерлер ақша жинау, шығындарды есептеу, пайдалы сатып алу шешімдерін қабылдау және қарызды басқару сияқты тапсырмаларды шешу үшін математикалық білімдерін пайдаланады [4]. Осы арқылы ертегі балаларға математиканың тек мектеп пәні ғана емес, күнделікті өмірде аса қажетті құрал екенін көрсетеді. Бұл кітап балаларға қаржылық сауаттылық пен математика негіздерін қалыптастырудың тамаша құралы болып табылады.

Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру балалардың болашақта ақшаны тиімді басқару қабілетін ғана емес, жалпы өмірлік дағдыларын жақсартуға да ықпал етеді. Қаржылық сауаттылық математикалық біліммен тығыз байланысты, себебі күнделікті өмірдегі қаржылық шешімдер саналы түрде қабылдау мен логикалық ойлауды талап етеді. Математика пәні арқылы балалар пайыздарды есептеу, табыс пен шығынды салыстыру, бюджет жасау, тіпті ұзақ мерзімді қаржылық жоспар құру сияқты тапсырмаларды орындауға дағдыланады. Бұл процестер олардың сандық ойлау қабілетін жетілдіріп қана қоймай, қаржылық сауаттылық туралы тереңірек түсінуге жол ашады.

Бастауыш сынып оқушыларының қаржылық сауаттылық деңгейін анықтау үшін сауалнама ұйымдастыру ұсынылады. Бұл әдіс олардың ақшаны тиімді пайдалану, үнемдеу және жоспарлау дағдыларын зерттеуге мүмкіндік береді. Сауалнама сұрақтары балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған.

«Қаржы» туралы түсінігін анықтау мақсатындағы сауалнама:

1. Ақшаны қайдан аламыз?

а) Дүкеннен

ә) Ата- анадан

б) Білмеймін

Бұл сұрақ балалардың ақшаның қайдан келетінін түсінетінін анықтауға бағытталған.

2. Ақша жинау маңызды деп ойлайсың ба?

а) Иә

ә) Жоқ

б) Білмеймін

Бұл сұрақ арқылы балалардың жинақтау әрекетіне деген көзқарасын білуге болады.

3. Сенде 100 теңге бар, ал сен 50 теңгеге тәтті сатып алдың. Қанша ақшаң қалды?

а) 50 теңге

ә) 100 теңге

б) 0 теңге

«ADCB» Банк — Қазақстанда жұмыс істейтін алғашқы және жалғыз толыққанды ислам банкі. Банк 2010 жылы құрылып, Қазақстан, БАӘ және Сауд Арабиясы арасындағы экономикалық серіктестікті дамытуға бағытталған. «ADCB» банкі – Қазақстандағы алғашқы исламдық қаржы институты, оның ипотекасы шариғат талаптарына сәйкес қаржыландырылады. «ADCB»банкі өз клиенттеріне дәстүрлі пайыздық несие емес, исламдық қаржыландыру құралдарын қолдана отырып ипотекалық өнімдер ұсынады. Бұл өнімдер исламдық қаржыландыру принциптеріне сәйкес келеді, яғни банктер пайыздарды қолданбай, қаржыландыруды үстеме бағамен немесе жалға алу арқылы жүзеге асырады [4].

«ADCB» банкі ипотекасының принциптері

«ADCB»банкі ипотекасының негізі шариғат заңдарына сәйкес жүргізілетін қаржыландыру болып табылады. Исламдық ипотекалық несие бойынша екі негізгі қаржыландыру тәсілі қолданылады:

1. Мурабаха (Сатып алу және сату тәсілі):

Мурабаха — исламдық қаржыландырудағы негізгі тәсілдердің бірі. Бұл жүйе бойынша, банк алдымен қажетті тұрғын үйді сатып алады, содан кейін оны қарыз алушыға үстеме бағамен сатады. Қарыз алушы үйдің бастапқы құнына үстеме төлем жасайды, алайда бұл төлем пайыздық мөлшерлемеден емес, нақты анықталған үстеме бағаны құрайды. Мурабаха жүйесі бойынша, қарыз алушы үйдің құнын төлеу мерзімдері мен шарттарын алдын ала келіседі.

2. Ижара (Жалға алу тәсілі):

Ижара жүйесі бойынша, банк клиентке үйді жалға береді, бірақ ол тұрғын үйдің иесі болып қала береді. Клиент ай сайын жалға алу төлемдерін төлейді. Егер қарыз алушы барлық төлемдерді уақытында жүзеге асырса, мәміле соңында үй толықтай оның меншігіне өтеді.

«ADCB»ипотекасының негізгі шарттары

- Жылдық пайыздық мөлшерлеме: «ADCB» банкі дәстүрлі ипотекаға қарағанда пайыздардан бас тартады. Мұнда тек үстеме баға немесе жалға алу төлемдері бар, олар шариғатқа сәйкес анықталады.
- Бастапқы жарна: Әдетте, ипотекаға бастапқы жарна ретінде 10%-дан 20%-ға дейін талап етіледі.
- Қаржыландыру мерзімі: Қаржыландыру мерзімі 20 жылға дейін созылуы мүмкін.
- Тұрғын үй объектісі: Бұл ипотека жаңа немесе қайталама тұрғын үйлерге берілуі мүмкін. Банк тек заңды түрде тіркелген тұрғын үйлерді қаржыландырады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Кесте 1 – Дәстүрлі және исламдық ипотеканың шарттары

	«ADCB» Банкі	Бақытты Отбасы	7-20-25
Жылдық үстеме	Пайыздық мөлшерлеме жоқ; Мурабаха бойынша белгіленген үстеме	2%-5%	7%
Бастапқы жарна	30%-дан бастап	10%	20%
Қаржыландыру мерзімі	3 жылдан 15 жылға дейін	20 жылға дейін	25 жылға дейін
Қаржыландыру сомасы	3 млн-нан 100 млн теңгеге дейін	Тұрғын үй құны бойынша шектеулі 10-15 млн теңгеге дейін (аймаққа байланысты).	25 млн ₸ дейін
Ипотека объектісі	Алғашқы және екінші нарықтағы тұрғын үй	Тек жаңа салынған тұрғын үй	Тек жаңа салынған тұрғын үй
Табыс талаптары	Айына 200 мың теңгеден жоғары	Арнайы санаттағы әлеуметтік топтар үшін арнайы талаптар	Табысы тұрақты, төлем қабілеті расталуы керек
Қосымша шарттар	Соңғы 3 жылда несие тарихында кешіктіру болмауы керек	Көпбалалы, толық емес немесе мүгедек балалары бар отбасыларға арналған	Несие тарихы жақсы болуы қажет
Ескертпе: кесте авторлармен құрастырылған			

Бағдарламалардың салыстырмалы талдауы

Тұрғын үй бағдарламаларының барлығының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар:

Жылдық пайыздық мөлшерлемесі бойынша, «Бақытты Отбасы» мен «ADCB» банкі ипотекасы ең төмен пайыздық мөлшерлемені ұсынады, әсіресе «ADCB» банкіндегі пайызсыз жүйе оның ең басты артықшылығы болып табылады.

Бастапқы жарна бойынша, «Бақытты Отбасы» бағдарламасы 10%-дан басталатын төмен бастапқы жарнаны ұсынады, бұл басқа бағдарламалармен салыстырғанда қолжетімдірек. «7-20-25» бағдарламасында бастапқы жарна 20%-ды құрайды, бұл көптеген азаматтарға қиындық тудыруы мүмкін.

Қаржыландыру мерзімі мен сома бойынша, «7-20-25» бағдарламасында ұзақ мерзімді қаржыландыру мен жоғары сомалар қарастырылған, бірақ бұл тек жаңа үйлерді сатып алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазақстандағы тұрғын үй ипотекасының әртүрлі бағдарламалары халыққа арзан және қолжетімді баспана алу мүмкіндігін ұсынып отыр. «Бақытты Отбасы» бағдарламасы әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға, ал «7-20-25» бағдарламасы көпшілікке арналған жеңілдетілген шарттарды ұсынады. «ADCB» банкі ұсынатын исламдық ипотека шариғат талаптарына сәйкес келгендер үшін тиімді нұсқа болып табылады. Тұрғын үй мәселесін шешуде әрбір азаматтың жеке жағдайына сәйкес бағдарлама таңдау маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Банк ісі: Оқулық/Жалпы ред. басқ. Ғ.С.Сейтқасымов. 3-басылым, толықтырылған және қайта өзгертілген. - Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2017. - 528 б.
2. https://hcsbk.kz/ru/affordable-housing/all-about-affordable-housing-programs/
3. https://hcsbk.kz/affordable-housing/bakytty-otbasy/
4. «ADCB» Ислам банкі» АҚ исламдық қаржыландыру және ипотека https://www.adcb.com/ru/kazakhstan/business/financing/

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ОӘЖ: 34.342

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Жалбуров Е.Т., з.ғ.д., профессор,
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері.
Асилова А.Б., з.ғ.м., аға оқытушы.
Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті
Шымкент, Қазақстан

Аннотация: В статье рассматриваются актуальные вопросы взаимодействия полиции с институтами гражданского общества, что является особой административно-правовой формой осуществления установленных законом полномочий полиции по достижению общих с гражданским обществом целей. Описывается особый метод правоприменительной деятельности полиции, содержанием которого является согласование действий с гражданским обществом на партнерской основе. Указываются цели и задачи такого взаимодействия и предлагаются пути их улучшения.

Ключевые слова: охрана общественного порядка, органы полиции, институты граданского общества, цель взаимодействия, задачи взаимодействия, противодействие коррупции, силы и средства полиции, обмен информацией, общественные советы.

Мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының қатар өмір сүруі – өзара бақылау мен өзара шектеулердің күрделі процесі. Бұл процестегі мемлекет билік өкілеттіктеріне ие субъект болып табылады. Билік өкілеттіктеріне ие бола отырып, мемлекет азаматтық қоғам институттарын мемлекеттік функцияларды, оның ішінде құқық қорғау функцияларын жүзеге асыруға жіберу арқылы азаматтық қоғамға өзінің қызмет саласына енуге мүмкіндік береді.

Полиция мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимыл жасауының объективті негіздері бар. Бұл заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге деген екі жақтың да ұмтылысы. Полиция органдары үшін бұл олардың заңға сәйкес мақсаты болса, ал азаматтық қоғам үшін оның қалыпты өмір сүруінің шарты болып табылады.

Заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету талабы азаматтың салық төлеуші ретіндегі құқықтарының бірі. Сонымен бірге, әрбір адамның қоғамдық істерді басқаруға және заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған заңға қайшы келмейтін әрекеттерді жасауға жеке және ұйым құрамында қатысуы оның заңды құқығы екендігі белгілі. Қазақстан Республикасы қолданыстағы Конституциясында өзін құқықтық мемлекет деп жариялай отырып, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мемлекеттің басты міндеті болып табылады деп жариялады. Конституцияда азаматтарды құқық қорғау органдарымен ынтымақтастыққа тартудың «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық», «Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар», «Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға құқығы бар» деген және басқа да жалпы, қағидатты мәселелер айқындалған [1].

Полиция органдары мен азаматтық қоғам өкілдерінің бірігіп іс-қимыл жасауына қатысты өз ойын айтқан Ресей ғалымы С.М. Зыряновтың пікірі бойынша аталған

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

мемлекеттік орган мен азаматтардың өзара әрекеттесуінің нысандарын олардың мақсаттары және міндеттері анықтайды [2]. Атқарушы билік органдары ақпарат алу мақсатында халық арасындағы белгілі де белсенді тұлғалармен үнемі байланыста болады. Оған қоса азаматтармен сауалнамалар жүргізеді, оларға өтініштер жасайды. Белгілі бір мәселелерді шешуге жұртшылықтың келісімін алу мақсатында олармен жиналыстарда кездеседі, жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланады. Қоғамдық қолдау мен мақұлдау алу мақсатында қоғамдық бірлестіктердің съездері сияқты әртүрлі іс-шаралар мен акциялар өткізеді [3].

С.Д. Будактың пікірі бойынша, егер өзара іс-қимылдың мақсатын билік органдары мен азаматтық қоғам субъектілері арасындағы қоғамдық келісімге қол жеткізу деп түсінген жағдайда, өзара іс-қимыл процесі қоғамдық бірлестіктерге ақпарат беруді, яғни оларды ақпараттандыруды, кеңес беру арқылы жұртшылықтың пікірін анықтауды, зерттеуді және есепке алуды, қабылданған шешімдерді орындауға тартуды қамтуы керек. [4].

Ішкі істер органдарының мақсаты заңнамада, ең алдымен, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» заңында өз алдына бөлек нақтыланып айқындалмаған. Осы нормативтік құқықтық актінің 1-бабында Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының анықтамасы, олардың мақсаты және оның қызметінің негізгі бағыттары келесідей мәтінде тұжырымдалған: «адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы болып табылады» [5].

Аталған заңның 4-бабына сәйкес «Қазақстан халқына қызмет етуге тиісті істер органдары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді жүзеге асырады: құқық бұзушылықтар профилактикасы; қоғамдық тәртіпті сақтау; қылмыстылықпен күрес; қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын, сондай-ақ әкімшілік жазалауларды орындау». Сонымен қатар оларға Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзге де міндеттер жүктелуі мүмкін. Сонымен, жалпы алғанда «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заң ішкі істер органдарының мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтайды деп қорытындылауға болады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қылмысқа қарсы іс-қимыл, қоғамдық тәртіп пен меншікті қорғау, қоғамдық бірлестіктерге жәрдем көрсету және аталған заңның 1 және 4-баптарында көрсетілген басқа да міндеттер полиция органдарының міндеттері болып табылады деп тұжырымдауға болады.

Бұларға қоса, «Ішкі істер органдарының құзыреті» атты 5-бабы 21 тармақтан тұрады, ал «Ішкі істер органдарының өкілеттіктері» атты 6-бабы 51 тармақтан тұрады және оларда полицияның құзіреті мен өкілеттіліктері егжей-тегжейлі баяндалған.

Сонымен, ішкі істер органдары туралы заңда көрсетілгендей, полицияның мақсаттары мен міндеттері қоғамның, оның институттарының және жеке азаматтардың мүдделеріне сәйкес келеді. Полицияның мұндай мақсаттары мен міндеттері тек қана сыбайлас жемқорлардың, өздерінің жайлы өмір сүруі үшін тиісті ортаны қалыптастыратын және оны өз мүдделері үшін пайдаланатын, құқық қорғау органдарының өкілдеріне пара беретін, өздерінің сенімді адамдарын мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, коммерциялық, банктік құрылымдарға кіргізетін және олардың қызметінде тез өсуіне жағдай жасайтын ұйымдасқан қылмыстық қоғамдастықтардың мүдделеріне қайшы келуі мүмкін. Себебі ондай топтар қоғамдық

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қауіпсіздік деңгейін төмендетуге тырысады, қоғамда туындайтын проблемаларды заңды түрде шешудің мүмкін еместігі туралы және т.б. да теріс түсініктерді таратады.

Еліміздегі азаматтық қоғамның заң талаптарын силайтын және оларды орындайтын мүшелерінің жоғарыда аталған жемқорлар мен басқа да теріс бағыттардағы қылмыстық топтардың мүшелерінен айырмашылығы олардың қоғам қабылдаған ережелері мен заңнама талаптарын өздері ғана емес, айналасындағылардың бәрінің де заңды түрде әрекет ете алатын қауіпсіз және қолайлы жағдайларда өмір сүруін жөн көруінде. Және осы шарттардың орындалуын қамтамасыз ететін полиция сияқты арнайы мемлекеттік органның болу қажеттігін олар қолдайды және жәрдем көрсетеді. Мұның мысалы ретінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды қайта әлеуметтендірудегі, кәсіби бағдар берудегі, жастарды тәрбиелеудегі, жұмыссыздарға көмек көрсетудегі, қоғамдық тәртіпті сақтаудағы және т.б. полициямен өзара әрекеттесудегі қоғамдық ұйымдардың мақсаттары мен міндеттерін, жоспарлары мен нәтижелерін көрсетуге болады.

Қоғамдық ұйымдар мен полиция органдарының қоғамдық тәртіпті сақтаудағы мұндай қызметті бірігіп жүргізуінің құқықтық нысандарының бірі болып Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» қолданыстағы заңы табылады. Ол азаматтардың және олар құрған қоғамдық ұйымдардың қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысуының негізгі ережелерін, тәртібі мен шарттарын реттейді [6].

Бүгінгі таңда елімізде жалпы саны 30 мың адамнан асатын құқық қорғау бағытындағы 3,5 мың қоғамдық құрылым бар. Құқық қорғау саласындағы қоғамдық көмекшілер институттарының бірі болып табылатын 3 мыңнан астам адамнан тұратын консьерждер жүйесі көпқабатты үйлер мен олардың кіреберістерінің аумақтарын қорғауды жүзеге асырады. Жалпы республика бойынша өткен жылы қоғамдық құрылымдардың қатысуымен 2 мыңнан астам қылмыс ашылып, 30 мыңнан астам құқық бұзушы ұсталған [7].

Азаматтық қоғам институттары қызметінің тағы бір маңызды мақсаты -полиция жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, оның ішінде ішкі істер органдарының өзінің ішіндегі жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлық ішкі істер органдарының құқық қорғау қызметінің тиімділігін төмендетіп қана қоймай, қылмыстың өсуіне тікелей ықпал етеді, полицейлерді қылмыстық салаға тартады. Осы мақсатқа нақты міндеттер сәйкес келеді, оның ішінде: нормативтік құқықтық актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу, қоғамдық талқылау, реттеуші әсерді бағалау, ішкі істер органдарында қызметтік мінез-құлық талаптарын сақтау және мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі комиссиялардың қызметін орындайтын аттестаттау комиссияларының жұмысына қатысу, ішкі істер органдары жанынан құрылған Қоғамдық кеңестердің мүшесі болу.

Сонымен, ішкі істер органдары мен басқа да мемлекеттік органдар шешуі керек ең өткір әлеуметтік мәселелер бойынша полиция органдары мен қоғамдық бірлестіктер өзара іс-қимыл жасайды. Бұл іс-әрекеттер ең алдымен жемқорлыққа және нашақорлыққа қарсы күресте, қоғамдық тәртіпті сақтауда, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және жоғалған балалар мен ересектерді іздеуде, полиция қызметін қоғамдық бақылауда, ішкі істер органдарын реформалау бойынша және т.б. ұсыныстар дайындауда көрінеді.

Осы айтылғандарды қорытындыласақ, онда полиция органдары мен азаматтық қоғамның бірлесіп шешетін мақсаттары бар екендігіне көз жеткіземіз. Демек, ортақ мақсаттар мен міндеттердің болуы олардың бірігіп әрекеттесуінің негізі болып табылады.

Полицияның азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылдарын әкімшілік-құқықтық реттеу тұсынан қарастыра отырып, біз өзара іс-қимылдардың мақсатын ғана

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

емес, онымен бірге әкімшілік-құқықтық реттеудің мақсаттарын да, яғни өзара іс-қимылды ұйымдастырудың мақсаттарымен бірге, оларды жүзеге асырудың нормативтік құқықтық қамтамасыз етілу мақсатын да қоюымыз керек. Әкімшілік құқықтың міндеті, біздің ойымызша, нақты өзара іс-қимылды ұйымдастыруда, қажетті құқықтық бағдарларды белгілеуде - мақсаттарды, міндеттерді, нысандарды, әдістерді белгілеу, құқықтық нұсқамалардың қалай сақталуын бақылауды регламенттеу, өзара іс-қимылға қатысушыларға, ең алдымен ішкі істер органдарының міндетті лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдануды қамтамасыз ету болып табылады.

Осылайша, полицияның азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылын ұйымдастыруға қатысты қойылатын мақсат екі жаққа да ортақ міндеттерді шешуге келісіп және бірлесіп қатысуға қол жеткізу болуы керек.

Өзара іс-әрекеттердің бағытталуы мүмкін түпкілікті нәтиже ретінде әрбір адамның және бүкіл қоғамның, тіпті мемлекеттік институттардың, оның ішінде ішкі істер органдарының өмірі мен қызметінің қолайлы жағдайлары ретінде көрінетін жалпы әлеуметтік құндылықты қарастыру керек. Бұл түпкілікті нәтиже қоғамдық тәртіп, заңдылық, қоғамдық қауіпсіздік, құқықтық сенімділік, азаматтардың мемлекеттік билікке деген сенімі және т.б. ретінде көрсетіледі. Біздің ойымызша, өзара іс-қимылдың құқықтық жағдайларын жетілдіру; оларды дамытудың ұйымдастырушылық жағдайларын жақсарту; екі жақтың да материалдық жағдайларын жетілдіру; өзара іс-қимыл процесін және оның нәтижелерін ақпараттық жағынан қамтамасыз ету; ішкі істер органдарының қызметкерлері мен қоғамдық ұйымдардың мүшелері арасында өзара іс-қимыл қажеттілігін танымал ету полиция оргаандары мен азаматтық қоғам институттарының алдағы уақыттағы атқаратын жұмыстарының негізгі мақсаты болып табылады.

Осы мақсатқа сәйкес өзара әрекеттесудің мынадай міндеттерін тұжырымдауға болады: қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөнінде бірлескен іс-шаралар жүргізу; нашақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, өзге де қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі ақпараттық алмасу; жоғалған адамдарды іздеу бойынша ақпарат алмасу және бірлескен іс-шаралар өткізу; ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде ақпарат алмасу, полиция қызметкерлерінің заңдылық пен қызметтік тәртіп талаптарын бұзу фактілерін анықтау.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

2.Зырянов С.М. Административный надзор. Монография. Институт законодательства и сравнительного правоведения при Правительстве Российской Федерации. Москва, 2010. С. 32.

3. Административная реформа в России. Научно-практическое пособие. / Под ред. С.Е. Нарышкина, Т.Я. Хабриевой. М., 2006. См. Е.С. Науменко. С. 113.

4. Будак С.Д. Конституционно-правовой статус общественных экологических объединений в России: Автореф. дис. канд. юрид. наук. Саратов, 2004. С. 18—19.

5.Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңы. [Электрондық ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz /kaz/docs/Z1400000199.

6. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» заңы. [Электрондық ресурс]. URL: https://adilet.zan .kz/ kaz/docs/Z040000590_.

7.Биекенов Н.А. Научный журнал «Ученые записки». Орловск 2008. – С.201.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АДДИКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ӘДІСТЕРІ

Балмагамбет Жансая Жексенбайқызы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
7М01805 - әлеуметтік педагогика мамандығының 1 курс магистранты

Аннотация: Бұл мақалада жасөспірімдер арасындағы тәуелді мінез-құлықтың алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық аспектілері қарастырылады. Тәуелді мінез-құлық түрлері, оның себептері мен салдары, сондай-ақ алдын алу әдістері мен технологиялары талданады. Мақалада тәуелділіктің пайда болуына әсер ететін негізгі факторлар, психологиялық теориялар және тәуелділік механизмдері сипатталады. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттау, эмоционалды оқыту, өмірлік дағдыларды дамыту сияқты профилактикалық жұмыстардың заманауи тәсілдері ұсынылады. Алдын алу жұмыстарының тиімділігі үшін кешенді әлеуметтік, педагогикалық және медициналық технологияларды қолдану қажеттілігі атап өтіледі.

Кілт сөздер: аддикция, тәуелділік, тәуелділіктің түрлері, тәуелділікті алдын алу, аддикцияның түрлері.

Жасөспірімдер арасында белгілі затқа тәуелділік мінез-құлықтың алдын алу жұмысы байыптылықты талап етеді. Себебі, шамадан тыс өзінің экстремалды формаларында өтетін кез-келген адамның құмарлығы нәтитижесінде, өзін-өзі бұзатын мінез-құлыққа әкелуімен қатар, денсаулығына да қауіп төндіреді. Ресей ғалымы Л. В. Куликовтың пікірінше: «жеке тұлғаның бұзылуына айтарлықтай қауіп төндіретін, психикалық және соматикалық ауруларға, өлімге әкелуі мүмкін мінез-құлық» - деп қарастырады [1, б. 337].

Девиантология саласында тәуелді мінез-құлықтың түрлерін: алкогольге тәуелділік, темекі шегу, құмар ойындар, кибердиктивті мінез-құлық, құмар ойындар; тамақ ішу, билікке, ақшаға, жыныстық қатынасқа ұмтылу; иеленуге тәуелділік; сыртқы келбетке тәуелділік; спорттық тәуелділік; шамадан тыс тамақтану; графомания; есепсіз ақша шашу және т.б. айтады.

Іс жүзінде девиантология саласында тәуелді мінез-құлықтың түрлерін:

1. Қарым-қатынасқа тәуелділік (психологиялық, эмоционалдық, жеке тұлғалық көмек пен қолдау алу үшін серіктеске деген қажеттілік).
2. Іс-әрекетке тәуелділік (формалары: жұмыссыздық, тәуекелге бару, сенсация іздеу/адреналинге тәуелділік, сексуалдық тәуелділік, компьютерге тәуелділік, құмар ойындарға тәуелділік).
3. Химиялық заттарға тәуелділік.

Тұлғаның осындай тәуелділігі мынандай: физикалық (психосоматикалық және психологиялық бұзылулар); әлеуметтік; психологиялық (тәуелді мінез-құлық түріне психикалық бейімділік) деңгейде көрінеді.

Тәуелді мінез-құлықтың пайда болу себебі неде? Деген сұрақ туындайды. Ғалымдардың ғылыми еңбектерін саларай келе, ғалым Л.В. Куликовтың пікірінше, тәуелді мінез-құлықтың пайда болу себебі – «эмоционалды аштық», яғни, эмоционалды ұзақ мерзімді шиеленіс, болып жатқан көптеген оқиғаларға терең ену қажеттілігінен

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

туындаған, сондай-ақ, екпінді белсенділіктің негізгі себептері: тұлғаның өзін-өзі тану танымында, тұлғааралық өзара әрекеттесу бағытында рухани дамудың болмауы немесе адамның еңбекке, ойынға және т.б. деген әрекетінің басымдылығын асыра көрсету ретінде пайда болады [1, б. 340].

Эмоционалды тұрақтылықтың төмендеуі, эмоционалды ыңғайсыздықты көтере алмау және жеңе алмау, оны жеңуден ләззат алу тәуелді мінез-құлыққа бейімділікті арттыра түседі [1, 383-бет].

Ғылыми зерттеулерді талдай отырып, тәуелді мінез-құлыққа әсер ететін тұқым қуалаушылық, әлеуметтік факторлар (қоғамның тәуелділікке қатынасы), ата-анасының мінез-құлқы, тәрбие және жеке тұлға ерекшеліктері; психологиялық травматикалық жағдайларының болуы сынды факторларды анықталды.

Тәуелді мінез-құлықты зерттеген ғалымдардың түрлі ғылыми еңбектерін саралай отырып, салыстырмалы талдау жасаймыз. Мысалы:

- “Психодинамикалық тұжырымдама” – тәуелді мінез-құлықтың пайда болу себептері бейімделгіш және бейімделмейтін мінез-құлықтың әлеуметтік және психологиялық көріністері арасындағы байланысын (В.Я. Семке, А. И. Мандель және А. П. Усков);
- тәуелділік проблемасы әлеуметтік мәселелермен (жыныстық белсенділік, есірткі қолданатын достармен қарым - қатынас), өзін-өзі бағалауға, ауытқуларға төзімділіктің локус-бақылауына байланысын (Д.Кендел, С.Л. Джессор, Р. Джессор);
- “Психоаналитикалық теория” - тәуелділіктің көрінісі ішкі жеке қақтығыстар арқылы қалыптасқан ішкі психологиялық ақауларға негізделгенін (А.Фрейд);
- “Әдет теориясы” - әдет жасырын кешендері бар адамның генетикалық бейімділігі ретінде қарастырылатынын (В.Гудвин);
- адамдардың қасындағы адамға әсері және оның әлеуметтік ауытқу моделін қалыптастыруын (Х. Е. Хилл, С. А. Хартзен, Р. Глезер);
- “Күрес теориясы” - тәуелді мінез-құлықтың туындауы құрдастарының әсерінен және одан кейінде тәуелділіктің күшеюін (Х.Милкмен, В. Фрош);
- “Өзін-өзі бағалау теориясы” - өзін-өзі бағалау, әлеуметтік қысымның осалдығын жасыруда туындағанын (Р.А. Стеффенгаген);
- “Әдет үлгісі” - тәуелді мінез-құлықтың осалдығын (Т. Сас);
- “Орнату теориясы” - тәуелді мінез-құлықтың психосоматикалық көзқарастарын (Д. Н.Узнадзе);
- “Аурудың биопсихоәлеуметтік моделі” - биологиялық, психологиялық (ойлар, эмоциялар, мінез-құлық), әлеуметтік факторлар (әлеуметтік-экономикалық мәртебе, мәдениет, технология және дін), халықтың әлеуметтік-мәдени мұрасын (Джордж Энгель);
-“Ақыл мен дене ұғымы” - тәуелділіктің биопсихоәлеуметтік-рухани модельдерін (Джон Сарно) қарастырамыз.

Соынмен қатар, тәуелді (тәуелділік) мінез-құлықты тудыратын механизмдерді де атап көрсетеміз: олар,

- әлсіз ерік күші
- тәуелділікке ықпал ететін факторлар
- қоршаған орта факторлары
- үйренген мінез-құлық
- мазасыздықтың ішкі жағдайы
- теріс пайдалану әдеті
- бастама кезеңі
- травматикалық тәжірибе
- ата-ананың мінез-құлқы

- өзін-өзі бағалаудың қалыптаспаған сезімі
- “эмоционалды аштық”
- таным және өзін-өзі тану бағытында рухани болмыс саласындағы жеткіліксіз жұмыс істеу
- эмоционалды тұрақтылықтың төмендеуі, эмоционалды ыңғайсыздықты жеңе алмау
- қол жетімділік
- тәуелділік
- жауапкершілікті қалыптастырудың бұзылуына байланысты проблемалар
- ар-намыс сезімнің бұзылуы
- құрдастарының қысымы.

Зерттеуші ғалым В.В. Аршинова “Тәуелді мінез-құлықтың алдын алу” ғылыми еңбегінде адамның тәуелді мінез-құлқына әсер ететін кезеңдерді анықтады:

1. Затты қолдану, әрекет немесе көзқарас жағымды, рахат әкеледі, адамның жағдайын жеңілдетеді, оған деген ұмтылыстың белгілі бір деңгейін қалыптастырады.
2. Тәуелділік алмастырушы сипатқа ие болады және ләззат алудың басқа әдістерінің орнына қолданыла бастайды.
3. Тәуелділік.
4. Жүйке жүйесінің, психиканың, ішкі органдардың ауыр бұзылыстары.

Сонымен қатар, ғалымдар В. Кулганов, В. Белов, Ю. Парфенов тәуелді мінез-құлықтың дамуының басқа кезеңдерін де атап көрсетеді:

1 кезең. "Кристалдану нүктесі" белгілі бір әрекетте қарқынды жағымды эмоцияны сезінуге (немесе теріс эмоцияны жоюға) байланысты пайда болады. Адамның психикалық күйін оңай өзгертуге болатындығы жайлы жалпы мағұламат береді.

2 кезең., Тәуелділік құралдарына жүгіну.

3 кезең. Тәуелділік тұлғаның құрамдас бөлігі ретінде қалыптасуы.

4 кезең. Өмір салтын, басқалармен қарым-қатынасты толығымен анықтайтын тәуелді мінез-құлықтың толық үстемдік ету кезеңін, яғни адам тәуелділікке бой алдырып, қоғамнан алшақтайды.

Міне, зерттеп отырған мәселемізді теориялық талдаудан соң, тәжірибе барысында тәуелді мінез-құлықтың алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық технологиясын қарастырамыз. Зерттеушілер Б. Н. Алмазов, М. А. Беляева, Н. Н. Бессонова [2, 151-169 ББ.] тәуелді мінез-құлық бойынша профилактикалық және салауатты әдетті қалыптастыру, жамандықтың алдын алуды жұмысты мектепте бастауыш сыныптан бастап үгіт жұмыстарын жүргізу қажеттігін жазады

Себебі, 11-12 жасқа дейін баланың қалыптасқан салауатты мінез – құлқы, дағдыланған әдеттері, сыртқы өзгерістерге жеткілікті түрде төзімді болатынын жазады.

Орта мектеп жасындағы балалардың «өтпелі кезеңде» елеклі өзгерістерге түсетіндіктен, 11-12 жастан асқан балалармен жұмыс *жасау кезеңінде қақтығыстар мен дағдарыстық жағдайларды жеңу жолдарын үйретуді, денсаулыққа зиян келтірмейтін мінез-құлық үлгісін саналы түрде таңдау жолдарына бағыттауды міндеттейміз.*

Профилактикалық іс-шаралар бір реттік, эпизодтық сипатқа ие болмауы керек, бірақ екі кезеңді бөлуге болатын ұзақ мерзімді, ұзақ мерзімді оқыту және тәрбиелеу процесі болуы керек.

Профилактикалық жұмыстың бірінші кезеңінде балалардың ләззат пен тәуелділікті тудыратын құралдар, олардың әрекеті мен салдары туралы білімдерін қалыптастыратын нақты ақпараттық медиацияға назар аудару керек. Бұл кезеңде білім алушылар аталған құралдарға саналы көзқарас қалыптастырады. Олар кез-келген тәуелділік құралдарын жарнамалауға сыни көзқарас дағдыларын қалыптастырады.

Профилактикалық жұмыстың екінші кезеңі - жеке тұлғаны қалыптастыру және бала өз денсаулығының құндылығын түсіндіру. Осы кезеңдегі мұғалімнің немесе ата – ананың міндеті - баланың өзін-өзі бағалауын нығайтуға көмектесу; оған тәуелділік құралдарына жүгінбестен

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қақтығыстарды бастан өткеруге және олармен күресуге үйрету; оған өзінің және басқалардың сезімдерін түсінуге мүмкіндік беру. Осындай мақсатты іс-әрекеттің нәтижесінде жасөспірімде салауатты құндылықтар мен қоршаған әлемге деген салауатты көзқарас қалыптасады. Балалар өз пікірлерін білдіру және қорғау, өз қажеттіліктерін, қабілеттерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін білу, сындарлы қарым-қатынас жасау, әлсіздіктерімен күресу дағдыларына ие болады.

Тәуелді мінез-құлықтың алдын-алуға сабақ уақытында да (химия, биология, әлеуметтік зерттеулер сабақтарында) және сабақтан тыс уақытта да назар аударуға болады. Сынып сағатында ақпарат құралдарымен түрлі нақты материалдармен жұмыс жасауымыз қажет.

М.Г. Дмитриев, В.Г.Белов, Ю.А.Парфенов [3] тәуелді мінез-құлқы бар жасөспірімдермен профилактикалық жұмыста кешенде әлеуметтік, педагогикалық және медициналық технологияларды қолдану ұсынылады.

Бастапқы профилактиканың *әлеуметтік және педагогикалық технологиялары:*

- бұқаралық ақпарат құралдарының әсері;
- есірткіге қарсы оқыту;
- есірткіні қолданудың баламалы балалар-жасөспірімдер және жастар белсенділігі бағдарламаларын пайдалану;
- әлеуметтік-қолдау жүйелерін құру (клубтар, әлеуметтік қызметтер, жастардың әлеуметтік бағдарламалары);
- тәуелсіз мотивациялық акциялар өткізу;
- еріктілердің қызметін ұйымдастыру;
- ювеналды әділет жүйесінің қызметі.

Бастапқы профилактиканың психологиялық технологиялары:

- жеке ресурстарды дамыту;
- Әлеуметтік және жеке жауапкершілікті қалыптастыру;
- адаптивті мінез-құлық стратегияларын дамыту;
- функционалды отбасын қалыптастыру.

Бастапқы профилактиканың медициналық технологиялары тәуекел тобын анықтау және оларды медициналық деңгейде түзету арқылы жүзеге асырылады [3, 135-бет].

Тәуелді мінез-құлықпен жұмыс істеудегі заманауи терапияларды қолдануды ұсынамыз [4, 5, 6]:

Когнитивті мінез-құлық терапиясы - когнитивті және мінез-құлық тәсілдерінің жиынтығы. Бұл терапия қазіргі сәтке бағытталған, яғни когнитивті мінез-құлық маманы өткендегі психологиялық ыңғайсыздықтың себептерін іздемейді, тек қазіргі уақытта оны сақтауға не ықпал ететінін түсінуге көмектеседі және болашақта оны қалай өзгерту керектігін үйретеді. Когнитивистер жағымсыз сезімдер мен әртүрлі психо-травматикалық жағдайлардың салдары адамдардың бұл оқиғаларды қалай қабылдауы және олар туралы не ойлауы деп есептеді. Біздің қоғамда өмір сүруіміздің жайлылығын арттыру, әртүрлі жағдайлармен күресу қабілеттерімізді кеңейту үшін жағдайды әр қырынан көруге, ойлаудың стереотиптерін өзгертуге, жағымсыз ойларымызды бақылауға, ойлаудың жаңа тәсілдерін үйренуге және игеруге үйрену қажет.

Гипнозды психотерапия. «Гипноз» терминін алғаш рет 1843 жылы шотланд дәрігері Джеймс Бред ұсынған және грек тілінен аударғанда «ұйқы» дегенді білдіреді. Гипнозды терапия кезінде ұсыныстың мазмұнына күрт назар аударумен сипатталатын ұйқы мен ояту арасындағы сананың ерекше жағдайы орын алады. Гипноз құбылысын алғаш рет Франц Антон Мейсмер сипаттайды, ол гипнозда болатын құбылыстарды физикалық магнетизмнің аналогы деп санайтын “Жануарлар магнетизмімен” түсіндірді. Ал кейінірек оның көзқарастары транс күйінің құбылыстарына магнетизм арқылы емес, бейсаналық ұсыныстың күші арқылы қол жеткізілетіні анықталды.

Ұсыныс немесе суггестия – бұл сыни бағалаусыз қабылданатын және жүйке-психикалық және соматикалық процестердің ағымына әсер ететін ақпарат беру деп аталады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Ұсыныс арқылы сезімдер, идеялар, эмоционалдық күйлер мен әрекеттер туындайды, сонымен қатар адамның белсенді қатысуынсыз, қабылданатын нәрсені логикалық өңдеусіз вегетативті функцияларға әсер етеді.

Мінез-құлық терапиясы. Психотерапияның көптеген әдістерінің ішінде мінез-құлық терапиясы - жиіркеніш терапиясы, имитациялық десенсибилизация басым қолданылады (McConaghy, Armstrong, Blaszczynski et al., 1983; Blaszczynski, McConaghy, Frankova, 1991), мәселені шешу тәжірибесін қайта құру, әлеуметтік дағдыларды оқыту, бұзылулардың алдын алу дағдыларын үйрету (Bujold, Ladouceur, Sylvain, 1994; Sylvian, Ladouceur, Boisvert, 1997).

Педагогикалық тәжірибе барысында жасөспірімдердің тәуелді мінез-құлқының алдын алуда мынандай әдістерді қолданудың тиімділігін көреміз.

1. *Ақпараттық әдіс*. Бұл әдіс тәуелді мінез-құлықты тудыратын заттармен немесе әрекеттермен (белсенді заттар, ойын әрекеттері және т.б.) өзара әрекеттесу қаупі туралы және осындай өзара әрекеттесудің әлеуметтік, құқықтық және медициналық салдары туралы фактілерді ұсынуға негізделеді, қолданылатын құралдары мен әдістеріне, педагогикалық процеске сәтті жүзеге асырылады.

2. Өмірлік дағдыларды қалыптастыру әдістері. Өмірлік дағдылар - субъектіге өз өмірін басқаруға және бағыттауға, басқалармен бірге өмір сүру және қоршаған ортаға өзгерістер енгізу қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін мінез-құлық пен қарым-қатынас дағдылары. Бұл теорияның жетекші компоненттері-белсенді, тәжірибеге негізделген әдістер және жастармен топтық жұмыс. Бұл жағдайда тәуелді мінез-құлықтың алдын-алу субъектіні әлеуметтік қызметке қосу арқылы жүзеге асырылады. Мұндай оқыту өмірдің барлық салаларындағы әртүрлі мәселелерді талқылау, әлеуметтік әсерлерге төзімділікті арттыру, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, жеке және әлеуметтік құзыреттілікті арттыру кезінде өзіне деген сенімділік пайда болады.

3. "Эмоционалды оқыту" әдісі. Профилактикалық жұмыс субъектінің сезімдері мен эмоцияларына, сондай-ақ оларды басқару қабілетіне бағытталған. Әдістің негізінде эмоцияларды анықтау мен білдіруде қиындықтары бар адамдарда тәуелділік мінез-құлқы жиі дамиды деген эксперименттік дәлелденген ережелер, сондай-ақ жеке тәуекел факторлары, соның негізінде тәуелділік қаупін эмоционалды саланы дамыту арқылы азайтуға болады. Профилактикалық әсердің мақсаты – өз эмоцияларын тану және білдіру дағдыларын, өзін-өзі бағалауды арттыру, жеке тұлға үшін маңызды құндылықтарды анықтау, қарым-қатынас пен шешім қабылдау дағдыларын дамыту.

4. *Балама қызмет әдісі.* Ол қоршаған ортаға оң тәуелділікті қалыптастыру кезінде адамдар тәуелді мінез-құлыққа балама ретінде белгілі бір қызмет түрін алады деген ережеге негізделген.

5. Салауатты өмір салтын насихаттау. Алдын алу тәуелді мінез-құлықты қалыптастыруға кедергі болуы мүмкін спортпен шұғылдану, белсенді бос уақыт, салауатты еңбек режимі, денсаулықты нығайту жөніндегі іс-шаралар және т.б. сияқты балама әдеттерді тәрбиелеуге негізделеді.

Тәуелді мінез-құлықпен жұмыс істеуде басқа әдістер де қолданылады: ойлауды өзгерту әдісі; не болып жатқанын білуге бағытталған әдістер; өзін-өзі бақылау; өзіне-өзі көмектесу және өзін-өзі қолдау әдістері; шиеленісті жеңілдетуге бағытталған әдістер; эмоционалды тәжірибені талдауға байланысты әдістер; мінез-құлықты өзгерту әдістері.

Тәуелді мінез-құлықтың алдын алу жұмысында мына топтық кеңес беру тәжірибелерін қолдануға болады.

1. Психодинамикалық бағытталған топтар (В.Шутц, А. Адлер).
2. Пікірталас топтары (Р. Дрейкус).
3. Психологиялық кеңес беру топтары (Х. Джайнотт).
4. Гуманистік психология топтары (Т.Гордон, К. Роджерс, М. Снайдер).
5. Жеке тұлғаның диалогтік табиғаты топтары (М.Бахтин).
6. Бихивиористік бағытталған топтар (А.Бандура, Дж. Роттер)

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

7. Бэрн идеясына негізделген топтар.

8. Балалар мен ата-аналарды тәрбиелеу туралы діни көзқарастармен байланысты жүйелер (Р.Кэмпбелл).

9. Транзакциялық талдауға негізделген топтар (Т.Харрис, М. Фин).

10. Дербестендіру тұжырымдамасы (В.А. Петровский, С. В. Березин, О. в. Шапатина).

Демек, жасөспірімдердің тәуелді мінез-құлқының алдын алу барысында, олардың сыни ойлауына мен білімнің берік орнығуына, алған ақпарат білімді өз өмірі мен тәжірибесіне қажеттілігін сезінуіне себеп болады. Сондықтан кеңес беру барысында қойылатын сұрақтарды дұрыс ұйымдастыра білген орынды. Сұрақтар мынадай түрлерде қойылуы мүмкін:

- репродуктивтік белсенділікті көтеретін сұрақтар: «естеріңізге түсіріңіздер», «дәлелдеңіздер», «толықтырыңыздар».

- продуктивтік белсенділікті көтеретін сұрақтар: «салыстырыңыздар», «жалпылаңыздар», «қорытынды жасаңыздар», «талдаңыздар», «анықтаңыздар».

- тәжірибелік маңызы бар сұрақтар: «сіздерде қалай көрінеді», «қандай түрде, немесе деңгейде байқалады», «неге, не себепті».

Жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде жиі қолданатын әдістердің бірі: кеңес беру әдісінің классикалық түрі – эвристикалық әңгіме. Бұл әңгіме барысында әлеуметтік педагог алдын-ала ойластырылған сұрақтар жүйесінің көмегімен жаңа ақпарат білімді меңгеруіне, түсінуіне, қорытындылауына жетелейді. Мұндай бірлескен іс-әрекеттің көмегімен жасөспірімдер білімді жеке өзіндік пайымдауларына сүйене отырып қабылдайды. «Сократтық әңгіме» - осыған дәлел.

Баланың мінез-құлқындағы ауытқулардың себептері қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тұрақсыздығының, жалған мәдениеттің ықпалының күшеюінің, жастардың құндылық бағдарларының мазмұнындағы өзгерістердің, қолайсыз отбасылық-тұрмыстық қатынастардың, мінез-құлықты бақылаудың болмауының, ата-аналардың шамадан тыс жұмыспен қамтылуының, ажырасу эпидемиясының нәтижесі ретінде туындайды. Осының салдарынан баланың оның өзін-өзі реттеу қабілеті төмендейді, жалғыздық пен сенімсіздік сезімі, әлеуметтік ортада өміршеңдіктің дамымауы пайда болады. Девиантты мінез-құлық балалармен дер кезінде жұмыс істеу және әлеуметтік-педагогикалық технологияларды қолдану болашақта қоғамдағы көптеген проблемаларының алдын алуға көмектеседі деп ойымызды пайымдаймыз

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Куликов Л.В. Психогигиена личности. Вопросы психологической устойчивости и психопрофилактики: уч. пос. – СПб.: Питер, 2004. – 464 с.

2. Методика и технологии работы социального педагога: уч. пос. для вузов / Б.Н. Алмазов, М.А. Беляева, Н.Н. Бессонова и др. – М.: Изд. центр «Академия», 2002. – 192 с. (с. 151–169).

3. Дмитриев М.Г., Белов В.Г., Парфенов Ю.А Психолого-педагогическое сопровождение с делинквентным поведением. – СПб.: ЗАО «Пони», 2008. – 207 с (с. 49–61, 114, 135).

4. Садвакасова З.М. Технологии в работе с детьми девиантного поведения. Арт-педагогический аспект: монография / З.М. Садвакасова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 273 с.

5. Павлов И.С. Психотерапия в практике: технологии психотерапевтического процесса – М., 2012. – 512 с.

6. Кулганов В., Белов В.Ю. Парфенов Превентология: Профилактика социальных отклонений: уч. пос. – СПб.: Питер, 2014.– 304 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 51 (075.8)

АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ МАТЕМАТИЧЕСКОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ В КУРСЕ ШКОЛЬНОЙ МАТЕМАТИКИ

Баетов Каирден Хаирбекович,
Казахский национальный педагогический университет им.Абая, докторант,
Майбазарова Бахыткуль Джанатбековна
Казахский национальный женский педагогический университет, старший преподаватель,
Алматы, Казахстан

Аннотация: Математическое моделирование реальных процессов в школе – недостаточно исследованная область, однако имеющая связь со многими фундаментальными школьными предметами. Эти предметы крайне важны для понимания общей картины мира. Эта статья призвана восполнить этот пробел в литературе, сообщив об исследовании, посвященном урокам математики в средних школах в Республике Казахстан. Моделирование физических процессов изначально было принято в качестве теоретической основы для анализа взаимосвязи между стилем изложения физических процессов и обеспечением профессионального математического развития. Данные были собраны с помощью онлайн теста и индивидуальных интервью среди студентов различных специальностей, а также интервью в фокус – группах со студентами специальности математика. Здесь мы сообщаем об одной из школ и утверждаем, что на основе понимания математического моделирования физических процессов, студенты стали в целом понимать и другие процессы происходящих в реальном мире. Мы обсуждаем преимущества, которые математическое моделирование приносит развитию мировозрения студентов, а также предлагаем предпринимать сознательные усилия по развитию этой идеи, чтобы обеспечить профессиональное понимание реального мира как студентов общеобразовательного направления, так и специального направления.

Ключевые слова: Математика, дифференциальные уравнения, математическое моделирование, моделирование физических процессов.

Введение

На сегодяшний день в мире происходят многочисленные катаклизмы. Некоторые из них чрезвычайно опасны и даже способны изменить глобальную картину мира. Текущая ситуация в Республике Казахстан за 2024 год показала, что нет определенной стратегии по урегулированию стихийных бедствий в стране. Наводнения, землетрясения и другие катаклизмы в Казахстане участились начиная с 2010-2015 годов, половина их связаны с водой. Нехватка специалистов показывает недостаточность количества выпускаемых мастеров. В стране готовят студентов лишь по одной специальности “Водные ресурсы и водопользование”. Учебные программы на самом деле не дают полных знаний по многим проблемам, подходам и моделям в образовательной системе. Государство признает значимость развития науки и заинтересованы в подготовке специалистов. Стихийные бедствия наносят огромный ущерб экономике страны и ее населению.

Математика является обширной областью образования в мире. Математика используется не только для описания теоретических познаний, формул и теорем.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Математика может также использоваться в случаях проблем, ситуаций и областей включающие математические модели и моделирование. В научном мире по обучению математики и математическому моделированию проведено большое количество исследований.

Научные исследования проводимые в области катаклизмов невозможно описать незная ключевые особенности физических процессов. Эти процессы можно описать языком математики. Стихийные бедствия можно решать с помощью дифференциальных уравнений.

Дифференциальные уравнения — это математические уравнения, включающие одну или несколько производных неизвестной функции. Эти уравнения описывают связь между функцией и ее производными. Они используются для моделирования различных физических явлений и природных процессов в таких областях, как физика, инженерия, биология, экономика и других [1]. Приложения дифференциальных уравнений широко распространены, включая моделирование динамики населения, теплопроводности, потока жидкости, электрических цепей, механических систем, квантовой механики и многих других явлений в науке и технике.

Математическое моделирование можно применять к различным предметам в школе. Математическое моделирование широко используется в физике для описания поведения физических систем, таких как движение, электричество и магнетизм, термодинамика и квантовая механика, в биологии для понимания биологических процессов, таких как динамика населения, эпидемиология, генетика, экология и нейробиология, в химии для описания химических реакций, молекулярной динамики, термодинамики и кинетики, в экономике для анализа экономических систем, прогнозирования тенденций, оптимизации распределения ресурсов и понимания процессов принятия решений, в информатике для анализа алгоритмов, задач оптимизации, искусственного интеллекта, криптографии и компьютерной графики [2]. А также для изучения экологических процессов, таких как загрязнение воздуха и воды, изменение климата, экологическая динамика и управление природными ресурсами. В каждом из этих предметов математическое моделирование помогает формулировать проблемы, разрабатывать гипотезы, делать прогнозы и проверять теории с использованием математических методов и вычислительных методов

Обучение математическому моделированию может представлять собой несколько проблем, таких как абстракция, междисциплинарный характер, контекстуализация, сложность и неопределенность, вычислительные навыки, критическое мышление и решение проблем,оценка [3]. Решение этих проблем требует инновационных подходов к обучению, междисциплинарного сотрудничества, практического опыта и постоянного профессионального развития учителей.

За последний период (с 2018 по 2022 год) актуальное исследование PISA показало, что среди 81 стран участников впервые начиная с 2009 года смог войти в первую пятидесятку по знаниям в математике и естествознанию [4]. Исходя из этого исследования, этот рейтинг наглядно показывает, что тема “Моделирование” важна для успешной сдачи этого экзамена. Математическое моделирование позволяет определить события в реальной жизни на языке математике. В пяти азиатских странах таких как Сингапур, Макао, Япония, Корея и Казахстан учащиеся могут математически моделировать сложные ситуации, а также анализировать и оценивать подходящие стратегии для решения проблем [4]. Благодаря подготовке к этому экзамену, по данным статистики РК сократился разрыв между учениками с высокими баллами и слабыми учениками. Как результат, в математике слабоуспевающие ученики стали немного

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

сильнее, хотя у учащихся с высокими баллами уровень успеваемости существенно не изменился.

Метод исследования


Изучения дифференциальных уравнений через математическое моделирование является основной целью нашего исследования. Причину явлений происходящих в реальном мире можно объяснить через математическое моделирование. Например, как землятрясение уничтожает здание, как распространяются волны, как изменяется население с каждым годом и многие другие. Природные явления включающие изменение параметров, можно описать через дифференциальные уравнения.

Дифференциальные уравнения связывают изменяющиеся величины. Так как производная функции является скоростью изменения величины x которая зависит от переменной t.

$$\frac{dx}{dt} = f'(t)$$

следовательно, что уравнения содержащие производные, можно использовать для описания изменений, происходящих в природе. Уравнение, связывающее неизвестную функцию и одну или несколько ее производных, называют дифференциальным уравнением.

Результаты исследования



Задача 1. Опухоль может рассматриваться как популяция бесконтрольно размножающихся клеток. Опытным путем найдено, что “коэффициент рождаемости” клеток опухоли уменьшается по экспоненте со временем, так, что

$\beta(t) = \beta_0 e^{-\alpha t}$

(где α и β_0 — положительные константы), и, следовательно,

$dP/dt = \beta_0 e^{-\alpha t} P$,

$P(0) = P_0$.

Решите эту задачу Коши (задачу с начальными условиями), чтобы найти

$$P(t) = P_0 e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}(1-e^{-\alpha t})}$$

Заметьте, что численность популяции P(t) приближается к конечному ограничению $P_0 e^{(\beta_0/\alpha)}$ при $t \to +\infty$.

Решение:

$$\frac{dP}{dt} = \beta_0 e^{-\alpha t} \cdot P$$

Уравнение с разделяющимися переменными

$$\frac{dP}{P} = \beta_0 e^{-\alpha t} dt$$

проинтегрируем

$$\frac{dP}{P} = \beta_0 \int e^{-\alpha t}\, dt$$

$$\ln|P| = \beta_0 \cdot \frac{1}{-\alpha} e^{-\alpha t} + C$$

Следовательно, отсюда имеем, что

$$P(t) = C \cdot e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{-\alpha} e^{-\alpha t}}$$

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Подставляя начальные условия $P(0) = P_0$ в уравнение, получим

$$P(0) = C \cdot e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{-\alpha}}$$

Тогда находим константу C

$$C = P_0 \cdot e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}}$$

Отсюда следует

$$P(t) = P_0 \cdot e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}} \cdot e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{-\alpha} e^{-\alpha t}} = P_0 e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}(1-e^{-\alpha t})}$$

При $t \to \infty$ имеем $e^{-\alpha t} \to 0$, если $\alpha > 0$ наше уравнение будет иметь вид

$$P(\infty) = P_0 \cdot e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}}$$

Задача 2. Предположите, что опухоль (задача 30) в момент времени t = 0 насчитывает $P_0 = 10^6$ клеток и что P(t) в этот момент увеличивается со скоростью 3×10^5 клеток в месяц. После 6 месяцев опухоль удвоилась (в размере и в числе клеток). Найдите численное значение α, а затем найдите граничное количество клеток опухоли.

Решение:

$$P(t) = P_0 e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}(1-e^{-\alpha t})}$$

Подставляя значение $P_0 = 10^6$ получим

$$\mathrm{P(t)} = 10^6 \cdot \mathrm{e}^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}(1-\mathrm{e}^{-\alpha \mathrm{t}})}$$

P(t) изменяется со скоростью $\frac{\mathrm{dP(t)}}{\mathrm{dt}} = 3 \cdot 10^5$ клеток в месяц из (1 примера)

$$\frac{\mathrm{dP}}{\mathrm{dt}} = \beta_0 \mathrm{e}^{-\alpha \mathrm{t}} \cdot \mathrm{P}$$

При t = 0

$$3 \cdot 10^5 = \beta_0 \cdot 1 \cdot \mathrm{P}_0$$

Так как $P_0 = 10^6$ подставляя в уравнения мы имеем

$$3 \cdot 10^5 = \beta_0 \cdot 10^6$$

Тогда

$$\beta_0 = 0.3$$

После 6 месяцев (t=6) опухоль удвоилась ($2P_0$)

$$P(6) = 2P_0$$

Тогда из уравнения

$$P(t) = P_0 e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}(1-e^{-\alpha t})}$$

Получим

$$10^6 \cdot e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}(1-e^{-6\alpha})} = 2 \cdot 10^6$$

$$e^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}(1-e^{-6\alpha})} = 2$$

Отсюда находим α при $\beta_0 = 0.3$

$$e^{0,3 \cdot \frac{1}{\alpha}(1-e^{-6\alpha})} = 2$$

Сделав расчеты мы получим $\alpha = 0.3915$

Тогда количество клеток опухоли из формулы $\mathrm{P(t)} = \mathrm{P_0 e}^{\beta_0 \cdot \frac{1}{\alpha}}$

$$P(t) = 10^6 \cdot e^{0,3 \cdot \frac{1}{0,3915}(1-e^{-0.3915t})}$$

Таким образом подставляя значения t в наше уравнение, можем делать предположения по изменению за время t увеличения количества бактерий и как следствие опухоли.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Задача 3. Резервуар первоначально содержит 60 галлонов чистой воды. Морская вода, содержащая 1 фунт соли в галлоне, вливается в резервуар со скоростью 2 галлона в минуту, полученный (тщательно перемешанный) раствор вытекает из резервуара со скоростью 3 галлона в минуту; таким образом, резервуар будет пуст ровно через 1 час. Найдите количество соли в резервуаре после t минут.



Решение:

60 галлонов резервуар, концентрация c=1 ф/гал. r_i=2 гал/мин, r_0=3 гал/мин. t=1 час.

Решение:

$$V = V_0 + (r_i + r_0)t = 60 + (2 - 3)t = 60 - t$$

$$c = \frac{x}{V} = \frac{x}{60 - t}$$

$$\Delta x = r_i c_i \Delta t - r_0 c_0 \Delta t$$

$$\Delta x = 2 \cdot 1 \cdot \Delta t - 3 \cdot \frac{x}{60 - t} \Delta t$$

$$\frac{dx}{dt} = 2 - 3 \cdot \frac{x}{60 - t}$$

$$\frac{dx}{dt} + 3 \cdot \frac{x}{60 - t} = 2$$

$$p = \frac{3}{60 - t}, q = 2$$

Найдем интегрирующий множитель

$$\rho = e^{\int p dt} = e^{\int \frac{3}{60-t} dt} = (60 - t)^{-3}$$

$$D_t[\rho(x) \cdot x] = q \cdot \rho$$

$$D_t[(60 - t)^{-3} \cdot x] = 2 \cdot (60 - t)^{-3}$$

$$(60 - t)^{-3} \cdot x = 2 \int (60 - t)^{-3} \, dt$$

$$(60 - t)^{-3} \cdot x = (60 - t)^{-2} + C$$

По условию x(0)=0

$$C = -\frac{1}{60^2}$$

$$x = (60 - t) - \frac{(60 - t)^3}{60^2}$$

Задача 4. 30-летняя женщина занимает должность инженера с начальным заработком 30 000 долларов в год. Ее заработок $S(t)$ увеличивается по экспоненте, причем $S(t) = 30e^{\frac{t}{20}}$ тысяч долларов через *t* лет. Тем временем 12% заработка депонируются непрерывно на пенсионный счет, на котором сумма накапливается непрерывно по *ежегодной норме 6%.* (a) Выразите *ΔA* через *Δt*, чтобы получить дифференциальное уравнение, удовлетворяемое величиной *A(t)* — суммой на ее пенсионном счете после *t* лет. (b) Вычислите сумму *A(40)* на момент выхода на пенсию в 70 лет.

Решение:

A - сумма денег на пенсионном счете, меняется двумя способами: 1) она вносит деньги каждый год и 2) она приносит проценты. Сумма денег, которую она вносит, составляет 12% от ее зарплаты: *0,12S* , а проценты составляют *r=6%* от суммы на счете: 0,06A.

(a) $$\Delta A = 0{,}12S(t) + 0{,}06A = 0{,}12 \cdot 30e^{\frac{t}{20}} + 0{,}06A$$

Это сумма каждого года.

$$\Delta A = 0{,}12S(t) + 0{,}06A = 0{,}12 \cdot 30e^{\frac{t}{20}} + 0{,}06A$$

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Дифференциальное уравнение имеет вид

$$\frac{dA}{dt} = 3{,}6 \cdot e^{\frac{t}{20}} + 0{,}06A$$

$$\frac{dA}{dt} - 0{,}06A = 3{,}6 \cdot e^{\frac{t}{20}}$$

$$p = -0{,}06, q = 3{,}6 \cdot e^{\frac{t}{20}}, \rho = e^{\int -0{,}06dt} = e^{-0{,}06t}$$

$$\frac{e^{-0{,}06t}dA}{dt} - 0{,}06Ae^{-0{,}06t} = 3{,}6 \cdot e^{\frac{t}{20}}e^{-0{,}06t}$$

$$Ae^{-0{,}06t} = \int 3{,}6 \cdot e^{\frac{t}{20}}e^{-0{,}06t}dt = 3{,}6\int e^{-0{,}01t}dt$$

$$Ae^{-0{,}06t} = -3{,}6 \cdot 100e^{-0{,}01t} + C = -360e^{-0{,}01t} + C$$

$$A = \frac{-360e^{-0{,}01t} + C}{e^{-0{,}06t}}$$

Предполагая, что она открыла этот пенсионный счет, когда приступила к работе, тогда $A\,(0) = 0$ является начальным условием. $C = 360$:

$$A = \frac{-360e^{-0{,}01t} + 360}{e^{-0{,}06t}}$$

(b) Вычислите сумму A(40) на момент выхода на пенсию в 70 лет.

$$A(40) = \frac{-360e^{-0{,}01\cdot 40} + 360}{e^{-0{,}06\cdot 40}}$$

$$A(40) = \frac{-360e^{-0{,}4} + 360}{e^{-2{,}4}} \approx 1308{,}283$$

Через 40 лет ее пенсионный счет будет содержать $1 308,283 тысяч долларов или $1 308 283 доллара США.

Обсуждение

Задача под номером 1, есть задача общего вида. В этой задаче рассматривается популяция бесконтрольно размножающихся бактерий. Опытным путем находиться количество бактерий в самом начале эксперимента, а затем рассматривается уменьшение клеток по экспоненте с течением времени. Также, если мы вместо размножения количества бактерий возьмем например, рождаемость человека, то мы сможем также вывести необходимую зависимость. Задачи общего вида могут быть в дальнейшем соделированы для конкрентых примеров из жизни.

Во второй задаче, приводиться конкретный пример. Во первых задаются начальные значения, то есть задача Коши. Значения задаваемые в этой задаче, с начальным временем t=0, также количество клеток в этот первоначальный момент времени $P_0 = 10^6$ клеток. Во вторых найдя значения α, нашли количество клеток опухоли при этих граничных условиях. Сделав необходимые расчеты в изменение количества клеток опухоли, можем прогнозировать будет ли человек выздоравливать или наоборот его состояние ухудшиться.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Задача 3 является чрезвычайно актуальной на сегодняшний день для Республике Казахстан. По данным официальной статистике РК самое крупное наводнение было в Кызылагаше в 2010 году. Количество воды в плотине превысило допустимый рубеж. Потепления в апреле 2024 года в Казахстане создало угрозу паводков. Каждый год (и 2024 год не исключение) количество талой воды превышает уровень плотин и дамб. Прогнозирование перелива дамб, времени за какое оно достигнет населенного пункта, эта та задача с которой связано математическое моделирование в задаче 3.

В заключительной 4-й задаче рассматривается накопление пенсионного фонда женщиной лет 40. Сумма денег на пенсионном счете, изменяется двумя способами: каждый год вносятся деьги на накопительный счет, а также накопленная сумма приносит прибыль в виде процентов. Так как в этой задаче показывается изменение суммы денег с течением времени, мы можем решать ее через дифференциальные уравнения. Через 40 лет сумма денег будет более одного миллиона долларов.

Заключение

Построение математической модели позволяет прогнозировать самые разнообразные процессы. Например экологических, физических и инженерных. Для изучения таких моделей необходимо знать как решаются дифференциальные уравнения. Многие студенты ориентированы на решение стандартных типов дифференциальных уравнений. В большинстве своем, они лишь могут определять тип, знакомым дифференциальным уравнениям, запоминают ход и алгоритмы решения, какие замены можно произвести решая такие задачи. Однако не делается акцент на понимание основных концептуальных идей. Эмпирические исследования позволяют глубже обдумать и провести более глубокий анализ, чем решение стандартных дифференциальных уравнений. Исходя из выше изложенного, полагаем, что с помощью математического моделирования и эмпирических исследований вывод уравнений даст более лучший результат для обучения. Важно научить студентов аналитическим методам решенияя. Эфективная и надежная математическая модель помогает в построении реалистичной модели для доказательства устойчивости решения дифференциальных уравнений.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Эдвардс Ч.Г., Дифференциальные уравнения и краевые задачи. Москва, 2008 г. ООО “И.Д. Вильямс”. 1104 стр.
2. Lyn D. English. Mathematical Modeling in the Primary School: Children's Construction of a Consumer Guide. Educational Studies in Mathematics. Vol. 63, 11.2006, 323 pages.
3. Ayla Arseven. Mathematical modelling approach in mathematics education. Universal journal of educational reaserch. 2015. Vol. 973.
4.https://kazaknews.kz/obrazovanie/strong-vyshli-rezultaty-pisa-kakuju-strochku-zanyal-kazahstan-strong/
5. Крайнов А.Ю., Моисеева К.М., Численные методы решения краевых задач для обыкновенных дифференциальных уравнений. Учебное пособие, Томск, 2016.
6. Нахман А.Д., Плотникова С.В., Сборник задач по дифференциальным уравнениям и их приложениям, Учебное пособие, Изд-во Тамб.гос.тех. ун-та, 2005.
7. Мухтаров М., Исмагұлова Н.М., Дифференциалдық теңдеулер бойынша дәрістер: Оқу құралы.-Павлодар: Кереку, 2015.-422 б.
8. Хомпыш Х., Математикалық физика теңдеулері. Алматы, Қазақ университеті, 2017 ж.215 б.
9. Кабанихин С.И., Бектемесов М.А., и др. Численные методы решения обратных и некорректных задач естествознания. Монография, “Қазақ университеті”, Алматы, 2020.
10. Звонарев С.В., Основы математического моделирования: учебное пособие-Екатеринбург: Изд-во Урал. Ун-та, 2019.-112 с.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК 629.039.58

ВНЕДРЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ БЛОКЧЕЙН И ГЕОИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ ДЛЯ АВТОЗАПРАВОЧНЫХ СТАНЦИЙ

Ниязбаева Акнур Нурбековна[1], Жакупова Жанар Зиядовна[2]
Магистрант кафедры «Аграрная техника и машиностроение» образовательной программы 7М11201 – «Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды»[1]
PhD, Ассоциированный профессор кафедры «Водные ресурсы и мелиорация»[2]
Казахский национальный аграрный исследовательский университет,
Алматы, Казахстан

Аннотация: В данной статье рассматривается внедрение технологий блокчейн и геоинформационных систем (ГИС) в управление автозаправочными станциями (АЗС). Актуальность исследования обусловлена необходимостью повышения прозрачности, безопасности и эффективности операций на рынке топлива. Блокчейн-технология обеспечивает надежный и неизменяемый учет транзакций, что позволяет минимизировать риски мошенничества и повысить доверие со стороны потребителей. В то же время, ГИС предоставляет мощные инструменты для анализа пространственных данных, оптимизации логистики и управления запасами.

Статья описывает основные преимущества интеграции этих технологий, включая автоматизацию процессов учета, улучшение мониторинга и управления ресурсами, а также возможность создания новых бизнес-моделей, таких как децентрализованные платформы для торговли топливом. Приведены примеры успешного применения данных технологий в различных регионах, а также обсуждаются потенциальные вызовы и риски, связанные с их внедрением.

Ключевые слова: Блокчейн, Геоинформационные системы (ГИС), Автозаправочные станции (АЗС), Анализ данных, Интеграция технологий, Эффективность операций, Устойчивое развитие.

Введение

В последние годы наблюдается значительный рост интереса к технологиям блокчейн и геоинформационным системам (ГИС) в различных отраслях, включая топливный сектор. АЗС сталкиваются с рядом вызовов, таких как необходимость повышения прозрачности операций, улучшение управления запасами и обеспечение безопасности транзакций. Внедрение блокчейн-технологий и ГИС может стать ключевым шагом к решению этих проблем, обеспечивая более эффективное и безопасное функционирование автозаправочных станций.

Цель данной статьи — рассмотреть возможности и преимущества внедрения технологий блокчейн и ГИС на АЗС. Задачи статьи включают:

Анализ основных понятий блокчейн и ГИС.

Изучение взаимосвязи между этими технологиями.

Оценка преимуществ их применения в контексте автозаправочных станций.

Геоинформационные системы (ГИС) — это технологии, которые позволяют собирать, хранить, анализировать и визуализировать пространственные данные. ГИС используются для картографирования, анализа географической информации и принятия решений на основе пространственных данных [1]. В контексте АЗС ГИС могут помочь в управлении местоположением станций, анализе трафика и оптимизации логистики.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Блокчейн — это распределенная база данных, которая обеспечивает безопасность и прозрачность транзакций за счет использования криптографических методов [2]. Каждая транзакция записывается в блок, который затем добавляется к цепочке блоков, что делает невозможным изменение или удаление информации без согласия всех участников сети. Это создает доверие между сторонами и минимизирует риски мошенничества.

Взаимосвязь между блокчейн и ГИС

Блокчейн и ГИС могут быть интегрированы для создания более эффективных и безопасных систем управления данными. Например, блокчейн может обеспечить надежное хранение и защиту данных о транзакциях на АЗС, в то время как ГИС может предоставить пространственный контекст для этих данных, позволяя анализировать их в географическом разрезе. Это сочетание технологий может значительно повысить уровень прозрачности и доверия в цепочке поставок.

Преимущества внедрения блокчейн и ГИС на АЗС

Прозрачность и отслеживание цепочки поставок

Внедрение блокчейн-технологий позволяет обеспечить полную прозрачность цепочки поставок топлива. Каждая транзакция, связанная с поставкой, хранится в блокчейне, что позволяет легко отслеживать происхождение и движение топлива от производителя до конечного потребителя. Это может помочь в борьбе с контрабандой и несанкционированными поставками.

Повышение безопасности транзакций

Блокчейн обеспечивает высокий уровень безопасности транзакций благодаря использованию криптографических методов. Это снижает риски мошенничества и несанкционированного доступа к данным. АЗС могут использовать смарт-контракты для автоматизации процессов, таких как оплата и поставка, что дополнительно повышает безопасность и снижает вероятность ошибок.

Оптимизация управления запасами

ГИС позволяет АЗС эффективно управлять запасами топлива, анализируя данные о потреблении и прогнозируя спрос. В сочетании с блокчейн-технологиями, которые обеспечивают точные данные о поставках и транзакциях, это может привести к более эффективному управлению запасами, снижению издержек и минимизации потерь.

Анализ данных и принятие решений

Интеграция блокчейн и ГИС предоставляет возможность для глубокого анализа данных, что может помочь в принятии более обоснованных решений. АЗС могут использовать аналитические инструменты для оценки эффективности операций, выявления трендов и оптимизации бизнес-процессов. Это может привести к повышению конкурентоспособности и улучшению обслуживания клиентов.

Оптимизация ресурсов: Геоинформационные системы (ГИС) помогают анализировать данные о потреблении топлива и его распределении, что позволяет оптимизировать логистику и снизить углеродный след.

Управление отходами: С помощью ГИС можно отслеживать и управлять отходами, связанными с работой АЗС, что способствует более эффективному обращению с ресурсами и уменьшению негативного воздействия на окружающую среду.

Потенциальные опасности и риски

Кибербезопасность

Уязвимости систем: Внедрение новых технологий может создать новые уязвимости, которые могут быть использованы злоумышленниками для кражи данных или манипуляций с транзакциями.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Необходимость защиты данных: Защита личной информации клиентов и данных о транзакциях становится критически важной, что требует дополнительных инвестиций в кибербезопасность.

Ошибки в данных и их последствия

Неправильные данные: Ошибки в данных, собранных с помощью ГИС или записанных в блокчейне, могут привести к неправильным решениям, что может негативно сказаться на бизнесе и клиентском опыте.

Сложности в исправлении ошибок: В случае обнаружения ошибок в блокчейне их исправление может быть затруднительным, так как система ориентирована на неизменность данных.

Сложности интеграции с существующими системами

Технические барьеры: Интеграция новых технологий с уже существующими системами может быть сложной и затратной, требуя значительных ресурсов и времени.

Обучение персонала: Сотрудникам может потребоваться обучение для работы с новыми системами, что также требует времени и финансовых вложений [3].

Зависимость от технологий и поставщиков

Риски зависимости: Внедрение новых технологий может привести к зависимости от определенных поставщиков программного обеспечения и оборудования, что может создать риски в случае их банкротства или изменения условий сотрудничества.

Правовые аспекты и законодательные барьеры

Неопределенность законодательства: Внедрение блокчейн-технологий и ГИС может столкнуться с правовыми барьерами, так как законодательство в этой области может быть недостаточно развито или не учитывать новые технологии.

Будущее технологий блокчейн и ГИС в топливной отрасли

Тенденции и прогнозы

Увеличение прозрачности и доверия:

Блокчейн обеспечивает неизменяемость данных, что позволяет создать прозрачную цепочку поставок топлива. Это может снизить уровень мошенничества и повысить доверие между участниками рынка, включая поставщиков, АЗС и конечных потребителей.

Автоматизация процессов:

Интеграция смарт-контрактов на базе блокчейн позволит автоматизировать многие процессы, такие как расчеты, управление запасами и логистика. Это приведет к снижению операционных затрат и повышению эффективности.

Интеграция с IoT:

Использование Интернета вещей (IoT) в сочетании с ГИС и блокчейн-технологиями позволит собирать и анализировать данные в реальном времени. Это может помочь в оптимизации работы АЗС, мониторинге состояния оборудования и управлении запасами.

Устойчивое развитие и экология:

Блокчейн может быть использован для отслеживания углеродного следа и других экологических показателей, что станет важным аспектом для компаний, стремящихся к устойчивому развитию. ГИС поможет визуализировать данные и анализировать влияние на окружающую среду.

Персонализация услуг:

С помощью ГИС можно анализировать поведение клиентов и предлагать персонализированные предложения, что повысит лояльность и удовлетворенность клиентов.

Возможные направления развития

Создание децентрализованных платформ:

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Разработка платформ, которые объединяют всех участников цепочки поставок, включая производителей, дистрибьюторов и конечных потребителей. Это позволит улучшить взаимодействие и снизить затраты.

Разработка стандартов и протоколов:

Необходимость в создании общепринятых стандартов для интеграции блокчейн и ГИС в топливной отрасли. Это поможет обеспечить совместимость различных систем и упростит внедрение технологий.

Расширение применения ГИС:

Использование ГИС для анализа рынка, планирования новых АЗС и оптимизации логистики. Это может включать в себя анализ трафика, демографических данных и других факторов, влияющих на спрос.

Интеграция с финансовыми системами:

Разработка решений, которые позволят интегрировать блокчейн с существующими финансовыми системами для упрощения расчетов и управления финансами.

Обучение и повышение квалификации:

Важно развивать программы обучения для сотрудников АЗС и других участников рынка, чтобы они могли эффективно использовать новые технологии и адаптироваться к изменениям [4].

Исследования и инновации:

Поддержка научных исследований и разработок в области блокчейн и ГИС для поиска новых решений и улучшения существующих технологий.

В целом, будущее технологий блокчейн и ГИС в топливной отрасли выглядит многообещающим, с возможностью значительного повышения эффективности, прозрачности и устойчивости бизнеса.

Выводы и заключение

Внедрение технологий блокчейн и геоинформационных систем в работу автозаправочных станций открывает новые горизонты для повышения эффективности и прозрачности их деятельности. Блокчейн обеспечивает надежную и защищенную систему учета транзакций, что минимизирует риски мошенничества и повышает доверие со стороны клиентов. Геоинформационные системы, в свою очередь, позволяют оптимизировать логистику, улучшить управление запасами и повысить качество обслуживания. Совместное использование этих технологий может значительно улучшить взаимодействие между АЗС и потребителями, а также создать новые возможности для анализа данных и принятия обоснованных решений. В результате, автозаправочные станции смогут не только повысить свою конкурентоспособность, но и внести вклад в устойчивое развитие отрасли, обеспечивая более эффективное использование ресурсов и улучшая экологическую ситуацию. Таким образом, интеграция блокчейна и ГИС представляет собой важный шаг к модернизации и инновациям в сфере топливного обслуживания.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. А.В.Чередниченко,Е. Саркынов, Б.А. Зулпыхаров. ГИС технологий в водном хозяйстве://учебник для вузов. Алматы, 2022.
2. Блокчейн на практике / Александр Табернакулов, Ян Койфманн. — М. : Альпина Паблишер, 2019. — 260 с.
3. Смирнова, И. А. "Современные методы оценки рисков на автозаправочных станциях". Журнал Экологической Безопасности, 2021.
4. Ким, Н. В. "Инновационные подходы к управлению рисками в условиях городской среды". Вестник Технологий, 2022.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ: 94 (574.3)

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

МУРАТОВА МАДИНА БОЛАТОВНА
1 курс докторанты, гуманитарлық ғылымдар магистрі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды, Қазақстан

Аннотация: XIX ғасырда қазақ өлкесінің әлеуметтік потенциалының көтерілуіне, нарықтық қатынастарға кірігуіне айрықша ықпалын тигізген экономикалық тетік жәрмеңкелер жүйесі екені белгілі.

Мақалада 82 жылдық тарихы бар, қазақ қоғамының экономикалық өрлеуі мен мәдени жаңару тарихында терең із қалдырған жәрмеңкелердің ішіндегі орналасу территориясы тұрғысынан алғанда ең тиімдісі және сауда айналымы жағынан ең ірісі Қоянды жәрмеңкесі жайлы баяндалады.

Жетісудағы сан ғасырлық тарихы бар Жібек жолының маңызы қандай болса, Қарқаралыдағы атақты Қоянды жәрмеңкесінің де ел тарихынан алатын орны ерекше. Ол кезінде Қарқаралы дуанын дамытуға әсер етіп қойған жоқ, бүкіл қазақ даласына сауда капиталының қанат жаюына ықпал жасады, өндірісі жоқ үлкен өлкенің қажетін шығарды, халықтың басын қосуға, өнерін ұштауға жол ашты.

Кілт сөздер: Қарқаралы уезі, жәрмеңке, көпес В.Ботов, Қоянды жәрмеңкесі, экономика, сауда, өнім.

Қарқаралы уезінде экономиканың және мәдениеттің өркендеуіне Қарқаралы қаласынан 55 километр қашықтықта 1848 жылдың алғашқы жартысында ашылған Қоянды жәрмеңкесі үлкен ықпал жасады. Мұнда Ресейден, Орта Азиядан, Қытайдан көпес-саудагерлер ағылды.

Қоянды ол кезде Жетісу, Омбы, Қызылжар, Атбасар жолдарының түйілісетін жері еді. Бұл жәрмеңке ашылғанға дейін Ақмола губерниясы Тобольдан, Томскіден, Тюменьнен, Омбыдан, Бұқардан, Ташкенттен, Қытайдан келген көпестермен айырбас сауданы Қызылжарда жасайтын. Жәрмеңкенің ашылуы көпес В. Ботовтың атымен байланысты. Ол 1848 жылы әртүрлі товарлар алып келіп, оларды малға айырбастаған [1, Б.3].

Қоянды жәрмеңкесінің шығу тарихы туралы жазушы Сапарғали Ләмбекұлы «Қоянды жәрмеңкесі» атты мақаласында былай баяндайды: «Олардың арғы әулеті сонау I Петрдің заманында Ресейдің Ялуторов қаласындағы Демидовтар заводында жұмыс істеген Серафим Ботов еді. Күндердің күнінде ол бұл кәсіпті қойып, саудамен айналысқан. Серафим қартайып дүниеден өтеді. Әкесінің жолын Варнава Ботов жалғастырады. Әуелгі кезде ол Омбы, Қызылжар қалаларына дейін келіп-кетіп жүреді. Одан әрі ұзап сауда жасауға он жыл бойы отаршылдыққа қарсы күрескен Кенесары Қасымұлының жасақтарынан қорқады.

1847 жылы көтеріліс сәтсіз аяқталғаннан кейін, оның үстіне Көкпекті, Қапал сыртқы округтері ашылып, жүріп-тұру қауіпсіз болған соң Варнава тағы жолға шығады. Сарыарқаны көктей өткен көпестің керуені Қытайдағы Құлжаға дейін жетеді. Ол жақтағы

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

саудасы сәтті болады, байлармен келесі жылы Қарқаралы маңында, Талды өзені бойында кездесуге уәделесіп, кері қайтады.

Осы арада айта кетейік, бұған дейін қазақ даласындағы ірі жәрмеңкенің бірі Қызылжарда болыпты. Оған Қытай мен Моңғолиядан да қыруар мал айдап әкелініпті. Ұзақ жолда әккі ұрылар да недәуір бөлігін олжалап кетіп жүретін болса керек. Сондықтан құлжалықтар Ботовтың жаңағы ұсынысын қуана-қуана қарсы алады.

Келесі 1848 жылы он лауға көп дүние тиеп алған Варнава көктем жылт етісімен сапарға аттанады. Қызылжарға жеткенде қосымша біраз нәрсе сатып алып, Қарқаралыға беттейді.

Керуенін қорғап жүретін казак солдаттарын және жалдайды. Осылайша бекет жолымен жылжыған көпес Керекуді, Баянауылды басып, мамыр айының ортасында дуан орталығы Қарқаралы қаласынан санағанда екінші бекет болып табылатын, елу шақырым жердегі Қояндыға жетіп тоқтайды» [2, Б.5]. Осылайша Қоянды жәрмеңкесі өз бастамасын алады.

Жергілікті әкімшілік 1869 жылы Қоянды сауда орнын арнайы жәрмеңке деп тану туралы ұсыныс енгізіп, Батыс Сібір сауда басқармасы советінің 1869 жылғы 12-13 қыркүйектегі қаулысымен оны ұйымдастырушының атына орай Ботов жәрмеңкесі деп аталып, жыл сайын 15 мамырдан 15 шілде аралығында жәрмеңке өткізу туралы шешім қабылданған: «учредить на ур.Куянды по р.Талды въ 50 верстахъ отъ Каркараловъ ежегодную ярмарку, на срокъ съ 15-го мая по 15 июня, наименовавъ ее въ честь перваго ея учредителя, Ботовской» [3, Б.186].

Сонымен алғашқы кезде біресе Қарқаралы, біресе Ботов, біресе Қоянды аталып жүрген жәрмеңке ресми түрде оның негізін салған Варнава Ботов есімін иеленді. Уақыт өткен сайын жәрменкенің жылма-жылғы сауда айналымының көлемі ұлғая берді. 1869 жылы сауда айналымының жылдық көлемі 500 мың сомға дейін жетті [4, Б.52].

Қоянды жәрмеңкесінде Әміре Қашаубаев, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Майра Уәлиқызы, Мәди Бәпиұлы, Қалибек Қуанышбаев тәрізді әншілер мен әртістеріміз, суырып салма ақын Иса Байзақов көпшілікке осы жерде танылды. Біржан сал ат үстінде домбырасымен:

«Базарың құтты болсын, ардақты елім,
Қоянды ту көтерген думан жерім.
Қарқаралы, сұлу Көкше – жер шоқтығы,
Сарыарқа – алтын асу, асқар белім», деп жәрмеңкені әнмен ашқан [2, Б.8]. осы думанға атақты қобызшы Ықылас Дүкенұлы, белгілі күйші Тәттімбет Қазанғапұлы, әйгілі ақындар Жанақ, Шөже тәрізді өнерпаздар жиналған. Қазақтың тұңғыш ұлттық театры да Қояндыда дүниеге келді. Даңқы жер жарған палуандарымыз Нұрмағанбет (Балуан шолақ) Баймырзаұлы, Қажымұқан Мұнайтпасов талай рет күш-қайратымен жұртты таң қалдырған [5, Б.2].

Жәрмеңке уақытында Қоянды жеріне сансыз көп мал айдалып әкелінді. Батыс Сібір генерал-губернаторына Қырғыз жер иелену жерінен жәрмеңке мен онда әкелінген малға 55 шаршы километр жер бөлу жөнінде жарлығы шықты. Сол кезден бастап тауар сақтайтын, сататын арнайы орындары бар жәрмеңке аландарын салу қолға алына бастады. 1876 жылы 16 балаған, 120 киіз үй болған. 1883 жылы бұлардың саны тиісінше 110-ға және 205-ке, ал 1890 жылы 247-ге және 1000-ға жеткен. 1889 жылы телеграф тартылып, 1894 жылы банк бөлімшесі ашылады. Сауда қатарларының жанынан шенеуліктерге арналған квартал салынды.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сонымен қатар Қарқаралы уезі бастығына, судьяға, мал және адам дәрігерлеріне, полицияға орын берілді. 1900 жылы 30 дүкен, 276 балаған, 707 киіз үй болады [5, Б.2]. Осы кезден сауда айналымының күрт өскендігі байқалады. 1870 жылы сауда айналымы 516 мың 425 сом болса, 1875 жылы бір миллион 226 мың 297 сомға, 1901 жылы 3 миллион 151 мың, 1913 жылы 4 миллион 953 мың 106 сомға жеткен.

Жәрмеңкелік сауда ауданаралық және жалпыресейлік маңызға ие болды. Мұнда мал, мал шаруашылығы мен жер өңдеу өнімдері сатылды. Ірі қара және ұсақ малдар әр жылда жәрмеңкедегі сауда айналымының 40-50% құраса, мал шаруашылығы өнімдері: иленбеген тері қой терісі, ешкі терісі, елтірі, түйе және қой жүні, ешкі түбіті 8-22% еншіленген [2, Б.54].

Қазақстанға орыс өнеркәсіп өнімдері, тоқыма тауарлар (мақта-мата бұйымдары), өңделген тері, металл бұйымдары (ауылшаруашылық құралдары), қант, сабын, керосин, галантереялық тауарлар, тұрмыстық заттар әкелінді. Орта Азиядан кептірілген жемістер, киім, мата, қалы кілемдер, Қытайдан шәй, маталар тасылды.

Жәрмеңкелерде сауда операциялары айырбас түрінде немесе ақша түрінде жүрді. Қазақстанда ақша-тауар қатынастарының негізінде орыс көпестері жәрмеңкелерден өте үлкен пайда түеірді. Ұсақ саудагерлер неше түрлі алдап-арбау арқылы тікелей өндірушілер есебінен байып отырды. Патша үкіметінің қазақ даласындағы сауда саясатының тонаушылық, отаршылдық сипаты болғандығына қарамастан, қазақтардың табиғи томаға-тұйық шаруашылығының ыдырауына жол ашты.

Жәрмеңкелер жылдың төрт мезгілінде өткізілді. Сондықтан оларды маусымдық жәрмеңкелер деп атайды. Қазақтар үшін, әсіресе, жазда өтетін жәрмеңкелердің маңызы зор болды. Бұған алыс аудандардан жылқы, ірі қара, қой, ешкі және мал шаруашылығы өнімдері: тері, жүн, киіз, май, мүйіз, жылқының қылын әкеліп өткізіп, өздеріне қажетті заттарға, үн, шай, ыдыс-аяқ және т.б. айырбастады. Бұлардың ішінен өнімдерінің белгілі бір бөлігін рынок үшін арнайы өндіретін ұлттық сауда буржуазиясы өсіп шықты. Қазақтардың арасынан шыққан саудагерлерді ұсақ, орта және ірі деп үшке бөлуге болады. Мәселен, XIX ғасырда қазақ байларының, алыпсатарларының, саудагерлерінің, приказчиктерінің, делдалдардың ірілі-ұсақты жалпы саны 40 мыңға жеткен. Солардың арқасында сауда мен өсімқорлық капитал қазақ жеріне орнықты. Дегенмен ресейлік және ортаазиялық сауда буржуазиясының бәсекелестік әсерінен қазақ буржуазиясы әлсіз болды. Ұлттық капитал толығымен қалыптаса алмады, тек сауда капиталы түрінде қалды. Өсімқорлық капитал өзінің жоғары түрі – өнеркәсіп капиталы дәрежесіне көтеріле алмады.

Қоянды жәрмеңкесі сол кездегі қазақ ұлтының әлеуметтік-саяси өміріне де үлкен ықпалын тигізді. XX ғасырдың басында Қазақстандағы ұлт-азаттық күрестің ұйтқысы – Алаш қайраткерлерінің «Қарқаралы петициясы» осы Қоянды жәрмеңкесінде ұйымдастырылған.

1905 жылы Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен жәрмеңкеге жиналған 14 мың адамға қол қойғызып, патша үкіметіне әділет орнату (халықтың құқығы мен абыройын аяқасты етуге жол бермеу, халықтың ана тілінде білім алуын ұйымдастыру, қоныстандыру саясатын тоқтату, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару және т.б.) жөнінде талап хат (петиция) жолдайды. Осылайша, Қарқаралы – Қоянды өлкесі Алаш қозғалысының алтын бесігіне айналды.

Бірінші дүниежүзілік соғыспен одан кейінгі революция жылдарында және азамат соғысы кездерінде Қоянды жәрмеңкесінің беделі түсе бастап, оның сауда-саттық айналымы күрт төмендеп кетті. Оған дәлел 1882 жылы губерния халқында барлығы жеті миллион астам мал болса, 1919 жылдың басында ол 2,5 миллионға дейін кеміген.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

1923 жылдың 15 шілдесінен жәрмеңке қайта жаңданып, қалыпты жұмыс жасауға кірісті. Жәрмеңкелік комитет құрылып, келгендерді тіркеп отырды. 1923-1924 жылдары жөндеу, қалпына келтіру жұмыстарының нәтижесінде 35 сауда үйі, 17 қойма және 26 тұрғын үй пайдалануға берілді. Қоянды жәрмеңкесінің жалпы тауар айналымы 100 мың сомды құраса, ал келесі жылы жалпы айналым 800 мың сомға жетті. Осы кезде өндіріс тауарларын сату көлемі де ұлғая түсті. Келесі көрсеткіштерді еңбек ардагері Жұмабек Қарсыбеков «Атышулы, әлемге әйгілі жәрмеңке» атты мақаласында баяндайды: «Өндіріс тауарларын сату 1925 жылы 1 миллион 104 мың, 1926 жылы 1 миллион 503 мың 600 сом, 1927 жылы 1 миллион 620 мың, ал 1928 жылы Қоянды жәрмеңкесіндегі жалпы тауар айналымы 4 миллион 844 мың 600 сомға жетті». Бұл Қоянды жәрмеңкесінің тарихындағы ең үлкен көрсеткіш болатын.

Сонымен қатар 1928 жыл Қоянды жәрмеңкесі үшін ақырғы жыл болып, 1929 жылы аты әлемге тараған, сол кез үшін тарихи үлкен саяси-әлеуметтік, экономикалық маңыз атқарған Қоянды жәрмеңкесі өз жұмысын тоқтатты. Сол жылдары Қарқаралы ауданы басшылығының жарлығымен жәрмеңкенің құрылыстарын бағалау үшін арнайы комиссия құрылды. Сол кезден бастап атақты жәрмеңкенің материалдық негізі жойылған еді. Осы комиссия жәрмеңкенің көптеген құрылысының тозығы жеткендігін анықтап, жарамсыз деп тауып, акт жасаған. Сөйтіп, оның қорытындысы бойынша келешегі жоқ деп табылған құрылыстар, яғни 44 түрлі құрылыс үйлері жарамсыз деп табылған.

Арқа төсінде 82 жыл дүрілдеген Қоянды жәрмеңкесі 1930 жылы жабылды. Қоянды жәрмеңкесі бүкіл қазақ аймағына ғана емес, әлемнің көптеген жерінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына айтарлықтай үлес қосты, халықтың өз шаруашылығын қайта құрып, жалпы мал шаруашылығын дамытуына, оның өнімділігі мен сапасын арттыруға үлкен маңыз атқарды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ МЕН ДЕРЕКТЕР:

1. Дүйсетаев Б. Отаршылдық уысында. – Қарқаралы, 3 шілде 1993 жыл. – Б.3.
2. Ләмбекұлы С. Қоянды Жәрмеңкесі. – Егемен Қазақстан, 18 наурыз 1998 жыл. – Б.5-8.
3. Маевский В. Ботовская ярмарка // Памятная книжка Семипалатинской области на 1897 год. – Семипалатинск, 1897. – С.184-202.
4. Смирнов А. Куяндинская ярмарка (Ее возникновение, история развития и обороты). – Семипалатинск, 1924. – 101 с.
5. Ләмбекұлы С. Арқадағы Қоянды жәрмеңкесі. – Қарқаралы, 21 наурыз 1998 жыл. – Б.2.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ: 81.37; 003

ТІЛДІК ҚАБАТТАРДЫҢ ЖАҢАРУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН КОГНИТИВТІК-СЕМАНТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Бөгетбаева Аружан Темірханқызы
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс магистранты
Карагулова Б.С.- ф.ғ.к., доцент

Аннотация: Мақалада тілдік қабаттарға әсер ететін факторлар қарастырылады. Тілдік қабаттар үнемі тілдік жаңалықтармен толығып отырады. Оның жаңаруына экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлар тікелей әсер етеді. Мақалада когнитивтік-семантикалық фактор тілдік қолданыстар арқылы талданады. Қоғам үшін жаңа концепт қалыптастыратын салалар жіктеледі.

Тірек сөздер: тілдік қабат, экстралингвистикалық фактор, интралингвистикалық фактор, когнитивті-семантикалық әсер, жаңа сөздер, жаһандану.

Соңғы жиырма жылдықта қазақ тілінің қабаттары өзгеріске ұшырап, жаңарып келеді. Тілдік қабаттар үнемі тілдік жаңалықтармен толығып отырады. Бұны Р.Сыздықова: «Тілдік жаңалықтар дегеніміз – белгілі бір тілдің даму барысындағы белгілі бір кезеңдерде пайда болған (қолданысқа түскен) жаңа зат, жаңа ұғым атаулары, жаңа сөз тіркестері, мағынасы жаңарған, яғни мағынасы ауысқан немесе қосымша мағыналық реңкке ие болған бұрынғы сөздер, сондай-ақ тілде жиі еркін қолданыла бастаған бөгде тілдік сөздер болып табылады», - деп түсіндіреді [1, 333]. Тілдік жаңалықтар лексикалық қабаттарды толықтыратыны белгілі. Бұл қабаттардың жаңаруы тарихи және табиғи құбылыс болып табылады. XXI ғасыр жаһандану заманында бұл үдерістің өзіндік ерекшеленетін тұстары бар.

Соның ішінде, айналамыздағы елеулі серпіліс легін көрсету және жаңасына атау беру қажеттілігі номинация үдерісін белсендіреді. Осы жаңа сөздердің пайда болуына әсер ететін негізгі факторларды төмендегідей бөліп көрсетуге болады:

- экстралингвистикалық (тілден тыс);
- интралингвистикалық (тілішілік).

Экстралингвистикалық факторларға мыналар жатады: қоғамның жай-күйі, қоғамдық сананың мазмұны, қоғамдық қажеттіліктердің деңгейі, жаңа әлеуметтік-экономикалық шындықтың пайда болуы, ғылым мен техника саласындағы жаңалықтар [2], мәдениетаралық коммуникация, жаһандану, ана тілінде сөйлейтіндер шеңберінің тарылуы [3]. Тілден тыс ықпал ететін фактор көбінесе лексикада көрінеді, бірақ оның әсері әр түрлі болуы мүмкін. Бұл дегеніміз экстралингвистикалық күштердің ықпалымен лексикалық өзгерістердің, оның ішінде прогрестік (ілгері, оң) дамудың да, регрестік көріністердің де болып жататын тұстары сол тілді пайдаланған қоғамның өміріндегі әлеуметтік, саяси, мәдени өзгерістерге, тіпті саяси-әлеуметтік дүмпулерге қатысты болып келеді [1,343].

Қазақстан дүниежүзілік қарым-қатынас жасау барысында әлемдік деңгейдегі ірі мемлекеттердің тәжірибесімен, ғылым-білімімен алмасады. Сол арқылы ағылшын, араб, қытай, орыс т.б. тілдерден әр түрлі жаңа сөздерді өз сөздік қорына қабылдады. Жаңа сөздер белсенді түрде қолданылып, англицизм, арабизм секілді терминдерді қалыптастырды.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданысына енген мыңдаған көпшілікке түсінікті халықаралық терминдерді және кірме сөздерді жинақтау өте өзекті және қосымша зерттеуді қажет етеді.

Негізінен жаңа сөздерді жиі кездестіретін салалар экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен қалыптасады. Р.Сыздықова тіл құзырынан тыс факторлар әсер ететін салаларды былайша бөледі:

1. Аударма әдебиет;
2. Термин жасау процесі;
3. Ғылыми-техникалық өзгерістер мен жаңалықтар;
4. Ақпарат құралдары жұмысының кеңеюі;
5. Қоғам өміріндегі саяси, экономикалық, мәдени өзгерістер мен жаңалықтар [1,370].

Қазіргі жаһандану заманында экстралингвистикалық факторлардың әсерінен пайда болып жатқан бірнеше тілдік қабаттарды мынадай лексикалық салаларға топтастыруға болады:



№1-сызба. Жаңа сөздердің пайда болып жатқан салалары.

Осы салалар қоғам үшін жаңа концепт қалыптастырады. Әсіресе, әлеуметтік желілерде, ғаламторда пайда болған көптеген жаңа ұғымдарды кездестіре аламыз. Соның ішінде жаңа сөздер арасында жиі қолданылып жүрген сөздің бірі – *блог*. Бұл *(blog)* сөз ағылшынның *web log* тіркесінен туындаған. Тікелей аударатын болсақ, веб-журнал деген мағынаны білдіреді. Ғалымдар дерегіне сүйенетін болсақ, ағылшындықтар алғаш рет 90-жылдары қолдана бастаған жаңа блог сөзі Bardi тілінен енген түбір, бірақ сол тілдегі мағынасы белгісіз. Блог – адамдар жазбалар жариялайтын веб-сайты, ақпараттар ұсынатын мультимедиясы [4].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қазіргі таңда блог сөзімен қатар жүретін *блогинг, блогосфера, блогер* секілді жаңа сөздермен әлеуметтік желі тұтынушылары жақсы таныс. Ғаламтордың дамуының арқасында жаңа әлеуметтік желілер пайда болды. Жаңа әлеуметтік желінің атауы да жаңа сөз болып қалыптасты. Соның бірі – *Tik Tok*.

Атау тиктоктағы сағаттарға ономатопея және кері санау арқылы минуттық әрекетке арналған термин сияқты. Ал *тиктокер (tiktoker)* – Tik Tok әлеуметтік желісін жүргізуші, танымал адам.

Бұл жаңа сөздің қолданысқа енуіне 2018 жылы пайда болған әлеуметтік желінің тұтынушыларының ішінен белгілі бір адамдардың қысқа бейнежазбалар арқылы таныла бастауы себеп болды. Бұл атау ағылшын тілі үшін жаңа сөз болса, өзге тілдерге кірме сөз. Келесі *стрим (stream)* сөзі – ағылшын тілінен аударғанда ағын деген мағынаны білдіретін, қолданылу аясы кең сөз. Бұл әлеуметтік желіде жүргізілетін тікелей эфир. Сонымен қатар стрим сөзімен бірге *стриминг, стример, трэш стрим* де бірге қолданылады. Стример сөзінің екі түрлі мағынасы бар. Олар:

- тікелей эфир жүргізуші адам;
- магниттік таспадағы деректерді жазу және сақтау құрылғысы [4]. Ағылшын тілінің етістігі мағыналық тұрғыда жандануы арқылы қалыптасқан термин қазақ тілінінің сөздік қорына кірме сөз ретінде енді.

Медианың қарыштап дамуының негізінде белгілі бір маман атаулары қалыптасты. Мысалы, *контентмейкер (Content maker)*. Бұл – *(ағылш. content – мазмұн, maker – жасаушы)* белгілі бір әлеуметтік желі мазмұнын жасаушы, өңдеуші адам. Ағылшын тілінің сөзжасамы арқылы туындаған атау қазақ тіліне кірме сөз ретінде еніп, жаңа ұғым қалыптастырды деп түсінеміз.

Барлығымыз бұл маманды қоғамда блогер көмекшісі ретінде танимыз. Дәл осындай қызмет көрсетушілерді СММ деп те атайды. *SMM* - ағылшын тіліндегі аббревиатура, ол мыналарды білдіреді:

- *System Management Mode* – жүйені басқару режимі;
- *Social media marketing* – әлеуметтік медиа жарнамасы [4].

Келесі жаңа сөз *липсинк (lip sync)* - екі ағылшын сөзінен тұратын сөз. *Lip – ерін және sync – синхронды.* Бұл термин орындаушының ерні түпнұсқа әнге немесе дауысқа синхронды түрде қозғалатын бейнені жазуды білдіреді (мысалы, әншілердің фонограмма астындағы қойылымы) [4]. Линсинк сөзін Tik Tok желісін қолданушылар белсенді түрде қолдана бастады. Өйткені бұл желінің негізгі мазмұны ән және би болып табылады.

Қазақ тілінің сөздік қорындағы жаңа сөздердің көпшілігі – белгілі бір ғылым саласында қолданылып жүрген терминдер. Таза ғылыми терминдер интерсөздер екенін мына мысалдардан байқай аламыз:

1. *Тьютор (tutor)* – латын тілінен аударғанда қорғаушы, қамқоршы деген мағынаны білдіреді. Тьютор деп оқу орнындағы тәрбиеші немесе ғылыми жетекшіні атаймыз [4]. Бұл сөздің қолданылуы негізгі атқаратын қызметіне байланысты. Әсіресе, педагогика ғылымында тьютор сөзі жиі қолданылады.

2. *Депозит (deposit) - лат. depositum «сақтауға берілген зат, депозит».* Бұл дегеніміз – кредиттік мекемелерге сақтау үшін орналастырылатын және оларды енгізген тұлғаға алдын ала келісілген шарттармен қайтарылатын қаржы құралдары [4]. Қазіргі таңда экономика және қаржы саласының ғылыми терминінің қолданылу аясы кеңейіп, кез-келген бизнес саласында алдын-ала берілетін қайтарымсыз немесе қайтарымды ақша ретінде айтылып жүр.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

3. *Сабвуфер (ағылш. Subwoofer)* - ультрадыбысты қоса алғанда, өте төмен жиілікті дыбысты шығаратын вуфер [4]. Жаңа құрылғының атауын тек техникалық маман иелері ғана емес, қарапайым халық та күнделікті тұрмыста қолдана бастады. Көбінесе машинада орналастырылған колонканы сабвуфер деп атайды. Сол арқылы тұрмыс-тіршілікте көріп жүрген техниканың атауы сол қалпында сақталып, интерсөз ретінде сөздігімізге енеді.

4. *Чип (chip) – ағылшын тілінен chip «микросхема, сынық»* деген мағынаны білдіреді. Чип – микропроцессордағы интегралды схемасы бар жартылай өткізгіш кристалл [4]. Ақпарат сақталған, программаланған кішкентай бөлікті чип деп атап жүрміз. Термин ақпараттық технология және информатика саласына жатады.

5. *Код (лат. codex «діңгек, палуба, жазу тақтасы»)* – ақпаратты беруге арналған белгілер жүйесі; кез-келген құрылғыны ашуға немесе кез-келген ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін әріптер мен сандардың құпия жиынтығы; бастапқы мәтінмен бірдей; кез-келген бағдарламалау тіліндегі бағдарлама мәтіні [4]. Осындай бірнеше мағынаны білдіретін код сөзімен бірге *qr код, штрих код, промокод, генетикалық код, код сегменті, код жазу* секілді тіркестер бірге қолданылады. Код сөзімен қазақ тіліндегі құпия, жасырын деген сөздері ассосация құрайды.

6. *Хакер (hacker) – (ағылш. hack – «бұзу»)* информатика саласында әртүрлі заңсыз әрекеттерді жасайтын адам. Ол басқа адамдардың компьютерлік желілеріне рұқсатсыз кіру және олардан ақпарат алу, бағдарламалық өнімдерден қорғауды заңсыз алып тастау және оларды көшіру, компьютерлік вирустарды құру және тарату және т. б. сияқты іс-әрекеттер жасайды [4]. Хакер сөзімен бірге *хакерство, хакнуть* секілді сөздер де қолданылып жүр. Әсіресе, ауызекі сөйлеуде бұзу, заңсыз ақпараттарды алу сынды іс-әрекеттердің орнына айтылады.

7. *Биткойн (bitcoin) – ағылшын тілінен bit+coin => бит+тиын.* Бұл – жүйеде есептеулер үшін пайдаланылатын, эмиссиясы мен айналымы криптографиялық әдістерге негізделген цифрлық валюта. Негізінен биткойн электрондық пирингтік орталықтандырылмаған төлем жүйесі ретінде жұмыс жасайды [4].

8. Бұл сөз экономика және қаржы саласының термині болып табылады. Бит сөзі – ақпараттық технология саласының ғылыми термині. Осы сөзге ағылшын тілінде тиын сөзін қосу арқылы жаңа сөз жасалды.

Мағыналық тұрғыда жаңа атау өзінің қасиеттеріне байланысты құрылған. Осылайша, биткойн ағылшын тілінде ғылыми термин болып қалыптасып, қазақ тілінің сөздік қорына кірме интерсөз ретінде енген.

Көріп отырғанымыздай, бұндай мысалдарды шексіз келтіре беруге болады. Өйткені ғылым өркендеп, жаңа технологиялар пайда болып, ақпараттық цифрлық құралдар дамыған сайын жаңа атаулар мен терминдер көптеген тілдерге ортақ құбылыс ретінде интерсөздерге айналады.

Көбінесе жаңа сөздер ағылшын тілінен еніп жатыр. Атау құруда байырғы ағылшын сөзіне жұрнақтар жалғау арқылы жаңа сөз жасау мағыналық тұрғыда сол тілде сөйлеушілер үшін түсінікті болары анық.

Ал қазақ тілінің сөздік қорына енетін жаңа сөздер мен терминдер англицизм ретінде қалыптасады. Бұл сөздер қазақ танымына жат сөздерден құралғанымен, әлем үшін жаппай енген ғылым мен білім таңсық болмайды. Сол себепті англицизмдер қазақ тілінің сөздік қорына еркін еніп, тілдік қабаттарға когнитивтік-семантикалық тұрғыда тікелей әсер етеді.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 13, 2025)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



№2-сызба. Жаһанданудың қазақ тілінің сөздік қорына әсер ету жолы.

Қазіргі таңда лексикалық қабаттардың жаңаруын ынталандыратын факторлар кешенінде дәлдікке деген ұмтылысты кездестіреміз, әсіресе сөздің қысқалығы немесе ойдың бұлыңғырлығы, атау беруде анықтықтан алшақтау жиі байқалады. Ғалымдар «ана тілінде сөйлейтіндердің сыртқы келбетінде, өмір салтында және әдеттерінде ғана емес, сонымен бірге ақпарат алмасу процесінің тілдік дизайнында да өзгеріс көрінеді», - деп түсіндіреді [5, 54].

Сыртқы факторлардың нәтижесінде тілдің ішкі құрылымында да өзгерістер пайда болады. Бұны интралингвистикалық фактор деп атаймыз.

Интралингвистикалық факторлар тілдің сөзжасам жүйесінің белгілі бір буындарын белсендіреді [3].

Бұл семантикалық құрылым мен стилистикалық байланыстың өзгеруіне қатысты болғандықтан жаңа сөздер басқа тілдерден сөзжасам элементтерін алуға, тілдік үнемдеуге бейім және экспрессивтілік принциптеріне сүйене отырып, тілдік өрнек құралдарының ұқсастығын байқауға болады [3].

Осы орайда Р.Сыздықова: «Тіл- тілдің қай-қайсысында да сыртқы экстралингвистикалық фактор тіл дамуының ішкі заңдылықтарына әсер етіп, ол заңдылықтардың жаңа түрлерін туғызуы немесе барларының кейбірін жандандыруы немесе әлсіретуі мүмкін. Мұны бүгінгі қазақ тілі фактілері жақсы көрсетіп отыр», - дейді [1,381].

Активті түрде қолданылып жүрген жаңа сөздердің құрылымын былайша топтастыруға болады:

- Бөгделік тұрпаты (орфограммасы) сақталған сөздер;
- Үнемдеу заңдылығын ұстанған сөздер.

Бөгделік тұрпаты сақталған сөздер қатарына жоғарыда мысалда келтірілген жаңа сөздердің барлығы жатады. Бұл англицизмдер шартты түрде қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпиясына бағынбайды. Сол себепті *-ер, -ция, -сия, -ия, -изм, -инг,* т.б. жұрнақтар сөз соңында көп кездеседі. Ал арабизмдер әр түрлі жазылу нұсқаларымен беріліп жүр. Мысалы, *маһр – мәһр, никях – никәх, Ин ша Алла – ин ша Аллаһ – Иншаллах, субхан-Аллах – Субханаллла – СубханАллаһ,* т.б.

Ал үнемдеу заңдылығын ұстанған сөздер қысқарған сөздер (аббревиатруа) ретінде кездеседі. Мысалы:

1. *АСМР (Автономная сенсорная меридиональная реакция)* – бұл психологиялық және физиологиялық уайым. АСМР сөзі стресс түсіру, жайлылық сезімін орнату және тезірек ұйқыға кету үшін қаралатын бейнежазба деген мағынада да айтылып жүр. Тіпті осы бейнежазбайларды түсіруші адамды ASMRist деп атайды.

2. *ФИФА (Federation internationale de football association)* – халықаралық футбол федерациясы.

3. *ТТ (Тик Ток)* – әлеуметтік желі атауы.

4. *ПС (Personal Computer game)* – жеке компьютерде ойын процесін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы бағдарлама. Сондай-ақ, аббревиатура арқылы жасалған ойын атаулары да бар.

5. *СМС (Short Message Service)* – ұялы телефон арқылы жіберілетін қысқа жазбалы хабарлама. *ММС (Multimedia Messaging Service)* – ұялы телефон арқылы жіберілетін мультимедиялық хабарлама.

Сонымен қатар қысқартудың басқа да түрлері кездеседі:

№	Атауы	Қысқарған түрі
1	Инстаграм	Инста
2	QR код	QR
3	История	Сторис
4	Мың (төрт мың, екі мың жиырма бір)	К (4К, 2К21)
5	Рекомендации	Рек
6	Веб- сайт	Сайт
7	Телефон нөмері	Тел. нөмері
8	Электронды нұсқасы	Эл. нұсқасы
9	Модификация	Мод
10	Демо нұсқа	Демо/демка
11	Ачивмент	Ачивка

